

ФАЖАЙЫП



ФАБЕН

ҒАЖАЙЫП ҒАБЕҢ

**ҒАБИТ МҰСІРЕТОВКЕ АРНАЛҒАН ЖЫРЛАР
(1950-2011)**

**“TST COMPANY”
баспасы**

**Алматы
2012**

УДК 821.512.122
ББК 84Каз7-5
F 19

Алматы қаласының Мәдениет басқармасы
С. Мұқанов пен F. Мұсіреповтің
мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражай кешені

Кітапты құрастырған, алғы сөзін жазған әрі
жауапты редакторы – Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ

Ражайып Ғабең. F. Мұсіреповке арналған жырлар.
Құраст. Ә. Қайырбеков. – Алматы: "TST Company ",
2012, - 188 б.

ISBN 978-601-7257-45-3

50726

ХХ ғасырдағы қазақ көркемсөз өнерінің аса көрнекті өкілі, үлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің алыптарының бірі, академик-жазушы Ғабит Мұсіреповтің жарқын бейнесі оның өзі жазып қалдырыған шығармалары арқылы біздің жадымызда әрдайым сақталуымен қоса, қазақ ақындарының атақты сөз зергеріне арнаған әралуан өлең-жырлары арқылы да қайта жаңғырады.

Бұл кітапта өлеңмен өрілген, жырмен қашалған Ражайып Ғабең бейнесімен сағына қауышамыз.

ISBN 978-601-7257-45-3
Северо-Казахстанская областная библиотека им. С. МУКАНОВА г. Петропавловск

@Ражайып Ғабең, 2012

АРНАУ СӨЗ

Арнау өлеңдердің жанрлық түрі мен сипаты ерекшеленіп тұратынына әдебиет теориясын зерттеушілер сан мәрте көніл аударған. Әсіреле, белгілі бір тарихи тұлғаларға, халық жадында өшпейтін із қалдырыған ерен қайраткерлерге, қайталанбас құбылыстарға, заманауи оқиғаларға ақындар әр дәүірде айналып соғып отырған. Ақындық алғашқы қадамның өзі арнау өлеңдермен басталатынын аңғарамыз. Анаға, әкеге, туған жерге, алғашқы маҳаббатқа арналған жырлар қашама десенізші. Ал уақыт еләп-екшеп солардың ішінен інжу-маржандарын келер үрпақтың рухани игілігіне жаратуға жұмсайды.

Қазақ әдебиетінің классигі, Еңбек Ері, академик-жазушы Ғабит Мұсіреповтің өмірі мен шығармашылығына қызыға да құрметпен қараған қазақтың ақындар қауымы оның өзгеше бейнесін, сұлу жан әлемін, айшақтың тұлғасын жырмен сомдауға ұдайы атсалысқан. Әрине, ол арнау өлеңдердің бәрі бірдей маржан деуден аулақпыш, бірақ бір ақынның оқыс теңеуі, екінші ақынның сәтті суреттеуі, үшінші ақынның қапысыз сыр ашуы, т. б. оқырманың баурауы мүмкін. Осы орайда, академик Зәки Ахметовтің мына бір пікірі ойға оралады: “Арнау өлең – белгілі бір адамның бейнесін, мінез-сипатын суреттеу мақсатымен жазылған дербес поэзиялық туынды... Бұл үлгідегі өлеңдердің негізгі ерекшелігі – олар жай біреуге құрмет сезімін білдіру үшін арналған өлең емес, сол адамды мінездеуге арналған шығарма”. Яғни, арнау өлеңде портреттік сипат та, мінез қырлары да жан-жақты ашылуы керек.

Бұл талап тұрғысынан қарағанда да Ғабит Мұсіреповке арналған өлеңдердің табиғаты әралуан . Әу баста ізгі көнілден құрмет сезімінен бастау алатын арнау өлеңдердің Ғабенің мінез қырларын, өзіндік келбетін ашуға қосар үлестері де әрқылы. Бұл ретте, әрине, ақынның шеберлігіне сын. Кейде ер сипатын екі ауыз сөзбен түйіп айтуда да болады, кейде белгілі бір кезең аясындағы кейіпкерінің іс-қимыл әрекетінен ойлар өрбиді, кейде тіршіліктің қарбалас сәттеріндегі қайсыбір жақсылығы,

жанашырлығы, қамқорлығы тілге тиек немесе кейде жазушы шығармашылығындағы сәтті ізденістердің тамырын баса өлең шумақтары өріледі.

Сырбаз суреткөр, сыршыл жазушы Ғабит Мұсіреповтің қаламынан жүздеген кейіпкерлерінің әрқылы кескін-келбеті қағазға түсті, сөзбен айшықталды. Сол сияқты қазақ ақындарының ғажайып суреткөр бейнесін жасаудағы ізденістері де оқырмандарын қызықтырады деп ойлаймыз. F. Мұсірепов өзінің № 344 қойын дәптерінде мынадай қызық тұжырым жасайды: "...адамның ой-көңіл, ниет портреті жүзінде. Түгел жүзінде. Адамның жүзі сұрланып кететін, қызарып кететін, қоңырайып кететін, бозарып кететін, жадырап кететін кездері болады. Осының себебі неде? – Көңіл құбылысында, ойлау өзгерісінде. Олай болса, адам ойының, ниет-пейілінің дәл осы сәттердегі дәл портреті жүзінде. Адамның бет терісі миы жасалған материядан жасалса керек. Сондықтан миына (ойна, сезіміне, көңіліне) келгені қолма-қол бетке шыға келеді. Кейір адамның жүзі қарамен таңбаланып қалады, кетпейді. Сондықтан, мен адам ойының портреті жүзінде дегім келеді". Бұл – жазушының кейіпкер бейнесін қалай жасау керектігі жөнінде өзі түйген байлам, өзі тоқтаған шешім. Ал жазушының жан-дүниесі оның жазған дүниелері арқылы да ашылады емес пе. Ендеше, ақындардың Ғабит Мұсіреповтің көркем бейнесін жасауға әр қырынан келуін құптаймыз. Ғабеңнің жүз жылдық мерейтойы қарсаңында өткізілген мұшайра да жемісті болды. Ал осынау арнау өлеңдердің бәрінің басын біріктіргендегі, бір кітапқа сыйғызғандағы мақсат – ғажайып Ғабеңді әр қырынан көргісі, білгісі, танығысы келетін қарапайым оқырмандарға онтайлы тұстан қол ұшын беру, F.Мұсіреповтің шығармаларымен жақсы таныс кітапқұмар қауымға қосымша көмек көрсету, арнау өлеңдер арқалаған жүктің де женіл емес екендігін аңғарту.

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ,
С.Мұқанов пен F.Мұсіреповтің мемлекеттік әдеби-
мемориалдық мұражай кешенінің директоры,
филология ғылымдарының кандидаты.

1950 – 1959

Әбу СӘРСЕҢБАЕВ

ВАГОНДАҒЫ БИ (Ғабит Мұсіреповке)

Жолдама тәскі қалтада,
Келеміз заулай әндетіп.
Біздермен бірге Арқаға
Барады батыл ән көшіп.

Қозғайды сезім ырғағын
Гармонь мен біздің домбыра,
Келеді тынбай жырлағым,
Жаңғырысын сыры мол Нұра.

“Сарыарқа” кенет күмбірлеп,
Вагонда толқып би көшті.
Шақырдым биге жүр-жүрлеп,
Тұлымы толқын бикешті.

Қыз “Оянған өлкенің”
Бетіне үнсіз үңілген .
“Керек емес селтеңің,
Билемеймін бүгін мен...”

Кешегі бір ерлікті
Тұрің бар тастап, шаршаған.
Гүл ұсынған “көздікті”
Шығарсың мүмкін аңсаған.

Болар ма соның керегі,
Күтелік алдан үмітті.
Қыыннан қашар немені
Ұмытшы, құрбым, ұмытшы!

Оқырмын кейін, төзіңіз,
Романның бетін қой ашып.
Барамыз ғой өзіміз
Сол өлкені оятып.

Айтпақшы, осы ағамыз
Алмақшы қоныс Нұрадан.
Жас шағын жалғап барамыз,
Жаз, дейміз жаңа роман.

Күлкіге ойын жеңдіріп,
Ұсынды бикеш білегін.
Әкеттім белден мен де іліп,
Кеудемді қағып жүргегім.

Нұр сәуле толқып төгілген
Ұзадық билеп Нұрадан.
Ғабеке, қыздың көзінен,
Оқыр ең отты роман...

Би үстінде аңдап сыр,
Күледі нәзік, қыз маған.
“Көздікті” жігіт аулақ жүр,
Қызды мен енді қызғанам.

1954 ж.

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ

ӨЗІҢ ҚАНАТ ҚАҚТЫРДЫҢ

Ел жаңа түскен шақта түзу жолға,
Ту тіккен жас астана Қызылорда!
Қатпаған қауырсыны көгілдірдей,
Жас еді ұлың менен қызың онда.

Жасынан көкірегінде оты жанған,
Көкейге ел мұратын тоқып алған.

Бір балаң заңғарыңа түлек жырды,
Ұшырған өз ұясы Елтінжалдан .

Сен одан мархабатын аямаған,
Сен оны алақанда аялаған.
Қосыпсың жайсандардың жасағына,
Ол бүгін аян саған, аян маған.

Куә ғой бүл сөзіме тарих – ана,
Сол жайсаң алдыңда түр – Ғабит аға.
Әр әке өзіңе ұқсап ұл өсірсін
Атыңнан айналайын, халық – дана.
1958 ж.

Әбдікәрім ОҢАЛБАЕВ

МҮСІРЕПОВ ҒАБИТКЕ
(Сайлаушылар жиналышында)

Асыл, абзал азығы адам жанының –
Жарқылдаған жүректе ыстық жалының.
Білемін мен жүрт көнілін жылдытың,
Маздатып мол ойдың өршіл жалынын .

Жырға бөлеп Отан даңқын, жанды атың,
Ой тастадың әр қиялды алға тың.
Қан майданда жауынгерге дем берді,
Жаны жарқын сенің “Қазақ солдатың”.

Арпалыста берсе жігер женіске,
Бүгін бейбіт етек-жені кең істе.
Жүр ол жойқын ерлік күшін көрсетіп,
Өндірісте, малшы ауылында, егісте.

“Өлкен сенің қатты үйқыдан оянған”,
Ұлы көсем ақылынан ой алған.
Тасқындаатты миллиардтар бұлағын,
Осы еді ғой аңсаған зор ой-арман.

Солмас ешбір, мәңгі көктеп-көгерер,
Елдің құрмет-сыйына мол бөлеңер.
Жақсы ойыңың тәтті асыл жемісін,
Жұрт алдына жомарттықпен төге бер.

Бойында бар ақыл-ойдың тасқыны,
Өз халқыңың от қанатты жақсы үні,
Даусым саған, сен арқылы еліме,
Өз халқымның мақтан етер жақсы ұлы.

Қанат қаққан өмірдің әр шыңына,
Берсем дауыс елдің жақсы ұлына.
Дарқан, асыл дауысымды бергенмін,
Өскен халық өлеңіне, жырына.

Мендік емес, бүкіл елдік мендегі үн,
“Ел!” деп жырлап, “ел!” деп құлаш сермедім.
Ел қалаған дауыс берсем Ғабитке,
Пария үшін, Отан үшін бергенім.

Ғабит, саған бір аманат жүректен,
Өзінді өршіл қыран етіп түлеткен –
Сүй халқынды, қызмет ет аянбай,
Көңіліңе күй, жүргегіңе жыр еккен.

Көргенде елдің қарапайым адамын,
Малшыларын, егіншісін даланың,
Биіксініп балай көрме бойынды,
Жазғы құндей жайнай түссін қабағың.

“Ұлық болсаң, онан сайын кішік бол”.
Ықыласың тұрсын жұртқа түсіп мол.
Дастархан ғып жай алдыңа жанынды,
Жылы амандас жүргегіңмен, қысып қол.

Ту ғып үстап сүйген халық арманын,
Жүргегіңе жүргегімді жалғадым.
Халық қалап сүйген досым, Ғабитым,
Мен де қалап, жырымды осы арнадым.

АҚЫН ШАТТЫҒЫ

Білемін, жағындың деп “досым” сөгер.
Құр күнкіл бір бықсыр да сосын сөнер.
Қайтейін, шалқып-тасып, мол қуаныш
Жанымды жарқыратса осынша егер.

Жасырам осынымды, бұл тағы айып,
Жайсанға жақсы сөзді бұлдамайық.
Қазақтың қашаннан-ақ айтары бар,
Қалаулы халқы сүйген ұлға лайық.

Санаман сый-сыйпатын өзге үлгілі,
Майталман ол әуелі сөз дүлдүлі.
Ескендей ұшқыр қалам екпінінен
Оянған өлкедегі мезгіл үні.

Осынау үн қасымыздан күнде естілген,
Алғысын айтып елдің мұддесі мен,
Саңқылдар сұлу сырлы сөз боп тасып
Советтің ең жоғарғы мінбесінен.

1958 ж.

Магирад САРИКОВА

ҒАБИТ АҒАҒА

Өмірдің мен өтпеген өткелдерін
Келтірді көз алдыма отты өрнегің.
Жастай-ақ жалынды ыстық сөздеріңмен,
Жанымды жылтытың да көп тербедің.

Құмартып оқи бердім, көз алмадым,
Ой кеңіп, айқындалды тез алдағым.
Жақындалап келе берді, келе берді,
Елестеп еліктеген өз арманым.

Әмірдің сездім-дағы өскеленін,
Арманның аялттым тәске лебін .
Күн сайын әр сөзіңнен тұрушы еді,
Естіліп “өс, өренім, өс!” деген үн .

Бөлеген тәтті сезім бар адамды,
Менің де жас жаныма тараған-ды.
Арапал көрмесем де кең өлкесін,
Таныс-ақ болды маған Қарағанды.

Сүйсініп жас та оқыды, қарт та оқыды,
Ардақты Ақан сері – Ақтоқтыны.
Еске алып Ақ Баянды, Қыз Жібекті,
Аяды, елжіреді, көп толқыды.

Сүйеді ел өзінің мақтанышын,
Жырымен жүргегіне жаққаны үшін .
Ғабене салтанатты бүл сайлауда,
Арналды менің тұнғыш шат дауысым...

1958 ж.

Қуандық ШАҢҒЫТБАЕВ

ТҮРКІСТАН
(Ғабит Мұсіреповке)

Шаң.
Шаң. Шаң...
Көрінбейді айнала,
Көрінбейді сайын, сақи бай дала.
Көрінбейді Қаратаудың сілемі,
Көрінбейді таудың торқа кілемі.

Шаң.
Ұлпа шаң.
Ұнтақ шаң.
Қаратпайды
Көзімді ашсам,
Терлей берем

Бетім бассам.
Шағырайып тас төбеден күн шыжып,
Уң, шаң-ай, шаң!

Кейде шаң серпілсе,
Ақ желегін желпіп ыстық жел түрсе,
Жалпақ дүзде
Тәнірідей бол бір езі,
Мұнарасын нұрга бөлеп күн көзі,
Көрінеді қиыр шеттен
Әзірет Сұлтан күмбезі.

Әзірет Сұлтан,
Әзірет Сұлтан!..
Көрсем ғажап келбетінді,
Болам аң-тан.
Әр тасынның бояуына тұнып түр қан.
Сүйді сенің күмбезінді
Қанша мың таң!
Қурап бітті тәңірегінде
Қанша мың тән!

Әзірет Сұлтан,
Әзірет Сұлтан!..
Төңірегінде сансызың түяқ
дүбірлеп,
Жатты-ау бір кез
Жер қайысып дірілдеп.
Талай қыршың
Саған қарап, телміріп,
Өлген шығар күбірлеп...

Әзірет Сұлтан!
Өтті сенің өр даңқың.
Кетті тарап төңірегіңе толған түн .
Көшті, көшті заманаулар кемесі.
Тек шаң қалды –
Ескі кездің елесі.
Ей, Түркістан!

Енді сенің
Әрбір топырағың асыл,
Шаң басқан шалқар атырабың асыл .
Гүліңді құшып сүйгім келеді,
Күніңде жатып күйгім келеді.
Сенің ғажайып сәулетіңді сүйдім,
Дарқан дәулетіңді сүйдім.

Сапар шалғай, жол алыс,
Ақынға жоқ ешуақытта демалыс.
Сау бол, Түркістан!
Жанға дауа құніңнің
Жалқыны сау болсын,
Жұлдызды тұніңнің
Салқыны сау болсын!
Гүліңе тұнған
Қырмызың сау болсын,
Мейірбан ұл-қызың сау болсын!
Сау бол, елің жомарт,
Жерің аbat, Түркістан!
Сау бол, гүл құшқан Түркістан,
Ей, нұр құшқан Түркістан!

1959 ж.

1960-1969

Сырбай МӘУЛЕНОВ

ҚАРАТАУ
(Ғабит Мұсіреповке)

“Басынан Қаратадың көш келеді...”
Осы еді ата-баба ескі өлеңі,
Жатталып көне дала көкірегінде
Осы өлең жылдармен бір көшкен еді.

Қалпына қарапайым қарамастан,
Қаныма қалған үйіп бала жастан .
Тұратын көз алдында көлеңкедей,
Қаратая қанды жаңыр, қаралы аспан .

Даланың дал-дүл болып омырауы,
Ел босып боз інгендей анырады.
Ақтабан шұбырынды Алқакөлде
Шайқалды қазақ ата шаңырағы...

Қаратая, шығып кеше асқарыңа,
Қарадым бүлтсыз мөлдір аспаныңа.
Енді сен қамкөңіл қария емес,
Ұқсайсың өз еліңің жас шағына.

Қарасам түнде қалың ормандайсың,
Ал қүндіз киіз үй боп қонғандайсың,
Құйылған қорғасыннан құрыш қамал,
Енді сен жау ала алмас қорғандайсың.
1961 ж.

Сапарғали БЕГАЛИН

ӘДЕБИЕТ ТӨРІНДЕ

Алпысқа келдің, Ғабит, еркін басып,
Қарттыққа емес едің онша асық.
Жалынды жастық өмір әр белесін
Бабымен өткізіп ең жайнап тасып.

Бұл жолда талай құдір қия беттен,
Сыр бермей майталманым сырғып өткен,
Жас өрлөп, табылса да жасаған жыл,
“Қарттыққа, қажыр қайтып, тағзым етпен”.

Дейтүғын ішкі жігер маған мәлім,
Бос ойлар жан емеспін білмей әлін,
Бойдағы өсіп толған шебер ойдың,
Төгетін кезіңдесің асыл нәрін .

Алдында ең асыл ой алғыр талант,
Шебер тіл теңіз ойға қақтып қанат.
Оянды өлкен бүгін, өркен жетті,
“Қайда деп, Ғабит аға” тұр ғой қарап.

Қандыра күткен қауым ой құмарын,
Шыңдалған көркем сөздің ойда барын,
Теріне әдебиет тәкші сырлап,
Жосылып жатсын ғажап әсем сарын .

Орнықты омырауыңа ұлсы бейнө,
Жаразты қемал жасқа зейнет-зейнө.
Елеулі еңбегің мен алған жұлден,
Келісті, құтты болсын, так, мереіле!

1962 ж.

Есдәulet ҚАНДЕКОВ

АЛПЫС ТҮГІЛ ЖҰЗГЕ ЖЕТ!

Мерекең құтты болсын, Ғабит інім,
Топ жарып, той бастайтын келді құнім.
Сыяды мақтауыма қалай айтсам,
Еңбекшіл, ер азамат, елдің ұлын .

Ойласам, кім жетпейді алпыс жасқа,
Әркімнің әр нәрседе орны басқа.
Жұзге жасы келсе де, ешкім білмей,
Талайлар құр қол болып кетті босқа.

Советтің шын ұлсының өзі оқытқан,
Қырансың жер шарына қанат қаққан .
Жолынан Лениннің адаспаған
Ақ ниет ааматсың бала шақтан .

Білімнен сусын қанып шарбат іштің,
Мінсіз сөз шеберлікпен талай піштің.
Қарағым, алпыс түгіл жүз жасқа жет,
Жаңа өмір – коммунистік жолға түстің.

ШАШУ

Толқындај бейнә зал іші,
Қаншама жастар жиналған!
Дарынға мұның бәрісі
Гүл ме деп қалдым сыйланған .

Осы ғой, Ғабе, аяулың,
Бәрі де сенің өз ұлың –
Сіңлісі ҫұлу Баянның,
Інісі өркө Қозының.

Алпыстың тұрсың өрінде
Арқалап жүгін ғасырдың.
Бірақ та, Ғабе, көңілде
Қарттықты сенен жасырдым.

Ғабеке, сендей нар ұлың
Айнытпай өлем таниды-ақ.
Өзінің ұлы дарының
Силапты дархан табиғат.

Жыр жаздым, міне сол үшін,
Балауса жігіт шағында.
Алда да, Ғабе, мол ісің,
Қарттық жоқ әсте дарынға!

1962 ж.

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

МҰНАРА ТУРАЛЫ ОЙ

(Ғабит Мұсіреповке)

Түркістанның аспанында тұңғиық
Жерге балқып түсетіндей құн қүйіп.
Сардалада ыстық сағым көтерген
Хожа Ахмет мұнарасы тым биік.

О, мұнара, ой саласың сен маған,
Ұлы ескерткіш әлдеқашан орнаған .
Қайран өнер, қайталаңбас шын өнер
Ғасырлардың қанатында самғаған .

Сенен үшқыр, сенен мәңгі кім болмақ,
Тұрсың асқақ көз сиқырлап, ой арбап.
Бұл дағаға құдіретті таланттар
Талай келіп-кеткендігін баяндал.

Адамдар көп талпынатын жоқты іздеп,
Өнбес іспен өз өмірін өткізбек.
Өкінеді ол “өнөрпаздың аты мен
Бояуының түрін тапқан жоқпыш!” деп.

Табылар ма жердегі жоқ ғарыштан,
Оралар ма жайлауына жан үшқан .
Таптырар ма, тағы қайта келер ме
Бір-ақ туып, бір-ақ өлген данышпан!

Тұрмын бұл сәт өзіме өзім өкпелеп,
Мен мезгілді тоқтата алман өтпе деп.
Сендей ғажап мұнараның кірпіші
Болу үшін қанша қайрат, от керек!

Жолдар, жолдар, көп ашылған жол алдан,
Бәрі саған, бәрі сүйіп оралған .
Мұнаралар, мұнаралар жердегі
Бір кірпішің болсам менде жоқ арман!

1964 ж.

Кенен ӘЗІРБАЕВ

ҒАБИТКЕ

Келдің бе Москвадан, кербез інім,
Кең пейіл, терең ойлы, бір сөзді інім.
Арнайы шақырғаным, қонаққа кел,
Ойымда боп жүресің әр кезде, інім.

50726

Болысқан біздерге іні, жастарға аға,
Партия, халқың берді әділ баға.
Төрт тіреу әдебиетте атанып ен,
Мерт болып Мұхтар кетті, амал бар ма!?

Тұлпардың бір аяғы сынғандай бол,
Сұңқардың оң қанатын жүлғандай бол,
Айрылдық, арамыздан кетті Мұхтар,
Ай маңдай, айна көзін жұмғандай бол.

Ғабиден мен Ғабитсің атың үйқас,
Әрі дос, әрі құрдас, әрі жолдас.
Қаламдаст қайраткерлер халық сүйген,
Қарасып, қадіріңмен енді сыйлас.

Болса тең жеккет, құрдас, айнымас дос,
Селеудей кейбір жолдас тамыры бос.
Заманда әділ, шындық, ақ ниетпен,
Жүріндер, құліп-ойнап көнілің қош.

Үш інім қонаққа кел, жұбайыңмен,
Алдыңнан құшақ жая шығайын мен .
Келетін жас көктемді қарсы алғандай,
Қарсы алып домбырамды бұрайын мен .

1965 ж.

Ефим ЗОРЯ

ҒАБИТ МҰСІРЕПОВКЕ

Ол нағыз ер сегіз қырлы, бір сырлы,
Сыбызыңдай сыр үқтырған мың тұрлі.
Оятады қалғып кеткен сезімді,
Небір ғажап сөздерімен сиқырлы.

Оқи қалсаң сен “Оянған өлкесін”,
Кезеңдегі бол кең өлкенің өр төсін,

Шабыт құсы қөңілінде шарықтап,
Өмір жайлы өзің де күй шертесің.

Аударған Ш.Мұхамеджанов.
1966 ж.

1970-1979

Дихан ӘБІЛЕВ

ШЕРУ ТАРТЫП БІР КЕЛЕМІЗ

Ғабе! Сіздің жетпіске келмей наңым,
Сонау жастық шағыңа барлау салдым.
Барлап-барлап, бұлдіршін күніндегі
Жыл іздерін жоталап қайта оралдым.

Таптым сонда: өмірге құштар адам,
Жас үні жалған дауыс ұстанбаған .
Көркем ойдың жылқұсы көктемінде-ак,
Өзінен өзгелерге ұқсамаған .

Содан бері қаншама өтті жылдар,
Содан бері сіз жазған қанша сыр бар.
Әрқайсының өрнегі бір алуан,
Әрқайсында алынған бір-бір шың бар.

Іні өспек ағасына қарай-қарай,
Үлкендігін сататын бар ғой...талай...
Өнегелі ағаны “Аға!” дейміз,
Өнегесіз жасы үлкен... жәй бір ағай.

Аға деп әуел бастан саған сенгем,
Үлкендік ойың жомарт, сөзің мерген .
Қаламым асау тайдай мұлт басқанда
Қаталдығың өзінен қайырым сезгем.

Ақ бұлтта ақ түйғындаі көсілетін,
Арманын туған елдің өсіретін
Ардағы, Азаматы кең даланың,
Жөні жоқ жылдар саған “өшігетін”.

Жасымыз, кәріміз бар – бір кемеміз,
Бақыт қой, шеру тартып бір келеміз.
Ғабенен қарттық белгі таба алмайсың,
Ғабенен қарттық мінез іздеменіз!

1972 ж.

Фали ОРМАНОВ

ҒАБЕҢЕ

Тәңкөрілген еті ауыр жетпіс жасқа,
Талайлар келді, Ғабе, сізден басқа.
Жетпісінде жігіттік мұсіні бар,
Сымбатыңыз сүйкімді қас пен досқа.

Қалпыңыз бар таразы қаршығадай,
Қалың етін қайырып аршығандай.
Және жібек мінезді сақтағансыз,
Терің тар шалдарша қалышылдамай.

Ғабе, қазір тұрғанда сол мұсінмен,
Сіз бір талмас қырансыз өрісі кең.
Өзінізге қызықты өмір жолы,
Бақыт таба берініз жер үстінен!

1972 ж.

Жарасбай НҰРҚАНОВ

ҒАЖАП АДАМ

Үстінде қылау тұрмас қылап кісі,
Қашанда қалыбында бипаз ғана.
Ұнатып, келсе өзінің ұнатқысы,
Көзіне іле бермес жиһазды ана.

Сырдай ғып сирек айтар көміл ойын,
Оған жат өсек, ғайбат, сырттан егес.
Түсірмей ғұмырда өз абыронын,
Басқаның бетін бекер жыртқан емес.

“Ру” деп ұрындырып, жұлқыстырмай,
Сипатын сынай сүйген ұлтымыздың.
Астарлы сөз орамы күміс қындай,
Ұстайды лыптылдатып құлкі жүзін .

Паң тартып небір дәйге мойын бұрмай,
Дұмбілез, даңғойларға қабақ бермес.
Сезді екең селт еткізер ойын қылдай, –
Жассынып, жатсынбайды талапкерді еш.

Сақтантып салақтықтан, халтурадан,
Қояды әлсін-әлсін пікір толғап.
Ашынып айтқанда сын ал турадан,
Сезесің темір қысқыш, кірпі қолғап.

Өнердің шыңын алған үлкен шынар,
Ұната бермес әрі мақтағанды.
Той былай, толғанып ол жүрген шығар,
Рәсім, тәртібіне мәттағам-ды.

Ту етіп туған жүрттың ар -намысын,
Әр сөзді жанын қинап жазар әман .
Даланың дара біткен ардағы шың,
Біздің бүл Ғабен деген – ғажап адам.

1972 ж.

Гаянә АДАМБАЕВА
ҒАБЕНЕ

О, Ғабе, асқар белдей дарынды аға,
Еліңе аямадың барыңды, аға.
Қартаймаңыз жаныңыз жас бол мәңгі
Жетпіске келген мынау шағында да.

Өнердің асқақ қарап кіл шынында,
Халқымның қалаулы ұлы тұрсың мына.
Әр уақыт қастерлейміз еңбегінді,
Жалынды сөзің жанға, нұр шүғыла.
“Оянған өлкे” менен “Қызы Жібекің”,
Жаныма құйды сезім, ізгі лебін .
Жасай бер, жақсы аға, және жетпіс,
Құрметпен құттықтайды Сізді елің.

1972 ж.

Ақылбек МАНАБАЕВ

ӘСЕМДЕП МӘҢГІЛІККЕ СОҚТЫҢ САРАЙ

Тулатып толқындарды тасқындаған,
Шынына шеберліктің бастың қадам.
Соқпағын аша берді алдыңыздан,
Соны ойлар ешкімге жон бастырмаған .
Сермендің ту биікке құлашыңды,
Қыранға самғау ғана ұласымды.
Халқымнан айналайын аялаған,
Түлетіп өзіңіздей шын асылды.
Терендік мұхитына бойлап батып,
Өнердің өрісіне ой қаптатып,
Даңқтың тұғырына бет қойдыңыз,
Шабыттың шаңқан бозын ойнақтатып.
Жыл жылжып, айлар-дағы алмасты көп,
Әз аға атандыңыз – алғашқы лек.
“Күсен” мен “Қос шалқарлар” шалқи ағып,
“Оянған өлкелерге” жалғасты кеп.
Кектенсек Қодарларға мұз жүректі,
Ақаннан аңғарамыз ізгі лепті.
Ақкуы ададықтың деп білеміз,
Көркемдік көгіндегі Қызы Жібекті.
Қиналдың, қиялардан өттің талай,
(Ер жүрек, жалынды әке – отты үрпақ-ай)
Зергердей тілдің ғажап өрнегімен,

Әсемдеп мәңгілікке соқтың сарай.
Ақылға зәру албырт кезіміз ғой,
Жатады жанашырлық сөзіңізде ой.
Біз нұтқен бақыты зор жастар едік,
Байсалды ағасы бар өзініздей.

1972 ж.

Момын ӘШІРБЕКОВ

АРДАҚТЫ ІНІМ ҒАБИТКЕ

Арналған бүл құттықтау, інім, саған,
Ардақты қадірімен білінсе адам,
Қазақтың мәдениет майданында,
Кісі едің қатты қайрат, күш жұмсаған .
Қашанда ер жасы ғой жетпіс деген,
Еңбегің бәріне аян елге істеген,
Бір бөлек ағалығың тағы да бар,
Көп жанның қисық ісін тегістеген .
Ардақтап отыр бүгін халық сені,
Өнердің бойындағы шалқып селі,
Тірілді қаламыңнан қайта туып,
Қызы Жібек, Қозы-Көрпеш, Ақан Сері.
Таланттың асау толқын, қалың ағын,
Қолыңа қазынаның бәрін алдың.
Кешегі Мұхтарменен тізелесіп,
Көтердің театрдың шаңырағын .
Қасиетті Қарағанды риза саған,
Өмірін бердің шертіл ол жасаған,
Өнердің болдырмайтын жүйрігісің
Еліне Құлагердей олжа салған .
Әңгіме сан хикая, сұлу сымбат,
Қазақтың ер тұлғасын соқтың сомдал,
Жарқырап жас жігіттей жүрсің қазір
Партия, үкіметің, елің қолдан.
Ал міне келіп тұрсың ер жасыңа,
Армансыз аялаган ел қасында.
Халықты өзіндей-ақ жақсы көріп,
Сыйласа өзіндей-ақ сыйласын да.

СӨЗ ЗЕРГЕРІ

Қиянат ордасы бол байтақ далам,
Кез болты ел намысын бай таптаған .
Қайғыдан табиғаттың өні сынық,
Абыржып адам жаны жай таппаған .

Жұтумен жан өртеген күйік демін,
Азалы күйкі өмір сүріпті елім.
Ал сондай қасіретті күн өткенін,
Мына мен бұла өскен біліп пе едім.

Жас жуып көздер қанмен боялғанын
Ақыры дархан өлкем ояңғанын,
Ғабеке, шежіре бол жыр еттің сен,
Жұргенде шалқып тасып ой – арманым.

Өзгерді қайта түлеп өнір бүгін,
Тым биік сенің өткен өрің бүгін .
Алдыымда асқар тауым өзің болып,
Келесің көтересің өмір жұғін .

1972 ж.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

ІНІЛІК ІЛТИПАТ (Фабит Мұсіреповке)

Бала ойнын ойнап бітпей жұргенде,
Жастық тойын тойлап бітпей жұргенде.
Өнөр сені өрге бастап әкетті,
Үлкен кісі бола қалдың бір демде.

Сол күннен-ақ сені ерекше сүйді елің,
Кекірегіңнен көрген емес күй кеміп.
Кездейсоқ бір ұшырассақ өзіңмен,
Біз тұрамыз жас келіндей именіп.

Айтпағанда арғысы мен бергісін,
Біз сақтаймыз кішіліктің белгісін,
Өз әкесін көре қалса жетім үл,
Бірден барып құшақтайды дермісің.

Сол әкедей көрінесің әрқайда,
Айтқызбай-ақ түсінесің бар жайға.
Бір үлкеннен жасқанбаса үйінде,
Балдай бала бақытсыз боп қалмай ма.

Жолдар өлі шақырады тым алыс,
Сол сапарда саған ылғи бүрады іш.
Бас бәйгені шаппай алар құлагер,
Арамызда бар болғаны қуаныш.

Сенде жыр көп біз түсініп, біз үқпақ,
Ел жүргегі – жазғы теңіз, жүзіп бақ.
Саған қарап көзіміз де толады,
Алатауды тұрған жандай қызықтап.

Сенің жаның наизағаймен көрші еді,
Жылдар ма еken өмірдің дәл өлшемі.
Кім жастығын жоғалтпаса тірідей,
Шамшырақ қып ұстар болар ол сені.

Ел алдында асқақ тұлғаң зорайып,
Бара жатыр мерей, даңқың молайып.
Сені көрген бүл көзіміз бақытты,
Ал өзіміз қайдан жетім болайық.

1972 ж.

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ

ҰСТАЗ

Дегендей бір өзің тап, өзің ізден!
Аға ақылын оқымын көзіңізден .
Талай қазақ келеді сөзге алдырмай,
Көкжалдықты үйреніп өзіңізден .

Жабы мінген желбуаэ езіңізден
Нағыз жүйрік қарасын озып үзген .
Талай қазақ бәйгенің алдында жүр,
Тұлпарлықты үйреніп өзіңізден .

Үміт күтер ағаның кезі бізден,
Біз шалқымыз шабыт ап сөзіңізден .
Талай қазақ қияға үя салған,
Қырандықты үйреніп өзіңізден .

Алтын іздел көмекі жезімізден,
Қошқар күтіп момақан қозы бізден .
Талай қазақ жетпісте жалындал жүр,
Жігіттікті үйреніп өзіңізден!..

1972 ж.

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА

АҚ ТІЛЕК

Мен жас едім,
албырт көnlім теніз боп тыншымаған,
(теніздей тебіренбекен құрсын адам!)
Қанат қаққанда ақбуырыл айдын төсінде
Дауылпаздарға қол соқпай кім шыдаған!..

Мен жүрем Сізді
сан сәйгүлікке жеткізбес тұлпарға жорып.
Қазақтың аспанындағы сұнқардай көріп.
Жердегі пысықтарға пысқырмай жүрсіз
Қыран жырларымен
көз жетпес шырқауға қонып.

Мен сенбеймін –
Сіздегі дарын бұлағы сарқылар дегенге,
Махабbat оты суыр деп халқына дегенде.
Жасай бер, аға, қашан да қыранша самғап,
Өзінді сүйген еліңнің данқына бөлөн де!

1972 ж.

ЖАҚСЫ АҒАЛАР
(Ғабит Мұсіреповке)

Жақсы аға,

сүйегі асыл, ерен мықты,
Сүйсінген сымбатыңа көрем жүртты.
Алатай асқарындаі айбыныңнан
Пендешилік атаулы төмен бұқты.

Көз салсам, сонау асқақ биқтерге,
Көңілім өсіп, сүйрейді үміт төрге.
Көтеріп уақыт жүгін, бел қайыспай,
Қандай қыын жан болу сүйікті елге.

Дей алмас ешкім маған: “қата мұның”,
Ойы осы менің құрбы-қатарымның.
Қандай қыын

теңесу жақсы ағаға,
Қандай қыын жақсы іні атануың.

Тағдырың құріндірмес орларына,
Жақсы ағалар –

кейінгі қорғаны да.
Келмесе қолтығыңнан демеу қолдан,
Етегінен тартпасақ болғаны да.

Сыйласа қадірінді халық біліп,
Жұрсіндер сендер де оны таныттырып.
Көтеріп ел мерейін келесіндер,
Өнердің өрелі отын жағып тұрып.

Үлкендер үлгі ұсынса жазбай жұбын,
Біз бе екен лапылдалап бір жанбайтұғын?
Тұрғанда өздеріндей

жақсы ағалар,
Жаман іні болу да қандай қыын?!

1972 ж.

ШЕБЕР

Менде бір сезім бар,
аңғарам –
Шеберді беріліп сүйетін .
Құдіреттің ісіне таңданам –
Болатты, еменді иетін .

Халықта даналық ой толы,
Тайсалмай тартады сынын да.
Шешеннің, шебердің жүрегі,
Ортақ деп айтатын бұрын да.

Дарынның қатайтар қанатын,
Біздің жер бір ғажап жаз екен!
Ойымен өрнегін салатын,
Шебердің нақ бірі Ғабекен.

Сонау бір түнеген жылдағы,
Өлкеге ойынды бұрғызды.
Сарбазын көтерген қырдағы,
Батырға ескерткіш тұрғызды.

Шеберді сыйлаймын шынымен,
Шеберлік – сирек бақ, өшпес сыр.
Тілеймін құттықтап, жырыммен,
Жаса, деп тағы бір жетпіс жыл .

1972 ж.

Адам МЕКЕБАЕВ

ШУАҚ

Наркескен жүзі майрылып,
Намыстан жандар оққа үшқан .
Қанаты ердің қайрылып,
Балауса гүлдер от құшқан .

Заманда туған ағасың,
Запыран удан дәм татқан .
Зарыққан қазақ баласын,
Шындықпен кейде тамсантқан .

Мандайдан меруерт төгіліп,
Жүректі үнсіз тілшелеп,
Кітаптар жаздың егіліп,
Көп жайды елім білсе деп.

Кетпеу де керек тайғанап,
Жетерлік сыр бар сырласса.
Өзекті өртер жай да көп,
Ойлы жан кешер мұң басқа.

Ойланбау күнә бүл күнде,
Ойлының жолы қыын-ды.
Көктейтін енді бүрдің де,
Шуақпен шығар түйіні.

Сен де бір, аға, шуақсың,
Жүретін жүрсе қайда арман .
Кең дала құйған қуаттың,
Күшімен нұрға айналған .

Кездірсе түнде қылыш арман,
Толғантып таңдар атыпты.
Болашақ үрпақ қиналған
Әкелөр үшін бақытты.

1972 ж.

Қази ДАНАБАЕВ
ТОЙ КҮНГІ СӨЗ

Жетпіс жас! Жүзінде – мына белес.
(Уақыт әжім салса кінәлі емес)
Ғабекен қартаю ма, көңілі әлі,
“Тулаған толқындардай” тынар емес.

Қуат бар тіліңізде от алатын,
Қалың жұрт құрмет тұтып атар атын.
Халқыңың сізге деген ықыласы –
Жібек пен Төлөгеннің махаббаты.

Нәрлөнсе шешен тілмен боялды да ой,
Ұйықтаған ару өлкө оянды ғой.
Қызыл тіл құдіретімен ортамызға,
Қозы мен Баян, міне, оралды ғой.

Құса бол өткен бір кез жанды бүгін,
Шығардың сахнаға жанды қылып.
Қазақтың даласында Ақан даусы,
Әлі де үзілмей түр жаңғырығып.

Көнілде толғадым да көпке ұсындым,
Халқыңды өзгеден де көп түсіндің.
Нық басып биігіне бір-ақ шықтың,
Ғабеке! Жеткізбейтін жетпісіңнің.

Мәре – алыс, халқың үшін – бағытыңыз,
Дарынның қайнар көзін ағытыңыз.
Деніңіз сау, тойыңыз тойға ұласып,
Шарықтап шалқи берсін шабытыңыз!

1972 ж.

Фафу ҚАЙЫРБЕКОВ

ҒАБЕҢЕ

Қарататудың бойында алғаш рет,
Алғыр қиял құсымен жалғасып ек.
Алдымызда ақ жазық дала жатты,
Біз келеміз иекті тауға сүйеп.

Алайықшы, қарағым, бір сәт үндел! –
Дедіңіз сіз. Тұрған кез бір жауғым кеп.
Айқай салдым, шақырып “Елім-ай!”ды,
Жалт қарады Қаратату “ мынау кім?” – деп.

Зымырадық содан соң, киік аттық,
Тыныш жатқан даланы құйындасттық.
Темендең киік те, көкте қыран,
Тыңдай қалды, біз достық қүйін тарттық.

Сол қүйменен тоқсан үй тұндік аштық,
Жатты жайсаң өлеңдер қүйге ұласып.
Алтын теңіз бол кетіп аяқ асты,
Сол толқында жоғалды ылғи ғашық.

Ал, содан соң бұл бала қалмай соңнан,
Шыға берді жыл санап оң мен солдан .
Жүр! – дедіңіз. Жүрудің мәнісін мен,
Сізден үғып, шығармай жүрдім қолдан .

“Өмір – сапар, жүре біл!” дегенді үғып,
Сан жолдарға саяттап бірге шығып.
Аға-іні бір қосқан шаңырақтан,
Уық босап, көрген жок, ірге суып.

Алтай бардым, Араптың қызықтадым,
Мәскеу келдім, аспанның сызып бәрін .
Көкшетауда көкіректі көлге малып,
Ақ қайында айқасып жүз үйіктағым.

Жетісуда, “Ешкі өлмес” бауырында,
Арманды ақын Сараның ауылында,
Бәрінде де сізбенен бірге болдым,
Қаумалаған қазақтың қауымында.

Не айтайын мына той тасығанда,
Соған қарап, алқынып, асығам да.
Мен де бір сөз дегім кеп, дей алмаймын,
Өз-өзімнен жасқанып, басылам да.

“Аса жақсы көргенде бірді біреу,
Сезім тасып, болады тілді құрмеу!”.
Деуші еді бір қариялар, рас екен,
Қыын екен айтатын сөзді білмей!

“Пәлен, түлөн жасады, сөйтті” деп мен,
Негылайын, естисіз оны көптен .
Сонау маңдай сзығы кем айтпайды,
Өзіне ұқсас өмірдің жолын өткен .

Кейде пенде мініне қысылар көп,
Ылғи байқап, бағатын кісі бар деп.
Көптің өзі қысылса ағам бар деп,
Мен ойлаймын дүниеде не арман бар деп.

Қиялдаймыз, даңқыңды берсін бізге деп,
Мақтанамыз, өнердің иесі бізде деп.
Осы тарих, осы өткен өмір жолы,
Біз ойлаймыз бәрі де есіңізде деп.

1972 ж.

Сағи ЖИЕНБАЕВ

САҒАН ҚАРАП...

Сен көрінсөн,
кетеді кеңіп дала,
Мәз болады жүзінді көріп қана.
Саған қарап өссін деп мына біздер,
Бір құдірет өзінді беріпті, аға!

Бір керемет, әйтеуір, күші мықты,
Табиғаттан айнытпай түсіріпті.
Саған қарап сеземіз сұлулықты,
Саған қарап өлшейміз кісілікті.

Айбынымыз біздердің, әз ағамыз,
Өзің жайлы шертеді дала да аңыз...
Егер құлын көңілді кірбің басса,
Саған қарап сілкініп тазарамыз.

Аймалайды бізді бір сезім құшақ,
Сәулөгө орап жүресің көзінді сап.

Өзің құсап киініп кейбір інің,
Шылымды да шегеді өзің құсап.

Өлең-жырмен қаумалап келдік, міне,
Өзің құсап ұғамызы ерлікті де.

Саған қарап өлшейміз кеңдікті де,
Саған қарап өлшейміз елдікті де!

1972 ж.

Әмірбай СӘУІРБАЕВ

ҰРПАҚ СӨЗІ

Ағалар жолы.
Әр басқан менің қадамдарым мен ойымда.
Алдыңда тұрмын,
Алдымен туған күні кеп.

Айттар ем бүгін,
Мүшелді сенің тойында,
Халқымның мықты азаматтарының бірі деп.
Жетпіске келу оңай ма?!

Әткіздің бастан,
Қанша көктем мен
қанша жыл...
Күндерің есте тер тәккен .

Сонда бір арман,
Сонда бір бақыт аңсадын,
Ол мұраттарың –
тапжылмай тапқан еңбекпен .

“Оянған өлкे” –
ырысы елдің орнаған –
Алатау тектес тұлғалы.
Ұрпақтарыңың бүгінгісі мен ертеңі!

Әміріне қуат алады.
Даланың мен бір ұлы едім,

Жанымен сүйген
Әдебиет жыры –
әлемін.
Ғабендер еккен бағы бар,
Ауылдан келіп,
Отырған беріп сәлемін,
Құттықтауларын кейінгі жастың қабыл ал!

1972 ж.

Іслем ЖАРЫЛҒАПОВ

ФАБИТ АҒАҒА

Мен – азамат әншейін,
емес ақын;
Болмасам да ұқсауға бар ғой хақым.
Аяңшыл ат тайпалған жорға болар,
Жорғалардың жанында жүрсе жақын .

Тәуекел, жаздым Сізге осы хатты,
Болғанмен басы қатты, соңы тәтті;
Ел науқасын Сізге айтпай, кімге айтамын,
Дерттерінен емдеғіш жақын-жатты?

... Күн көргіш өнері бар, кәсібі бар,
Алдар, арбар,
домбытар тәсілі бар;
Жаудай даттап өзгені, мақтауға өзін
Ұйымдасқан ұрушыл нәсілі бар.

Ез біткенді қорытар жындары бар,
Аңқауларды алдайтын ымдары бар;
Қарғағанын қүйелеп,
ал қалғанын –
Асқар тау деп көтерер сындары бар.

Сатып алып топ жияр пұлдары бар,
Ақ биіктегі қолдаушы сүмдары бар;
Жарылқағыш әм құртқыш көрінгенге,
Сый дәметкен жолбике құлдары бар.

Ел қамы емес,
бас қамы мұндары бар,
Мыстан шал, жымысқы жас мұндары бар;
Қасқырынып жортыл жасап келіп,
Қояншылап тығылар жымдары бар.

Нар үстінде тырбиған аласалар,
Аласа деп ойлайды өзінен нар;
Көктен қораш көрінген жердегілер
Оларды да көре алмай болады дал .

Орташалар ит әуре болам деп нар,
Атақұмар қеледі шатақұмар;
Жамап-жасқап бірдене жазса болды, –
Ұлымын деп ісінер білімі аздар.

Есек, тұлпар жарықтық емес қой пар,
Қарға – бүркіт,
қарақұс – болмас сұңқар;
Ұлылықтан бойында бір белгі жоқ,
Үлкендікке қүйкілөр тым-ақ іңкәр.

Шын үлкеннің бітімі сирек келер,
Жан семіртер халқына қорек берер.
Халқы сүйген перзентін әлем де елер,
Келешек те табынар, ерек көрер.

Ғабен
асыл жаралған сом боп сондай,
Сормаңдайға бітпейді анау маңдай;
Қазақ емес, дүниеде аз-ақ туған
Ұлы зергер, суреткөр ғажап қандай!

Қоңыр қозы маңырақ үні балдай,
Жетпісте де күші көп, әлі нардай;
Туған елдің бағына көп жасағай –
Қозылары ержетсін жетім қалмай!

1972 ж.

AFAFA

Дәүір жырын қадалтса жанға қалам,
Сан ынтығын, сақайтты арда далаң.
Ауыр жүгін арқалап келемісің,
Ұлы топтың соңына қалған ағам.

Елің бірге ертеден бір өзіңмен,
Еріндірме ерлерді күле жүрген.
Керім күнде келісті ой айта бергін,
Кербез тауға бітетін мінезіңмен.

Әнің қанша жүрекке нұрды ап кірген,
Жарылғанша қызығын тыңдал құлғем.
Фалым жанша әуенін мүшелемей,
Дарындарша дарынды жырлап білгем.

Толғасын да жыршының байыпты әні,
Қорғасындаі бір ойдан айықпайды.
Жолдасымдай біресе көрінесіз,
Жұлдыздай бол біресе ғайыптағы.

Тұрағымды мен дағы мадақ қылам,
Бір әнімді салғанда санап қыран.
Құлағымды қалқайтып Жонғардағы,
Мұзбалақты Сіз ғой, деп қарап тұрам.

1972 ж.

Орынбай АЙМАҒАМБЕТОВ

АРНАУ

Жетпіске келіп Габе-аға,
Отырсың той төрінде.
Көп жаса деп тілейміз,
Мына нұрлы өмірде.

Қолтаңбаң жатыр, Ғабе аға,
Талай том боспада.
Мақтаны өзің халықтың,
Жарқын көңіл, жақсы аға.

“Тулаған толқындардан” да,
Таптың өзің өткелді.
Роман, повесть, пьеса,
Жазып бізге көп бердің.
Келіп “Оянған өлкеге”,
Шахтерлермен бір жүрдің.
Алдымызға жайып сап,
Шежіресін жүз жылдың.

Қазақтың қызыл солдатын
Қан майданда шынадың.
Өшпейтұғын ерлікті,
Шебер тілмен жырладың.
Қас батыр “Аманкелдің”
Сахнаға шығардың.
Құшырлана қол соқпай,
Көргенде оны шыдар кім.

Қызы Жібектің дауысы,
Естілді бүгін жыраққа.
Баянның әні әлі де,
Шалынады құлаққа.
Даласынан Сырымбет,
Ақан ән сап тұргандай.
Ақан Сері – Ақтоқты
Сауық, сайран құрғандай.
Із қалдырып әлі де,
Томдарыңмен баспада.
Ден сау болып, көп жаса
Жарқын көңіл, жақсы аға!
1972 ж.

“ҚЫЗ ЖІБЕК”

“Қыз Жібек” қойылғанда бірінші рет,
Қол соқты жұрттың бәрі құлімсіреп.
Тізіліп өтті алдынан көрерменнің
Жырдағы біз оқыған құллі сурет.

Ән шалқып таудың тасқын бұлағындай,
Ойнақтап ор киіктің лағындай,
Жібек бол сахнаға шықты Құләш
Бұралып айдын көлдің құрағындай.

Тербетіп әр жүректі ән биледі,
Күміс үн барша жұртты әлдиледі,
Қалайық шын Жібекті көргендей бол,
Фажайып сахнаны сән биледі.

Қалықтап әсем әуен сан құлпырып,
Биікте төмендемей алды тұрып,
Үрза бол өнеріне жас Құләштің
Тыңдаған бүкіл халық қалды тынып!

Көнілге тоқып талай жыр тізбегін,
Сезініп жаздың лебін, құздің лебін,
Осылай көрген едік біздер алғаш
Ғабиттің сахнадағы “Қыз Жібекін”...

Жыл өтті жыл соңынан тізбектеліп,
Біз нелер жазды өткердік, құзді өткердік.
Табысты талай жандар “Қыз Жібекпен”
Алыстан Алматыны іздең келіп.

Көрдім мен “Қыз Жібекті” мыңыншы рет,
Алдынан өтті талай сырлы сурет,
Жетпіске келген Ғабит інім отыр
Қасымда баяғыша құлімсіреп.

1972 ж.

ШЫҢ БАСЫНДА

Түйін түйген қазақтың
Сөз зергері,
Ескі менен жаңаның көз көргені,
Құс қанаты қайрылусыз, қайран жылдар,
Қайран өмір өзінше өзгермелі,
Талқысына төзе алмас кез-келгені.

Шың дарындар, өнерге құмары бар,
Шыңыраудан күн тартып шығары бар.
Қыраны бар, ақ иық, болат топшы,
Шың басында қасқайып тұрары бар,
Тұған жерден нәр алған шынар бұлар.

Талап қойған өзіне, тасынбаған.
Көбіктеніп, шашаулап, шашылмаған.
Оң жағында Ояңған өлкесі бар,
Сол жағында Қайроштай еркесі бар,
Кездеспей жүрген ғажап бір бейнесі бар,
Қызы Жібегі, Ақ тоқты, Сепісі бар...

Сахнаға дауылдатып ерте шығар.
Қас-қағымдық ұлы өмір сәттеріндей,
Қасиетті жүлдyzдай көп көрінбей,
Шымырлап қайнап шыққан шың дарынның,
Халықтың бақытына туған ұлдың
Баулыған өмір бойы бапкеріндей.

Қуған сайын бұл арман алыстай ма,
Үміт-сағым жанасып қалыспай ма.
Жетпіс деген өнерде – жігіт жасы,
Біздің Габен
Жәкеңді ұмытпасын,
Тоқсан жасап толысқан Толстой да.

1972 ж.

ҒАБЕҢЕ

Ұл аз ба қазағымда дана туған.
Ақ нұрды шалқар жүрек жаратылған.
О, Ғабе, қарыс мандай ағалардың,
Ішінде төрің бөлек, дара тұлғаң.
Тіл десек қастерлейтін шын асылы,
Жарқылдап сағ алтындаі туар сыры,
Жасай бер, үрпақтардың бақытына,
Қазақтың нар сөзінің шынар шыңы!
1972 ж.

Рахмет АЯПБЕРГЕНҰЛЫ

ЖҮЙІРІК

Көргенде бір жүйрігін бұ далаңның,
Ерекше мен де достар қуанамын.
Тұр, міне, есік қағып өлең өзі,
Қалайша шабыттанбай тұра аламын?!
Адам жоқ дейтін сені оқымадым,
Әр сөйлем, әр сөзіңің оты жалын.
Жыр жазбай кеткен шақта шабыт іздел,
Ғабенде қайта оқуға отырамын.
Қазақтар мойындамай басқа алыпты,
Басына кітабынды жастаныпты.
Сиқырлы сұлу сөзге құштарлығым,
О, Ғабе, өзінізден басталыпты!..

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТОВ

АНА ТУРАЛЫ

(Ғабит Мұсірепов шығармаларын оқығанда)

Ана бар ғой менде де,
Ана бар ғой сенде де,
Ана бар ғой барлық –
барлық Адаммын деп,

Атала тын жұмыр басты пендеде.
Жанымызды жадыратар Ана әні,
Ана ақылы көркейтеді сананы.
Адамдар-ау, ар пәктігін аңсасақ,
Жылатпайық, жылатпайық Ананы...
Оның бізден қүтетіні – пәк қылыш,
Оның бізден қүтетіні – тәтті үміт,
Ырза етейік Ананы біз!
Ол үшін –
Қолымыздан қанат қақсын жақсылық!
Шет қалмас ек шалқар тірлік тойынан,
Тек ананың шығар болсақ ойынан.
Көкіргінен көл ақтарар таулардай,
Ақтарады ол өз мейрімін бойынан.
Басымызда байлық болса мақтанар,
Ол – ақ пейіл, аппақ арман, аппақ ар.
Оны Ананың ақ сүтінен алғанбыз,
Сүтінде оның сәуле де бар, от та бар.
Сүтінде оның басын қосқан: таң нұры,
Тау самалы, жаздың жылы жаңбыры.
Сүтпен бірге бойымызға дариды-ау
Тұған жердің бар қасиет, бар жыры.
Сол ақ сүттен қайрап жігер, талабын,
Адамзат нық басады алға қадамын.
Өрлей аққан өрісті бұл өмірде
Үлкен еңбек, үлесі бар Ананың.
Ана – қамқор, Ана – өмір өзегі,
Оның даңқы бар әлемді кезеді.
Жүргегінен бастау алар Ананың,
Адалдықтың, әділдіктің өзені.
Ұрпағының болашағына алаңдар,
Аналардың көкіргінде толы ән бар.
Өмір бойы өпсе жүзін Ана ерні
Қартаюды білмес еді Адамдар.
Бастайды Ана өмір көшін, ел көшін,
Ана сүтін ақтау деген – ерге сын.
...Құй десе жұрт маған бақыт мұсінін
Жасар ем мен тек қана Ана бейнесін.

1972 ж.

ЖАСАЙ БЕР ТАЛАЙ ЖЕТПІС ЖАС
(Ақ өлең)

О, менін ардақ ағам!
О, менін ардагерім,
Көздері әлі күнге нажағайлы,
Ойы бура, сөзі тұра,
Ақша бұлттарда таң асқан ақ иығым,
Ақша шыңдарды мекендерген тау серкесі.
Жан жүргін
Ақша қардан аппақ болған қалпыңмен
Жетпіске келіп қалыпсың -ау!
О, менін ардақ ағам!
О, менін құлагерім!
Ақ жалынды сөздері жан балқытқан,
Ойың боран, сөзің көктем,
Өзің қыран қалпыңмен
Жетпіске келіп қалыпсың-ау!
Махаббаттың аспаның (Қызы Жібек)
Қызы Жібек болып сыңситқан,
Ақ Баян болып балқытқан,
Ақтоқты болып толқытқан.
Жас қазақ болып ел қорғап,
Ақ арман болып шалқытқан,
Қаламың – бұлақ,
Қекейің – лақ
Қалпыңмен
Жетпіске келіп қалыпсың-ау!
Ардағым менің,
Армандай жырдың иесі,
Ағарып атқан таң тәріздес тілегі,
Қызырып батқан күн тәріздес жүрегі,
Сабырың – самал,
Құшағың – от
Қалпыңмен
Жетпіске келіп қалыпсың-ау!
Сізді әйттеўір алға салған соң,

Салайық алға, ұрыспа.
Жетпістің жүзін қылыштай
Қылпытып берші, жан аға!
Талайлар мұқап, мұқалған,
Іркіт боп тынар – сүт арман,
Жетпістің өзін құрыштай,
Кілкітіп берші, жан аға!
О, халықтың ардагері,
О, қаламның құлагері,
Жасай бер әлі жетпіс жыл!

1972 ж.

Әзіrbайжан Қонарбаев

ҰЛЫ СӨЗДІҢ ҰСТАСЫ

Қазақтың тіліне де жан бітірген,
Әзгеше орның бөлек бар бітімнен.
Халқынмен тағдырдың бір, мақсатың бір,
Туындың тілдеседі алғы құнмен.
Жетпісте тұлпар шығып, жайраң қаққан,
Өнерде оза шауып майдандатқан,
Елімнің тұрсын барлап шежіресін,
Сан ізі қаламыңың сайрап жатқан.
Сонау кез қырау қатқан сыз жүректер
Көз ашты “Баян сұлу”, “Қызы Жібектер”.
Әзіммен Амангелді атой сап тұр,
Артта қап қыын қыстау – “мұз бегеттер”.
Көз тастап асуынан армандардың,
Даңқа асып-тасып алданбадың.
Кішілік, ұлылық та бәрі өзінде,
Халқынмен нұрлы ертеңді бағдарладың.
Талаптың тең келе ме қүшіне түк,
Әр сөзін сұлулыққа мүсін етіп,
Отымен жиырма бестің жетпісінде,
Сөйлөп тұр
Академик Мұсірепов!

1972 ж.

ЕЛТІНЖАЛ

Шығарған Қызылжармен қатар атын,
Тигізген талайларға шапағатын.
Қойнынды Қостанайдың бір орман бар,
Ертеден Елтінжал деп аталатын.

Ол өзі бастан кешті тірлік нендей,
Сөйлейді бұтақтары тіл біткендей.
Жазықта мұнарланған көк иірім,
Көліне кен дүниені сұңгіткендей.

Айналып соғатұғын ұясындаі,
Кетпейді ертелі-кеш Күн асылмай.
Тұрады ол ойға батып қыр үстінде,
Күндердің өткен-кеткен күесіндаі.

Өртеніп самұрықтың қанатындаі,
Жатады жанып түзде сары алтындаі.
Төгілген зер шашағы Елтінжалды,
Көтеріп келе жатыр дала тудай.

Су тосып қарлығаштай ауызына,
Шілденің сая болып тамызында.
Жасыл ну жер бауырлап жатқан бұлттай,
Ұқсайды ертегінің аңызына.

Кезінде көні кеүіп, қүйі кеткен,
Тұрсын деп ерекше бұл биік, өктем.
Адырға жаны жомарт жаратылыс,
Көз жасын орман етіп құйып өткен.

Таба алмай жазық жерден тіреу берік,
Жаутаңдал жабыққанда жүдеу елік.
Елтінжал еңесіндей паналатып,
Төсеген көгалынан кілем керіп.

Күн шыға көмкөріліп нұр мен өлкे,
Көлеңдеп желбірейді гүлдер ерке.
Жұзеді нәзік мұза секілденіп,
Кек орман көкірегінде бір көлеңке.

Сыпсындар бір келкі боп сұрыпталған,
Сыр тартып тұрады ылғи бұлттардан.
Жайылған жасыл көзді жапырақтар,
Толқындаі іркес-тіркес тұнып қалған.

Шайқалып, лайланып, көл тұнығы,
Елінің кеткенінде еркіндігі.
Құреске қүңіреніп жұртты жинап,
Жалаудай көтерілген Елтін нұы.

Қадырын Елтінжалдың жете үғынып,
Бір содан тапқан кеште мекенін бұлт.
Кек орман күмбездей боп көзге түсken,
Ішінен кек сағымның көтеріліп.

Өткізіп қаралы күн қанды көшін,
Шерткен жел шерлі күйдей әңгімесін.
Шым-шымдал, шымырлап қүй бойға дарып,
Босатқан қарияның жан-жүйесін.

Сол желдің жібектей боп тиіп лебі,
Аймалап айналады сүйіп сені,
Мінгізіп ұшқыр қиял жебесіне,
Арманға шақырады биіктегі.

Мол толғап, зор құлашын жаятын кең,
Сабырлы ол саспайтұғын ой, ақылмен.
Әр іске бар өзінің таразысы
Сұнқардай жем ілетін тоятымен.

Құйғытып өткен жылдар зымыраған,
Әлі де кешегідей бүгін оған,
Елтінжал ешбір сырын білдірген жоқ,
Аямай арқалатты жүгін заман.

Таңырқар болмаса да тау бұлағы,
Көлдері сусыныңды қандырады.
Көкала көбік атқан толқындардай
Тигенде желдің лебі жаңғырады.

Елтінжал әрі сұлу, әрі нәзік,
Табады тұрпатынан жаңың азық.
Еркіндең ен даланың құшағында,
Жатады жаңа күннің әнін жазып.

Тастаған тамашасын өмір тізіп,
Алдыңнан ашылады не бір қызық.
Денене керемет күш құйылады
Көліне қуаныштың көніл жүзіп.

Жан-жаққа жапырақтары шашқан арай,
Жұлдызды орман да бір астанадай.
Құлпырған бикештері –
ак қайыңдар.
Жайнаған жігіттері –
жас қарағай.

Таралып бауырынан жылға-желек,
Даланы жасартады нұрға бөлеп.
Аялап жерді жасыл алақанмен
Өсірген бағбан қарттай қырға желең.

Ну орман шырпылардан шырақ ұстап,
Қарсы алып, қарауылдан шығарып сап.
Тербеліп, жайқалады, тенселеді,
Сағыммен бір жақындал, бір алыстап.

Мақтауды ол жаратпайды көзіне көп,
Таспайды жүрттың шулы сөзін елеп.
Қырдағы тұрған ойлы Елтінжалды
Ойладым Ғабенің дәл өзі ме деп.

ҚАДІРЛЕСІМ, БАУЫРЫМ!

(Фабит Мұсіреповке)

Қаламdasым,

қадірлесім, бауырым,
Көтердің жүктің алуан түрлі ауырын.
Емендейін иілмедің, тік тұрдың,
Табанға басып қара бұлттың дауылын.

Сен ұлы едің,

Мен қазақтың қызы едім,
Мен моншағы, сен болаттың жүзі едің.
Томдарыңды оқығанда тұңғиық,
Тұпсіз терең теңізінде жүземін.

Ой зергері, сөз зергері, шеберім,
Халқыма мақтан, үрпаққа үлгі өнерің.
Алдыымда қалған ағаларым санаулы-ақ,
Әрқайсыңды асқар таудай көремін.

Қызы Жібек, Баян, Ақтотыдай қазақтың,
Қыздарын жаздың құрбаны болған азаптың.
Қазақ қызы саған разы, ағатай,
Самғай берсін,

самғай берсін қанатың.

Сарқылмасын кеудендеңі бұлағың,
Сарғаймасын жасыл-жайсаң құрағың.
Жүзге дейін сөнбесін деп тілеймін,
Мөлдіреген маңдайдағы шырағың.

Аяулысы, ардақтысы елімнің,
Ақтаушысы үміт пенен сенімнің.
Суынғанын көрмейін деп тілеймін,
Асыл аға, сенің ыстық деміңнің!

1973 ж.

АСЫЛ СӨЗДІҢ ЗЕРГЕРІ
(Еңбек Ері болған қуанышына құттықтама)

Зерделі ата-анадан
Туғаннан “ел” деп шыр еткен;
Тумыста зирек санадан
Халықтың мұнын мұны еткен;
Қалыспай Сәкен ағадан,
Лениннің туын туы еткен;
Сорларды алып жағадан,
Сорлыны демеп дүр еткен;
Таптасын қорғап жаладан,
Тап жауын ұнтап құл еткен;
Шеберлөп зерлөп жаңадан,
Қара да сөзді жыр еткен;
Сыйқыр боп туып даладан,
Көдені қызыл гүл еткен;
Шамшырақ жанған бабадан
Жарқырап жанға нұр төккен;
Жұлдыздай жайнап сонадан,
Көнілді құстай тұлеткен
Асыл сөздің зергери
Ағаға адал ниеттен
Тірлігіңе жұбанам,
Ерлігіңе қуанам
Елімді сүйген жүректен!

1974 ж.

Мыңбай РӘШЕВ

ЖҰЛДЫЗДЫ ҒАБЕН

Азаттық туы қолында
Атойлап шықсан батырын,
Жалынды күрес жолында
Алтын таң арай атуын...

Көнелік шақтың көнөрген
Сілкіп бір тастап көрпесін,
Шаттыққа шексіз кенелген
Оятып ерен өлкесін...

Мәп-мәлдір махаббатымен
Аңсаған Қозы-Көрпешін,
Баянның асыл атымен
Күнірене көшкен ел көшін...

Сарғайтып сонда сағыныш
Сәлеммен ұшқан алты қаз,
Мерт болған жаудан жаңылыс
Төлөген атты ер сабаз.

Арманға қанат қактырған
Күрсініп көктем, жүдеп күз –
Сүйгені үшін боп құрбан
Суға да батқан Жібек қызы...

Қаймықпай жауға аттанған,
Қазақтың солдат батыры.
Есімі мәңгі сақталған
Аяулы, абзал, асылы...

Бәрі де бәрі... барлығы
... Туды ғой асыл қаламнан,
Суреткер ағам әйгілі
Жазуға ғана жарапған.

Есімін оның айтады
Оқырман жұрты әр елдің.
Құстардай барып қайтады
Қанаты талмас өнердің!

Есімі оның кім десең –
Мұсірепов біздің Ғабит қой!
Жан салған жүйрік тілге әсем
Сайраған жолы – тарих қой!

Сол Ғабең аға төсіне
Таққанда Ерлік Жұлдызын,
Құттықтап еркін есіле
Куанып қалды-ау ұл-қызыны!

1974 ж.

Мұқағали МАҚАТАЕВ

ҒАБАҢА

(F. Мүсіреповке)

Ғабеке,
анды-санда Сізді көрем,
Сізді көрсем,
жомарт бір күзді көрем.
Еліктеп өзіңізге есім кетіп,
Көгендеп ақ қағазға тіздім өлең.
Мейіріммен қарайтын Сізді көрем,
Басқалар үміттерін үзді менен.

Заһармен жібітем деп қу таңдайды,
Сеземін өзін-өзі жұрт алдайды.
Жібітсем мен де кейде қу таңдайды
Басымнан Алатаудың бұлты аунайды.
Біреулөр келекелеп жыртаңдайды,
Түбінде құртса мені,
құртар қайғы.
Алайда жырларымды жырта алмайды!!!

Мен-дағы үмітпенен туған едім.
Мас болған өлеңіне бір жан едім,
Ғабеке!
Айтсаңызшы мыналарға,
Мен кімнің қазынасын үрлап едім?
1974 ж.

АҚЫН

(Баллада)

Отыр ақын өлең жазып,
Тұнғиық ой тербеткендей.
Қиялышна өнері азық
Болып,
Қиял ер жеткендей.
Жас Ақынның бір терең сыр
Аспанға ойын өрлеткендей.
Білем – күліп келсе егер жыр,
Болады одан шер кеткендей:
Ақынға өрттей шабыт келді,
Жырмен жүртқа танытты елді.

Арнар нағыз ақын адам
Өзін өшпес мәңгілікке.
Жаны жырға жақын адам
Ұқсас жүйрік сәйгүлікке.
Ақын – ағын, ағар талмай,
Болса да кез сан құдікке.
Айырбастау оған ағат
Ел намысын бар мұлікке.
Ақын – бұлақ сылдырлаған,
Күн көркінен нұрды ұрлаған.

Тұндер!
Тұндер! Ақын ойын
Ән-күйменен әлдилеген.
Ағыттылды жыр арнасы
Көп күндерден жанды илеген.
Әнде, Арқаның арулары
Шықты көлбеп ән-бименен.
Әмірді олар өрнектесе,
Қалмағандай жан күймеген:

Жас ой – тасқып, түйдектелген,
Мөлдір, таза, сирек келген...

Эне, анау Балқаш көлдің
Толқыны асау тербеледі.
Сол толқынның лебіне еріп,
Әлде бір жат шер келеді:
Қозы менен жас Баянның
Бақытқа ойы өрлең еді,
Бар өмірін екі асыл жас
Салтанатқа бермек еді.
Сөнді жанбай – шара бар ма?
Бата түсті жара жанға.

Тартты садақ қатал тағдыр –
Ғашық жандар шерге оранды.
Балқаш жазы қысқа айналып,
Үдettі-ай кеп жел боранды.
Екі асыл тек елден ерек
Жапа шекті – енді оралды..
Ақын делсал – мұң билеген,
Тасқын ойдан сел боп алды:
Әндettі әне ол күніренді де,
Кекірек керіп жыр келді де.

Жатыр Балқаш күйін шертіп,
Келді Ақын жағасына,
Шердің бұлтын серпетін той
Болатындаид дәл осында:
Баян, Қозы басын құшып,
Отыр өзен жағасында.
Өлген жарын қайта оралту
Еместей қызы шамасында...
Еңіреп Ақын кете берді,
Шер көп, тербеп, жетеледі...

Бетін түзеп Жайық жаққа,
Ақбоз атпен бұландаған.
Кетті жүйткіп Ақын тағы,

Жыр көп жебеп, мұн алдаған.
Естілді әсем “Гәккү” әні.
Ән десе Ақын тұра алмаған,
Жырға ол дәйім табынатын.
Жырға ол дәйім жыр арнаған.
Тағы Ақынға шабыт келді,
Өлеңді өзен ағытты енді.

Ойхой, Жібек, кең әлемде
Саған жеткен ару бар ма?
Сүйдің – күйдің. Өршіді арман
Сол арманға дәру бар ма?
Аспан асты төніп түгел,
Қалды мәңгі жаңың дауда.
Бар ма елінің енді амалы
Тыңдамауға зарыңды алда.
Тағы Ақын жан жараланды,
Ойға бойлап, дара қалды...

Енді Ақын жүйрігімен
Оқжетпеске жүрді беттен,
Айдыны айдай Бурабайды
Көрді де Ақын құлді ептең.
Өлең-жырдың Қағасына
Тағым етіп, сырды шертпек,
Көк көйлекті Көкше желі,
Күліп келіп, сүйді беттен:
Ақын жаны Арсынға асты.
Қайым-мұнға ол қарсы басты.

Бурабай – бір жатқан жаннат,
Қалай Ақын тебіренбесің, -
Аспаны әсем көк құмбездей,
Көркі әлемдік жер көргенсін.
Бұл жерді Арқам берген елге,
Деп: “Ақындар өрге өрлесін”,
Мұнда қадам басқан адам.
Шерте де алмас шер пернесін,
Келсе ақындар Бурабайға,

Айтар сырын, жырлап, айға.
Бұл паң дала, кербез де кен.
Мұнда ақындық үялаған,
Мұнда шалқып, шарықтаған,
Қыран құстай, қиялыш адам.
Мұнда келіп жырға жүзсем,
Қыын да емес қия маған,
Мұнда өлеңнен өрнек төккен,
Сәкен сері – зиялыш ағам.
Мұнда ақындар, жанып жүрген
Тазартады жанын жырмен.

Бұхар жырау, Шал-жырау да
Мұнда талай самғаған-ды.
Аспанға өрлөп Ақан-бабам
Сүм тағдырын қарғаған-ды.
Үкілі ыбырай таң қалдыған
Паңдығымен паң даламды,
Шөже, Зейнеп әнгес қосқан
Тым бұл ғажап сәнді алаңды.
Мұнда Біржан ән-қүйменен
Адам жанын әлдилеген.

Біздің ақын осында енді,
Жыр арнасын ағытты анық.
Бурабайды шапты айнала,
Тапқандай-ақ бақытты анық.
Өлеңді әнмен өрлетті өрге
Бір ерекше шабыттанып,
Сол сәт Ақан өте шықты
Ерейменге бағытталып.
Төгіп көзден көк бүршақты,
Құлагер де жұлдызыша ақты.

Ақын аң-таң. Тұрды қарап
Құлагерге желдей ескен,
Көрді Ақанды ол, күніреніп,
Кемеліне келмей өшкен.
“Уа, не болмақ есіл Серім”

Ешкімге дес бермей өскен", -
Деп егілді тағы да Ақын
Өнер үшін өрде егескен:
"Кетті ме әлде Үрқияға,
Шыға алмай шың-қияға".

Бұл Ақынның өмірі өсем
Сері Ақанның өміріндей,
Күнкіл сөзді көніліне
Келе жатыр өмірі ілмей,
Жайсаң жаны – миуалы орман,
Алып Тянь-Шань өңіріндей,
Көрсө Ақан да айтар еді:
“Құтты өзімнің сері інімдей”.

Арқа көркі, асқақ ағам,
Құлаштай шыңға асқан адам.
Ақын – асқар!
Ел бейнесі.
Тұлғасы ұқсас бір ғасырға
Әлі де ол, самғап биік,
Көкірегін нұрға ашуда
Ертеде өткен арулармен
Жалықпады ол сырласуға.

Ал ертең ше?
Заман жүйрік
Қомдануда шыңға асуға,
Сызылып кеп сонда Ақынды
Тыңдар Шолпан, Зурәсі да.
Тұңғиық ой сөз зергері
Ағам да, әрі ол құрдасым да.
Мен бақытты –
бұл ұлы Ақын
Ақыл айтып түр қасымда,
Жасай берсін Ақын мәңгі!
Ұлы өмір де
жақын қалды.

1975 ж.

ЖҰЛДЫЗДЫ АҒА

Қуаныш тебірәнбей жәй шыға ма,
Өзіңе жан құшағын жайсын дала.
Кеудене жарқыратып жұлдыз тақтың,
Елімнің қадірлі ұлы, ойшыл аға!

Көшеде кімді көрсем сол күні мен –
Аққан жұрт қуаныштың толқынымын.
Бір-бірін сүйіп жатқан қайран, туыс,
Еріннің балдан тәтті шолпылымен...

“Сүйінші”, “Сүйінші!” – деп тоқталмай-ақ,
Сол күні жүгірумен көп талды аяқ.
Мен-дағы омырауымды сипай берем
Жап-жана өзіме әкеп таққандай-ақ!

Халықтың сонда көрдім бір тасқанын,
Көнілдің аршып алды жұрт аспанын.
Ішінен көп жұлдыздың көзі талып,
Сағынып бір жұлдызды көп тосқанын...

Тағылар талай жұлдыз өнер өтсе,
Болмайық отты қуған көбелекше.
Қазақтың таланттыңиң тарихында
Бауырлар, бұл жұлдыздың жөні ерекше.

Зор еңбек, ақ махабbat елге деген,
(Ел үшін еніреп тұмас ер ме деген)
Адамдық, азаматтық, кісліктің
Жолында жанын қимас мен бе деген.

Бір ағаң шықты туы биік ойнап,
Кеудеде қанағаттың қүйі қайнап,
Жүректе рахмет оты жанып, лаулап
Өзіндей әділеттің жұлдыз жайнап!

Тұр әнә жарасымы, орны бөлек,
Жәнім бар бір кемісім толды демек.
Елінді сүю үшін жүрек керек,
Жұлдызды тағу үшін омырау керек!
1975 ж.

Серік ТҮРФЫНБЕКОВ

АЛТЫН ЖҰЛДЫЗДЫ АДАМ
(F.Мұсіреповке)

Анық білем
Бала кезден кекілді!
Айттар сөзім Сізге қарап жетілді!
Алыс кеткен алыптардың тобынан
Қалып қойған Алтын Жұлдыз секілді.

Талай соқпақ, талай кезең,
Сан елес...
Бәріне де болдырған жан ол емес.
Өзі Алтын, өзі Жұлдыз адамға
Алтын жұлдыз қосылуы таң емес!

Өтті өткелек, өтті белес,
Сан қырат...
Бәріне де таба білген һәм тұрақ.
Емес жұлдыз жалқы бақыт, жалқы бақ
Сейфулиннің жанарында мәлдіреп,
Әуезовтің маңдайында жарқырап.

Қалды мәңгі кеудесінде Ғабекенің,
Секілденіп қуанышы, бағы елдің.
Өлшемі ол – тайыздық пен тереңнің,
Өлшемі ол – жоғары мен тәменнің.

Орны бөлек дәл өзіңдей ағаның,
Орны бөлек өзің айтқан бағаның.

Әкесіндегі байқап сезіп келесің,
Хас өнердің қасы менен қабағын.

Төтеп беріп дауылға да, боранға,
Тарттың алыс ағын сұзы мол арна.
Ұзақ жолдан өтіп келген адамға,
Енді ұзақ жасамасқа болар ма?!

1975 ж.

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ

БАР ОНЫҢ ФАСЫРЛАРҒА ТЫҢДАТАРЫ
(F.Мұсіреповке)

Қаламмен күндіз жортып, түн қатады,
Құндайды, сөз баласын құндатады.
Бар оның тауда шыңы, құмда талы,
Бар оның ғасырларға тыңдатары.

Қинайтын қолға ұстаптай, көзге ілінбей,
Қыын не салмақтауға сөз кеніндей?!

Бір мысқал ауытқымас, ауытқымас,
Бұл зергер аптеканың безбеніндей.

Өнердің тәтті азабын татып түсіп,
Самғатсаң сөз дейтуғын уақыт құсын.
Державин алдындағы жас шәкірттей,
Сынына түскеніне бақыттысың.

Өсірсең гүл орнына сөз сояуын,
Дегейсің көпті алдадым, көз боядым.
Ағаңнан жегеніңше сөз таяғын,
Өзіме тисін дейсіз өз таяғым...

1977 ж.

БІР ӨЗІ БІР ДӘУІРДЕЙ
(F.Мұсіреповтың 75 жылдығына)

Бермеген ол өнердің бас бәйгесін.
Шабыттың өрге ұшырған жастай құсын.
Халқының қалаулы ұлы бола білген
Бір кешкен жас құлкісін, дос қайғысын.

Қашанда тар кешуде шыңдар ұлын
Көрі құлақ сақарам,
Таңда бүгін –
Үніңе құлақ тосқан айдай әлем
Оянған өлкеміздің ұлдарының!

Көрмеген ешқашанда бояуы оңып,
Ойының әр толқынын ояу өріп.
Келеді ол дарқан дала жыршысы бол,
Соңынан жылдар легі баяу еріп.

Әр күнге шабыт отын төлегенде,
Жүректерді шуаққа бөлөгенде,
Қазақ жыры – аяулы ару Жібек,
Ғабең біздің ұқсайды Төлегенге.

Көлеңкесі – күндік жер,
Саялы алып,
Тамырын Ертөнгө де жаяры анық.
Айлапат атшаптырым арналы өзен
Дауылын терең сақтар, баяу ағып.

Қасына ертіп небір асылдарды
Жанында, жанарында жасын бар-ды,
Бір өзі –
Тұтас, дана Дәуір болып
Қарсы алар Ғабең
Келер ғасырларды!

1977 ж.

ҰРЛАҒЫҢЫЗ ФАСЫРЛАРҒА АПАРАР...
(Ғабит ағаға)

Кейіпкерлөр. Түрлі тағдыр. Түрлі арман.
Тұратұғын сезімдерден, сырлардан.
Әңгімелер, романдар Сіз жазған,
Мектепке де біздерменен бір барған...
Оқиғалар кеткен шақта басталып,
Қара көзден тырс-тырс жас тамып.
Кітабыңыз оқылатын, Ғабе аға,
Ұйықтасақ та басымызға жасталып...
Біз сізбенен кездесуші ек қырманнан,
Біз сізбенен кездесуші ек қырлардан.
Әзірізбен басталып-ақ кететін,
Үлкен достық орнымыздан тұрғаннан.
Диқанменен алқаптарда жүрдіңіз,
Шопанменен тау басында тұрдыңыз.
Қайроштарды сөз ететін көбірек,
Жігіттерді қызғандырып құрбы қыз.
Бойымызға шабыт беріп, құш беріп,
Қыруар істер жатушы еді істеліп...
Жігіттерді мазалайтын бәрінен,
Баяндар мен Қыз Жібектер түске еніп.
Бүгін Сізді кездестірдік кең залдан,
Шағыңызда дәүір жайлы толғанған.
Ұрлағыңызға фасырларға апарар,
Кітаптарды түспейтұғын қолдардан.

1977 ж.

Кеңшілік МЫРЗАБЕКОВ

“КӘЛ, КӘЛ, КӘЛ!..”
(Ғабит Мұсіреповке)

Қыранын шақырғаны ғой “қолыма қон” деп,
Соныра “сонарды шарлап соныдан іл” деп.
Құс қой ол.

Құстығын жасап қосылмас үшін
торғайдың топтанып ұшқан тобына дүрмек.

Қыранын шақырғаны ғой “қолымнан ұш” деп,
Қадалсаң жонынан бүріп, жұлыннан тұс деп.
Балтап-ақ үйреткен шығар,
байызсыз көзге,
Байқауды қияннан шалып, қырымнан түстеп.

Ұш, қыран! Іліп тұс, қыран!
Сөз ести көрме:
“Бұл қандай ұрынбас жерге ұрынған құс” деп.
Қай тұста ілерінді біл – шыңдарын шолып,
Қай тұста тұларінді біл – шын бағың қонып.

Қолынан ұшырган сені сұңғыла саят,
Ұмытпа, төрелік жасап тұрғанын көріп.
“Кәл, кәл, кәл!”
Бапкерлер айтқан бір-ақ ауыз сөз
Қыранның қалады алтын құндағы болып!

1979 ж.

1980-1989

Оспанхан ӘУБӘКІРОВ

БӘЙТЕРЕК

Ғабе, сіздің тойыңызда,
Қалсын деп ойыңызда,
Бір жұмбақ айтайын.
Шешуін тапсаңыз,
Бір түйем дап-дайын.
– Бағымызда Лашын отыр.
Лашынды кішкене дейін десем,
Алты қанат үйге сыймайды.

Алты қанат үйді кішкене дейін десем,
Алты нарға сыймайды.
Алты нарды кішкене дейін десем,
Аспанмен таласқан
Бәйтеректің басын шалып жейді.
Бәйтеректі кішкене дейін десем,
Ертемен ұшқан тұрымтай,
Кешке соның басына әрен ұшып қонады.
Бұл не деген бәйтерек дейсіз ғой?
... Таппадыңыз ба?
Ол бәйтерек – Сіздің досыңыз
Ғабит Махмұтұлы Мұсірепов деген болады!

1982 ж.

Төлеген ҚАЖЫБАЕВ

ҚЫРАУ ҚАБАҚ ҚЫРАНЫМ

Қара сөздің құдіретін, қуатын,
Сан қоларып сарқылмаған суатым.
Перзентің қазақ біткен жабылыш,
Мұхтардайын ғасырға бір туатын.

Өзің бастап қаламгерлер кемесін,
Сөз-мұхитта құлаш ұрып келесің.
Сұнқар ойдың самғауына ілесіп,
Абай тілін биіктете бересің.

Сені тыңдал, сенен сырды ұғынып,
Келеміз біз шуағыңа жылышып.
Сөзің барда, өзің барда, жан аға,
Қазақи тіл қалмақ емес жығылып.

Қарлығаш бол қанатымен су сепкен,
Қамқор едің, ғажап едің сен неткен.
Заманаулар қалтарынан қоларған,
Санадағы мұқалмаған сөз-кетпен.

Ұрпағыңа ұлағатты үран бол,
Кездеспеген әлі күнге бір ән бол,
Уақыт көшін артқа тастап самғай бер,
Қантарда ұшқан қырау қабақ қыран бол.
1982 ж.

Қорғанбек АМАНЖОЛОВ

ҒАБЕҢНІҢ ЖҰЛДЫЗЫ

Мөп-мөлдір сезім іздесең,
Елестер көзге мұздай таң.
Зергері сөздің кім десең,
Алдымен, Ғабе, сізді айтам.
Алыптар тобы қалдырған,
Дәстүрді сақтап әкелдің.
Ізіне ерген балдырған,
Би-ағаң менен Сәкеннің.
Тулаған өмір толқыны
Өзің де бастан кешірдің.
Жырладың қазақ батырын
Ардақтап Ана есімін.
Өзіндей талант ілуде
Бір ғана туар жаңғырып.
Қазақтың өнер көгінде
Жұлдызың жанар мәңгілік!

1982 ж.

Сабырхан АСАНОВ

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВКЕ

Алатау, айналайын ақ басы қар,
сендей тау дүниеде жоқ та шығар.
Тау біткен – табынатын тәңір емес,
таудың да жағары бар, жақпасы бар.

Көз тастап бергі жерден бетегелі,
асқарын әр кез медет етеді елі...
Кейбір сәт көтерілген көнілімдей,
тиместен тұрсың қекке екі-ақ елі.
1982 ж.

ЗАМАНА ТҮР ЖАРҚЫРАП КЕЛБЕТИНДЕ

Өзіменен кел мейлі, келме тілге,
шүкірлік қыл барына жер бетінде.
Қаншама ақыл, қаншама ой тоят тауып,
замана түр жарқырап келбетінде.

Қара қылды қақ жарып жастай кессе,
мөлдіретіп тамшы – сыр тастайды еске.
Кен дала ма үлгісі, кемел тау ма,
қашан көрсөн, қасқайып саспайды әсте.

Кемерінен жатса да асып қайғы,
жасытпайды, ол сені жасытпайды.
Көкірегі – көгалдан соққан самал,
көп кідіріп еседі, асықпайды.

Ұрза қылып қазағын, қоғамын да,
қуанышы болды іні, ағаның да.
Жүйрік жылдар жатады жүйткіп өтіп,
кербез қыздай керілген қабағында.

Қиян асып қиялды кетсе ізденіп,
қамқор көзі қарайды кексізденіп:
Көрген жанға көлемін көп байқатпай,
бір ұлылық жатады шексізденіп...

Өзіменен кел мейлі, келме тілге,
шүкірлік қыл барына жер бетінде.
Қаншама ақыл, қаншама ой тоят тауып,
замана түр жарқырап келбетінде.

1982 ж.

АСЫЛ АҒА

Көңілін өмірде әсте қалғытпаған,
Таланттын тамашалап, жан құптаған.
Қайтпайтын алмас жүзді асыл аға,
Өзіне, өнеріне шаң жүқпаған.

Жүргегін ақ Баянның, Қыз Жібектің
Тірілтіп, мәңгі өшпейтін жыр ғып ектің.
Оятқан өлкемізді дабылымен,
Өзінде тегеуріні түр білектің.

Зердеме сыр құйыпсың, жыр құйыпсың,
Оу, Ғаба, мен қол соған бір биіксің.
Тұнықсың, меруертің мәлдіреген,
Тереңсің, тебіренген тұңғирықсың.

Бергенің берекелі, болды өміршең,
Жеткендей тәбем көкке, төрде жүрсөң.
Бұрынғы, соңғы-дағы бұл қазақта
Өнерге біткен сөздің зергері сен.

Қалай бер інжу-маржан жолдарынды,
Жұмсай бер туған елге мол дарынды.
Жасай бер, келер үрпақ ғасырларға
Көтерсін тудай етіп томдарынды!

1982 ж.

Хамит ЕРҒАЛИЕВ

ІНІ ЛЕБІЗІ

Артық, кем сөз ауанына ермей біз,
Аға дейміз, Ақын дейміз, Ер дейміз.
Махмұтұлы мәшһүр Ғабе! Іләйім,
Күнде сениң мазанды ала бергейміз!

Күнде емес-ау, тұнгі ұйқыдан тұрғызып,
Телефонға жалаң шапан жүргізіп:
Кеңес керек, ақыл керек! – дейтүшін
Ерке зорлық біздер үшін бір қызық.

Біз шаршамай шаршама! Біз шынармыз!
Бізді өсір! – деп, шаршатқан да шығармыз.
Амал қанша!.. Соққан сайын сұрапыл,
Сол дауылға сенше қалай шыдармыз?!

Өмір – дауыл. Бөлмейді қыс, құзді бүл...
Сұрапылда тағдыр қанша үзді гүл!..
Алыптардан қалып қалған бір дарақ,
Өкпек желде шулап тұрған бізді біл!

Десек те біз Күн мен Жерді тел емдік,
Тамырларға жетпей жатыр терендік...
...Қын соғып тұр-ау бізге сен болу,
Әрбір үйдің бүйірса да төрі елдік.

Сөйлесем де қанша ділмәр қазылып,
Сен тұрғанда қайда маған қазылық!..
Сабыр мол-ау, сараңдаусың ұрсуға...
Тек осыны кешеулемей қазір үқ!..

Сөз шіркінге бермек парыз сөлді ерек.
“Онсыз өнер, нәрсіз шөптей сем!” дер ек.
Зерек ойлы, зергер тілді үстазым,
Ұлы мезгіл үрпағына сен керек!

1982 ж.

Тұрсынзада ЕСІМЖАНОВ

MYCIREPOV

Тот баса ма томырығып тозғанымда,
Білмедім – Сөз бағы ма, өз бағым ба,
Сіз маған шың басынан еңкейдіңіз,
Қолымды шыңыраудан созғанымда.

Ағаның ақ тілеулі мадағымен,
Күмәншыл жанаарлардан адамын мен.
Жаныма Сізді мәңгі жақын тұтқам,
Жатқа айтып “Қызы Жібекті” бала күннен.

Тамызып тек маржанын маңдай тердің,
Жасыңнан ақ қағазды ардай көрдің.
Жыр жайлы пікіріңіз тазалығын
Ақ үлла жаңа жауған қардай дермін.

Көңілін кердеңдердің табар жансып,
Көрмеп ем жан адамға жағармансып.
Бос болса махаббаттан көңіл шелек,
Tot басып, айдалада қалар қаңсып.

Махаббат бар кеудеде жатпас қайғы;
Шабытты шамырқана шоқ тастайды.
Жанында жүргімнің Ғабең жүрсе,
Ешқашан ол жүректі tot баспайды.

Сан рет жүрек ашып кеңескенде,
Ұқсадым мың мәртебе мен өскенге.
Шығанға мен өрмелеп, Сіз ылдилап,
Сырласу тұғырында теңескенде.

Жақын кеп қасымызда халық тұрды,
Жүргегің халық үшін жаңып тұрды.
Бір сәт те назарыңнан шығармадың
Халқыңа мазар болған алып қырды.

Сол қырдың ойлайтының – болашағы,
Қиялың қиян-қылыш жол асады.
Ертеңнің алдындағы парыз, қарыз...
Еліңнің Берешегі, Алашағы...

Мен сізге таңданам да, шіркін, дедім,
Дәл Сізше шабыттансам іркілмедім.
Мен Сізді мынау жаңа замандағы
Ұл дедім, ұлы дедім, ұлтым дедім!

Сері-ағам, сарқылмасын татар нәсіп,
Ұлттың Сіз ұлысымен сапарласып,
Жортыңыз сан ғасырдың жотасында
Халықтың қасиетімен қатар басып...
1982 ж.

Сырбай МӘУЛЕНОВ

ШЕБЕР

Бабалар өткен ғасырдан
Ағалар жеткен сәлемдей,
Жаңадан және ашылған
Әрқайсы бір-бір әлемдей.

Әрқайсы бір-бір аспандай
Ай, күндерімен жаңарған,
Сөз жұлдыздарын шашқандай
Жинап ап нелер заманнан.

Сол сөздер тау бол тізіліп,
Өзендер болып тіркесіп,
Жұлдызға жол бол сызылып,
Жүреді күнмен бір көшіп.

Шабыт ап ақын сол сөзден,
Ұшырған қиял қияға,
От алып батыр сол сөзден,
Қыз қонған құтты ұяға.

Тербетіп сол сөз әлдимен
Сәбиді алғаш жұбатқан,
Тебірентіп сол сөз ән-күймен
Біздерге жеткен жырақтан.

Жүзіндей құрыш переннің,
Түбіндей тыныш тереннің –
Сол сөзді айту бұйырған
Пешенесіне шебердің.

Ғабит атты бүгінде
Ортамызда отыр бір шебер,
Жоғалмас сөзі тұбінде
Тілділөр тірі жүрсе егер!

1982 ж.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

ҒАБИТ АҒА ТУРАЛЫ ЖЫР

Айбаттысың арыстандай азулы,
Білмейтүғын тозуды да, азуды.
Сенің атың қазағыңың көгінде
Өңкей алтын әріптермен жазулы.

Ғабит! – деді, Ғабе! – деді ел сені.
Аяулымсың, айбарымсың еңселі.
Қазақ мынау жазушылық өмірін
Соңғы кезде өзінменен өлшеді.

Жасың да ұлы, жолың да үлкен өңгеден,
Не қызық бар өзің жерде көрмеген.
Сені кейде адам деуден гөрі мен
Құдырет деп атағанды жөн көрем.

Сыр бермейсің, асыл шығар сүйегің
Жан-жағына сәуле шашқан киелім.
“Бейімбет жау болса, мен де жаумын” – деп,
Қасқыып тұрған Ғабитті мен сүйемін.

Жан-жағына шұғыла шашқан киелім,
Арқаңды сен қазағыңа сүйедің.
Маң-маң басып Алматыда жүретін
Маңғаз, кербез Ғабене бас иемін.

Жайнатасың, сен кімдерді жыр етпе,
Өнеріңе айта алмаймыз бір өкпе.
Ақан Сері болған Ғабит, жас Ғабит
Бар Ғабиттен жақынырақ жүрекке.

Махаббатқа біз де өзіндей сенеміз,
Шықсан емес теңізінен кемеміз.
Ақтоқтыға ғашық болып біз-дағы
Өмір бойы аһ ұрумен келеміз.

Көрген жоқсың ұлылыққа таласып,
Жүрген жоқсың ұлы жолда адасып.
Ерлігің де, еркелігің кейдегі
Бәрі саған тұрғандай-ақ жарасып.

Кішілерге бере алдың ба қол ұшың,
Мен оншама білмейді екем оны шың.
Қыздар саған ғашық болса Ғабеке,
Сен кінәлі бола алмайсың ол үшін.

Қыздың көзі қызылда емес қыранда,
Қыз біледі, біледі оны бір алла.
Мұның бәрі жазылған ғой Ғабеке,
Баяғыда сен оқыған құранда.

Қайда апарып тоқтар екен мына жол,
Сен де менің сексеніме күә бол.
Игілік те Ғабене ұқсас дейді жұрт,
Ғабит емес Игілік қой бірақ ол.

Әлі сені әлпештесін кең далам,
Аянбай-ақ қызмет еттің сен де оған.
Батыл барып қолынды да алуға
Батпай жүрген бейбағыңыз мен болам.

Әлі сені әлдилесін кең далан,
Аянбай-ақ қызмет еттің сен де оған.
Сері дейді сені сенген достарың,
Сері Ғабаң, сексенге де келді аман.

Болған емес болғандарға ақыл жүқ,
Белдескеннің барлығын да батыл жық.
Жамбыл шықсан биікке де шығыңыз,
Асыл аға, жүзеге кел! – деп жатыр жұрт.

Әрқашан да топ жыылған тойға үқса,
Орда бұзбас қиял қашса, ой бұқса,
Айбатыңнан айдаһар да сескенер,
Қайратыңнан қара жүрек қаймықса.

Қайран Ғабем, сен сексенге келді деп,
Көктем өзі гүл ұсынды мәлдіреп.
Жүргегімнен жыр ұсындым мен-дағы,
Алғашқы рет, бәлкім тіпті соңғы рет.

Інілер де аға көріп марқаймақ,
Қартаярсың, әмір ісі қартаймақ.
Арамызда жарқылда да жүре бер,
Кітап жазып, анда-санда карта ойнап.

Халқың көкке көтерген соң алқалап,
Бұл шында да оң-солына ал қарап,
Арамызда алшаң басып жүре бер
Ардың жүгін, нардың жүгін арқалап.

Қонақ болсаң соятұғын тайым бар,
Әлі сені аялайды қайыңдар.
Сексен келді, аман-есен жөнелттік,
Енді, Ғабе, тоқсаныңа дайындал.

1982 ж.

Нұрғожа ОРАЗОВ

ҚҰРМЕТТИ ҒАБЕ!

Іздеп жүрсем ағаларды көп үнсіз,
Сіз Махмет, Мұсірептің көзісіз.
Мен ғана ма бүкіл қазақ табынар
Бұл замандық пайғамбардың өзі Сіз.

Сіз – теңіз, мен тамшыңызбын табынар,
Болмасын тек бақытсыз күн шағынар.
Осынау бір түйгенім ед әмірден
Жыр кітабым – жолдар сыйым қабыл ал!
1982 ж.

ҮЛКЕН ЖОЛДА

Тарихтың үнгіп, шежіре қатпарларын,
Арқалап сиқырлы сөз батпандарын.
Өмірдің көзіндей бол келе жатқан
Өмірдің өзіндей бол атқан жалын.

Ғабесі бұл қазақтың Алатаудай,
Бір өзі тенденсі жоқ дара таудай.
Жеткізген мұратына үрпақтарын,
Ұшқынды ой, сәулелі сөз жаңа отаудай.

Кетпейді Ұлпан көркі санамыздан,
Аумаған мінезі оның анамыздан.
Өзіндей нар тұлғаны жаратқан сол,
Айналсақ болмас па еді даламыздан!

“Оянған өлке” қайта тұр жаңарып,
Көркіне туған елдің ырза халық.
Танитын қасиеті қашаннан бар,
Қазақтың мәңті өшпейтін тұлғаны анық.

Тойыңа шашуым не дегенімде,
Түркістан топырағы ой елегімде.
Жатса деп ойладым мен бар тілегім,
Арналған осынау бір өлөнімде.

1982 ж.

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

ҒАБИТ МУСІРЕПОВ

“Басыңда азат күнің, еркің барда,
Барып қайт бауыр жазып Елтінжалға.
Елтінжал еркелетіп, қарсы алмаса
Маған кел, көңіл сұып, көп қиналма!”

Деп еді баяғыда Ғабең маған,
Кісі ғой дүние сырын көп аңдаған.
Жабығып әр нәрседен, байқады ма
Кезімді ақыл іздең, алаңдаған.

Елтінжал – солтүстіктің орманы екен,
Баратын оған жалғыз жол бар екен,
Әрі алыс, әрі жақын сонау жолдың
Жұрсем деп қай жағынан ойға кетем.

Бардың ба? – деді талай жыл озғасын,
Міндің бе, – деді, астыңа боз жорғасын?
Көрдің бе, – деді, нардай от ағасын?
Кездің бе, – деді, жұпар көл жағасын?

Бақтың ба, – деді, батпас ұзақ кешін?
Тұрды ма айға тосып қыз ақ тәсін?
Жұрді ме сұңқар жігіт болып серік?
Ақынды кім жатырқап, кім жат көрсін!

Сұрақты солай жайлап беріп болып,
Қарады кескініме үнсіз шолып.
Мен бірақ еш бір жауап айта алмадым.
Жаутаңдап екі көзім, жағым солып.

“Ну!” – деді ол, е, балақай... Ну, онда сен,
Жүгінді ертең сәске бу онда сен,
Надеюсь, жаңағыдай жаутаң қағып,
Қалмассың жауап таптай бұған да сен!

Біз тарттық... тарттық содан түу алысқа,
Бақытқа, байлық, дәүләт, қуанышқа.
“Қос қанат құсқа біткен бізге бітіп”
Зауладық Ғабең аулы тұрған тұсқа.

Елтінжал сағыныпты ерке құсын,
Баяғы бала құнгі ертегісін.
Әр қайың кезек-кезек айттысумен
Ұйқысыз жалғастырды ертеңгісін.

Тұған жер бар қызығын үйіп-төгіп,
Босатпай құшағынан сүйіп те өбіп,
Әп-сөтте шыға келдік қайта туып,
Су жана сүгіреттей жігіт болып...

Құр қеуде басқанменен “білмегенге”,
Көп жайды біз ұғамыз жүре-жүре.
Бақсам мен – Елтінжалға баратын жол
Ғабеңнің жатыр екен жүргегінде!
1982 ж.

Аманқос ЕРШУОВ

СЕКСЕНДЕГІ СЕРПІН

Сексенде серпін көңілмен,
Зенгір таулардан көрінген.
Жазушы Ғабең қашанда,
Өзектес болған өмірмен.

Жырлаған екен даланы,
Тынбаған әсте қаламы.
Қаланған қара сөздермен.
Қалың томдардың табаны.

Қағазға көзін талдырып,
Ойлары жатыр жаңғырып.
“Оянған өлке” үстінде,
Отауын тігіп сән құрып.

Қыранша шолып Қырымды,
Сезіммен жұтып шырынды.
Зергердің қамқор үнімен,
“Қыз Жібек” болды ғұмырлы.

Көрмеген жүйрік кідіріп,
Өзінде барлық ірілік.
“Ақтоқты” мен “Баян” да,
Сахнаға келді тіріліп.

Толғана қалса Торғай жоқ,
Оған да өзі қол қоймақ.
Аманкелді шығар кинода,
Ақсүңқар атын борбайлап.

Шабытты келген шақырып,
Бәрі де ойлы тақырып,
Қаһарман “Қазақ солдаты”,
Оралды жауын жапырып.

Созыла берер бұл тізім,
Жырлады халық ұл-қызын.
Отаны сүйіп перзентін,
Омырауға тақты жүлдізын.

Орамды ойлы тілменен,
Талабың болса біл деген.
Академик аға толғанып,
Сөйлейді биік мінбеден.

Осынау тойға сән құрап,
Келеді жақын, бар жырақ.
Сексенге шыққан серпінмен,
Сермейді әлі арғымақ.

1982 ж.

Әбділда ТӘЖІБАЕВ

ТОЙДАҒЫ ТОСТ

Сексенге келіп қалдық бәріміз де,
Қалған жоқ қайраттының сәні бізде.
Бүркүрап боранымыз ойнамайды,
Шыркүрап естілмейді әніміз де.

Үміт көп әйтсе-дағы әлі бізде,
Қараймыз алдағы үлкен кәрімізге.
Көреміз, қараймыз да Габенді біз,
Жүзден де бара жатқан әріні іздел.

Керегі не жел сөзді желпілдетіп,
Сексен жеңіл кеткен жоқ селкілдетіп.
Сүйсінбейміз қалайша Ғабитке біз,
Жұрген кезде “мизерге” еркін кетіп.

Сөз сенікі, ағатай, сөйле тынбай,
Сексен жасап, бұл күнге жеттің сынбай.
Республикаң аспанға көтеріп тұр,
Алатаудың бұл аспас бір шыңындай.

Сол үшін біз ішелік, құйындаршы,
Бөтен-бөгде сөздерді тынындаршы.
Алдыменен, ағатай, өзің алшы,
Тарайықшы қалдырмай жалғыз тамшы.

1982 ж.

Әбен ДӘҮРЕНБЕКОВ

ФАСЫР ҮНІ
(Ғабит Мұсіреповке)

Көш бойы озған өртегіден, аңыздан
Тың ғасырдың оттары да алаулы.
Бұл ғасырдың маңдайына жазылған
Ерен жарық жүлдышдары санаулы.

Қайта көктеп көрі емендер қураған,
Қаһар шашқан қар астынан шықты жаз.
Әр ғасырдың даңқын көкке шығарған
Темір қанат қырандары тіпті де аз.

Тау тасқыны оқ жыландаған атылған,
Алай-дүлей оқиғалы, дүрмекті.
Жаңа ғасыр айналады атынан,
Өткен шаққа, келер шаққа құрметті.

Жанымызды жанып алып жасынға,
Жыр жазамыз қалмау үшін үятқа:

Бабалардың көзіндей бір асылға,
Тұлпарлардан қалған жалғыз түяққа.

Ғасыр үні – бейбітшілік ұраны,
Ардақ тұтқан адамзаттың анасын,
Жырлап берді қазақтың бір қыраны,
Жазылмайтын Хиросимо жарасын.

Нұрға толы сексен ғұмыр – сексен жыл,
Әркеш-әркеш бұлттардан ары асқан.
Сырлы аяқтың сымбатына өскен гүл,
Сыр көшсе де, сыны өзіне жарасқан.

Айналсын Жер, тағы айналсын мың рет,
Қазы – тарих аша берсін парапты.
Құсбегіндей баптай білу – құдірет,
Кеудесінө үя салған талантты.

Сері көніл, сері жылдар, сері күн,
Заманының ақылы боп, тілі боп,
Тілегі боп, жүрегі боп елінің,
Асыл мұра жасап берді міні жоқ.

Құйқылжыта құстар әнге салады,
Қонды елінө, өзінө де қонды бақ.
Мына ғасыр жіңішкеріп барады,
Кемелденіп келе жатыр ол бірақ.

Жарқын құліп, жалғасады ақ таңы,
Ұлылықтың рухы мәңгі жырлайды.
Өз елінің, ұрпағының мақтаны,
Құдышретті ғасыр үні тынбайды.

Жанымызды жанып алып жасынға,
Жыр жазамыз қалмау үшін ұятқа.
Бабалардың көзіндей бір асылға,
Тұлпарлардан қалған жалғыз түяққа.

1982 ж.

СҮНҚАР САМҒАУЫ

Сен мына отты өмірдің маздауысың,
Сүнқардың тас қияға самғауысың.
Тұрсың дара алыптардың легінде
Әр жүрекке жақсылық орнауы үшін.

Талмасын деп үлкен-кіші иығы,
Болған емес жүрген кезің бұйығы.
Әр кітабың әр кезеңде жазылған
Адамдардың санасында үйиды.

Әдебиет жемінде жайқаласың,
Жан сырыңды бүкпесіз айта аласың!
Зерделі ойың, зергер тілің қашаннан
Таппай-ақ жүр тең келер тайталасын.

Ұлы тұлға жарасқан бейнелі елге,
Қалам-қанжар ілупі керегенде.
Қаныш аға секілді ғалым болып,
Әуезовше шалқисың сөйлегенде.

Елді сүйген қасиет болса қанда,
Сен тілейсің ақ ниет барша жанға.
Биігіне шықтың бүгін сексеннің
Алатаяға үқсан, заңғар Ғабе-аға.

1982 ж.

Тоқтар ЗІКІРИН

АҒА ТОЙЫ – ЕЛ ТОЙЫ

Торқалы той –
Өз тойым десе елім ғой,
Тебіреніп ой тердім неше күндей...
Отыр бүгін көгімде ең даламның

Ғабит ағам – әдебиет көсеміндей,
Отыр төрде,
Тұған жер – таныс бесік,
Жеткенінше жыр жүрек ағыс кешіп...
Сексен жаста жігіттей сері көңіл,
Жат болып та кеткен жоқ алыста өсіп.
Сағыныш бар құба жон, қара жолда,
Астанаға сияды-ау дана зорға...
Алатау ғой әдемі, сонда-дағы,
Алаңдан тұрады “Жаңажолға”.
Қол тимесе жолсапар, жұмыстардан,
“Жаңажолда” алмаған тыныс та арман.
Көз алдынà келеді астықты алқап,
Столында жатады бір үш тал дән...
Тұған жерге көрген бе шөп басылып,
Кетсем, – дейді кеменгер, жолға шығып.
Аңсап өзі жеткенше жаз айында,
Шығармалары жетеді елге асырып...
Журналдардан жетеді, газеттерден –
Сөз зергерге құрметтеп кезек берген.
Алғыс алып жатады Ғабең солай –
Өзіменен өмірлі өзекті елден.
Жазушы адам – халқына жақын адам,
Жүргегінен жыр сыйлар ақын оған.
Жұлдызды ерім түспейді мәңгілікке –
Сұңқар сөздер самғаған сахнадан...

1982 ж.

Қайырғазы ИСАЛИН

АКАДЕМИК ЖАЗУШЫ

Сексенінде болаттай,
Жайсан Ғабең ағамыз.
Құшақ жайып бәріміз,
Келсеніз қарсы аламыз.
Бесжылдықтар балғасын,
Ғабең соққан жұмысшы,
Бөліп беріп мал басын,

Қолдан колхоз құрушы.
Жауға шапқан жарқылдап,
Ғабең – қазақ солдаты.
Өмір бойы депутат,
Қолда қызыл мандаты.
Жан серірі Сәкеннің,
Мұхтардың “ірі інісі”.
Бұл күні жоқ әлемнің,
Сізді білмес бұрышы.
Өлкеммен бірге оянған,
Өзіңсіз үлкен жазушы.
Орындау үшін ұлы істі
Жасай бер, Ғабе, жазушы.
Сексенінде болаттай,
Жайсаң Ғабең ағамыз.
Құшақ жайып бәріміз,
Келсеніз қарсы аламыз.

1982 ж.

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ

ПАРАСАТ ПЫРАФЫ

Жыл сана,
Жырлар сана...
Парақ сана,
Өнерде жүрмей жатып бар ақсаған.
Шіркін-ай!
Сылтыр кезде сылтымаған,
Мен өзім таңқаламын қарап саған.
Жүректі жетпісте де қартайтпаған,
Көңілді сексендे де ортайтпаған.
Дәл айтқан,
Сәтінде айтқан бар айтарын:
Бір минут кеш айтпаған,
Ерте айтпаған.
Сүрінбей ақ пырағы парасаттың,
Кей кезде жалғыз шаптың,

Дара шаптың.
Сен өттің басқа өтпеген қыл көпірден,
Сан қайтың майданынан ғарасаттың.
Өнерде болған кезде жұрт ақ табан,
Талай ер жалтақтаған,
Бұлтақтаған.
Арынды арғымақтар ағып келіп,
Басында жарқабақтың кілт тоқтаған.
Біреулөр сондай кезде кеткен ұшып,
Жел сөзден жылдардың да кепкен іші.
Шырмалып шілтеріне шырғалаңның,
Шыдамай шер шарабын өткен ішіп.
Қалдырып көлеңкеде,
Артта бізді,
Біреулөр серт те бұзды,
Ант та бұзды.
Сен бірақ шындық дәмін жоғалтпадың
Берсе де талай қосып қантқа тұзды.
Өнерің – өмірдегі басты ісіндей,
Қалған жоқ қарт түсінбей,
Жас түсінбей,
Отырсың енді орнында
Ең бір сәтті
Өзіңе орнатылған хас мүсіндей!

1982 ж.

Жұмабек ҚАЛИАСҚАРОВ

АССАЛАУМАҒАЛЕЙКУМ, ҒАБИТ БАТЫР!

Кездесуге келді аға,
Көпке сәлем берді аға,
Кемелді шақ ғажайып,
Жұрт келбетін көрді аға.
Мәз-мейрам бұл мархабат,
Көнілдің бір хошы екен,
Әр көргенің салтанат,
Ғабит көптің досы екен,

Отырмыз міне, алқалап,
Қызық дәурен осы екен!
Аспаным қарасам:
Жарқыраған алыстан
Ағаның жұлдыз көзі екен,
Құс жолына қарасам:
Аққулармен жарасқан
Ағамыздың өзі екен!
Кең далама қарасам:
Хош иісті гүлдері,
Ағаның көркем сөзі екен!
Жылқы ішінен таңдасам:
Ғабит мінер тұлпар бар,
Саятқа шығып аңдасам:
Ғабит ұстар сұңқар бар.
Тауға шықтым сейілден,
Шың-құзына бойладым;
Тас “тамырын” зейінде,
“Бар” деп ноқат қоймадым;
“Асыл тастан” деген сон,
Ұйқасымен ойнадым;
Қыналы жасыл өрнегін,
Табиғат пен Ғабиттің
Қол табы деп ойладым.
Қуаныш сәтте осындаі,
Жүрек сөзін арнайын,
Байқоңырдан Марксқа
“Ғабит” кеме парлайын;
Асыл аға ғарышқа
Ағарып атқан таңдайын,
Өлеңіммен құшақтап,
Жырмен сүйем маңдайын!
Гималай биік дейді жұрт –
Басына шығып келгем жоқ,
Мұхитты терен дейді жұрт –
Тұбіне түсіп көргем жоқ.
Бірегей әрі ерен деп,
Танысақ кім бар таласар;
Биік деп әрі терен деп,

Ғабитті айтсақ жарасар!
Ғабит туған елінің –
Маңдайының қаспағы;
Жанарында көзінің –
Өлкеміздің жас шағы.
Ой туында тұр аспан,
Коммунизм мұратың;
Көркемдіктен нұр шашқан –
Дарын күшің, қуатың.
Көп әңгімен құштар ғып,
Атырды талай сыр таңың;
“Тулаған толқын”, “Қос шалқар”
Бәсірелеп жыр таңың;
Шайза қызың қайсар, шертарқар,
Күреспен көрді нұр таңың;
“Шұғыланың” назымен
Жүрек сызың жылтытамың;
“Қыран жыр” дауылпазымен
Ой тұманың жыртамың;
Ақлимаң ақылды,
Қандай жақсы Ұлпаның!
“Бір адым алға, екі адым...”
Заманы ұлы қурестің,
“Бір адым кейін, екі адым”...”
Ұшқыны ойдың, үлестің,
Тоғысар үркөр Айменен,
Тоғысар ойлар ойменен.
Көп геройың өнеге,
Ел дәстүрі салтына,
Кездеспей кеткен бейнені
Кездестірдің халқыңа.
Сынға сын келіп тірелсе
Даралықта тұрмас па,
Мың салыстыр, жұз өлше,
Ғабиттің жөні бір басқа.
Бар әлемде жеті берен,
Бар деп біліп аңғардым,
Ортасында Ғабит ерен –
Шоқысындай Талғардың.

Оянды өлкең – Азияң,
Оянғанын көз көрді,
Достық болып ел салты,
Ертегідей өзгерді.
Көне Верный – Алматы;
Ғабит өзі сол қалпы.
Сол қалпында қашан да
Партияның солдаты!
Ұлы Горький ананың
Көрсетті күшін әлемге.
Біздің Ғабит ананың
Көрсетті түсін бар елге.
Гвардия жастығын
Фадеев озық болғаған.
Ерлігін елдің солдатын
Ғабит жырлап толғаған.
Қүйекбайды көме сап,
Тайшыбекті – табанға,
Майраны қайта туғызып,
Әкелдің ұлы заманға.
“Болашаққа аманат”,
Сырымды көрдік сағынып,
Торғын сұлу қасында
Асыл моншақ тағынып.
Күн жүрегін тыңдауда,
Көркемдікке аттанып,
Онегинді жырлауда,
Пушкин өзі шаттанып.
Ғабитті өзім жырлаймын!
Халқым үшін мақтанып!

1982 ж.

Есет ӘУКЕБАЕВ

ЖОЛДАРМЕНЕН СІЗ ЖҮРГЕН (Ғабит Мұсіреповке)

Ғабит аға, сіз жайлы
Жыр жазсам деп, мен қашан,

Өзіңізбен сырласам,
Өзімменен сырласам.
Жолға шығып, Сіз жүрген
Жолдарменен жүріп ем:
Ғасырларға апарды,
Асуларға апарды.
Өткелдерден өткізді,
Майдандарға жеткізді.
Елім қалай ер жетті
Суреттері тебірентті!
Асқаралы алышты,
Кім жасайды ғарихты,
Кім бастайды халықты –
Азаматтың абзалы,
Әйел жаннның ардағы –
Тұлғалары танытты.
Қаламынан зергердің
Жаралғанын жария ғып.
Көкжиекке созылып,
Жатқандай бір дария ағып.
Алқызыл ту көтерген
Ақ таңдарды атырдым.
Жолдарменен Сіз жүрген
Жүріп келе жатырмын.

1983 ж.

Рысты ШОТБАЕВА

ҒАБЕ

Қара сөзден гауһар теріп,
Бейнеңіз түр мәңгілік.
Жүзіңізде нұр ойнайды,
Күнде ертемен таң құліп!

Дәуірімнің қасиеті
Қазағымның асылы.
Ғабе, Сізге өкпелемес,
Жиырмасыншы ғасыры.

Әр мекеннің өз өзені,
“Нұра” болып тасуы.
Жетсін сізге толқын өлең
Сарыарқаның шашуы!
1983 ж.

Күләш АХМЕТОВА

ҚАДІРЛІ ФАБЕ АҒА!

Ақын жоқ әйел жанын жазып біткен,
Ашылмас биіктік пен жазықтық тең.
Қазақтың әйелдерін асқақтатып,
Аға, сіз жырладыңыз нәзіктікпен!
Тыңдайтын сыңырласа жұлдыз үнін,
Түсінген жапырақтың мұнды ызыңын,
Көк бұлттың көбесінен сәулө іздеген
Халқымның мен-дағы ақын бір қызымын.
Қолыма қауырсындей қаруды алдым,
Қаймығар бұл майданға баруға әркім,
Мен сізге тағзым етіп, алғыс айтам,
Атынан сіз жырлаған Арулардың !

1984 ж.

Жаппар ӨМІРБЕКОВ

ФАБЕН ҚУРАЛЫ

Ақылы дария – ойы озық,
Фабен біздің асқарымыз,
Жетсек дейміз қол созып,
Сол биікке жас-кәріміз.

Дәті берік, байсалды,
Сабыры күшті адам бұл.
Өнерімен ой салды,
Үлгі болған ағам бұл.

Бола тұра өзі ақын,
“Қара өлөң, – дейді жазғаным”...
Жүйрік қайда озатын,
Тұрғанда осы жазғаның?!.
1984 ж.

Қалижан БЕКХОЖИН

ҰСТАЗ БЕЙНЕҢ ЕСІМДЕ

|

Ойымнан кетпес мәңгілік
Ұстаз бейнең есімде.
Өнеге сөзің жаңғырып,
Үн қатасың түсімде...

Кітабыңда шалқыған
Кеменгерлік қасиет.
Інілерге айттылған,
Ұмытылмайтын өсиет.

Есімде менің сақталды,
Маған айтқан ақылың:
Қағып менің арқамды
“Батыл жаз – деп ақыным”.

Кәрі емессің әлі де,
Бізге кіші інісің.
Ақындардың көбіне
Ағалардың бірісің.

Ақындық қой дарының,
Тарихшылсың, сезгемін.
Қазақтың шыққан тарихын
Баяндап маған меңzedің.

Жаз ойынды дәлелдеп,
Дерегінді көреійн.

“Жуықта алып келем” – деп,
Кеттім өршіп мерейім.

Жатыр еді емделіп
Емханада ол кісі.
Сырқатына мән беріп,
Сыр бермеді тың түсі.

II

Жатыр едім күбірлеп,
Қиялымды тұн билеп.
Жетті хабар дүбірлеп,
“Ғабең көзін жұмды!” – деп.

Үршып тұрдым төсектен,
Жай түскендей басыма.
Адамдай бір есі кеткен,
Жүгірдім сыртқа асыға.

Келсем жетіп асыға,
Күніренген ордасы.
Бұлт бүркеніп басына,
Ғазиза – жан жолдасы.

Нөсер соқса айдыннан,
Тенселтеді тауды да.
Иілдік біз қайғыдан
Женгеміздің алдында.

Ел-жұртына бас аға,
Ұстазы өнер, дарынның.
Тебіренді астана,
Шертіп жоқтау сарынын.

III

Ағаны тың қонысқа
Аттандырып келіп ем,

Зиратқа баар бір тұста,
Кездесті Ғабең менімен.

Сол жаққа кетіп барады,
Ат үстінде тербеліп.
Қолында ұшқыр қаламы
Қанатында сермеліп.

Мені көріп бөгелді,
Сәлем беріп тілдестім.
Тік көтеріп қеудемді
Артына тез міңгестім.

Қолымда жоқ қаламым,
Қабырга тартып барамын.
Күбірлөп мен келемін,
Артында ұстаз ағаның.

Кенет маған зілденіп:
“Тұс! – деді,
 маған міңгеспе!
Қал артымда, бол берік,
Ұмтыл алғы белеске.

Өрлөп өлең өріне,
Шарла шыңды, асқарды,
Қос үнінді өмірге,
Жаза бер жаңа дастанды!”

Тұсім екен...
 селк еттім,
Сипалап мең-зең басымды.
Қай тың асып өтпекпін
Ұстазым айтқан асуды?
1985 ж.

“ҚЫЗ ЖІБЕК” ФИЛЬМІНЕҢ ӘСЕР
(F.Мұсіреповке арнаймын)

Армысың! Ер Төлөген, ару Жібек,
Көп тосып сағынып ем жаным жүдеп.
Эраң эпостайын болмаса да,
Ем тапты елжіреген зәру жүрек.

“Қыз Жібек!” – Сахарадан ән келеді,
Көтеріп кетті көкке мәртебемді.
Төлөген – армандардан айырылып ек,
Жібекжан! Жоғалтып ек сәукеленді.

Секірме сезімдерді әрен тұсан,
Мен емес, жаяр саған әлем құшак.
Көзіме көрінуші ед – жігіт қартан,
Қылышызың қыздың бәрі әйел құсал.

Ғафу ет! Аққу – қыздар, жайсаң жігіт,
Қайтер ең, айтарымды қалсам бүгіп.
Іздейік махаббатты өле-өлгенше,
Ел-жүртты дәл осылай сарсаң қылып.

Рас те, иланбасаң бұл теріс те,
Жүгін сен жүргегіне – құр керіспе.
Мен көрген, мен аңсаған түстің бәрін,
Фильмге түсіргендей бір періште.

Көтерген махаббаттың ортақ туын,
Кінәмшіл менің де бар алты аққым.
Жайықтың жағасына бет түзедім,
Ертістің жалдал өтіл жалпақ сүйн...

“Қыз Жібек!” Бір көгерптің көсегемді,
(Оқырман олақ айтсам кешер енді).
О, маған Жайық қайда, біреу қайда,
Арнадым он сегізге осы өлеңді!

ӨШПЕС ҒҰМЫР

Жұлдыз жүрек тоқтады...
ауыр қаза,
Ауыр қаза батады қабырға.
Қара жерге қимайды аяулысын,
Қала-дағы қайғылы, ауыл да аза.

Жетелейтін, сүйрейтін заманды алға,
Уақыттың заңына амал бар ма?..
Ақырғы рет аялап, ардақтысын,
Қасіреттен жас тұнды жанарларда.

Көнілі – жаз, жаралған жаны күннен,
Ол сөйлесе маңдайдың сәні кірген.
Кеменгөрің еді ғой орны толмас,
Қоштасатын күн туды алыбыңмен.

Қоштас далам,
Ғабеңмен, қоштас далам,
Қоштас ардагеріңмен көш бастаган.
Сені ойлаумен аттанып мәңгілікке,
Мұра тастап барады өшпес саған.

Әрбір сөзі дүшпанға – оқ,
досқа сенім,
Қындықтан қашан да қашпас ерің.
Қаза болды... Қыраның ұшты алысқа,
Қоштас елім, Ғабеңмен, қоштас елім.

Арттағыға қалдырған шапағат тек,
Ел есінде перзенті жасамақ көп.
Асыл бейнө,
дана сөз,
өлмес мұра,
Мәңгі жайнап тұрмақшы махаббат бол.

1985 ж.

СЫНДАРЛЫ СЫН

Аса биік талантты дарынды адам,
Өнерде өз жолынан жаңылмаған.
Әдеби сынға биік талап қойған,
Алдында қамалы жоқ алынбаған.

Сөз асылын іздеуден жалықпаған,
Әдебиет көгінде қалықтаған.
Жазушысы халықтың атанды ол
Дана, ғалым, кеменгер, даңқты адам.

Әмірі, қызметі, ісі де үлгі,
Жазушылар үстазы бүгін күллі.
Болсын деп, көркем әдебиет, күресуші,
Мазмұны, идеясы, таза тілі.

Сындарлы сыны қандай дәлелімен,
Жан-жақты бар жанрга көлемі кең.
Қырағы қалт еткенді құтқармайтын,
Алтайдың ақ иығы дер едім мен.

1985 ж.

ІСЛӘМ ЖАРЫЛҒАПОВ

СЫРБАЗ СУРЕТКЕР

Жеті алыптың ақыры – кәрі тарлан,
Өте шықты-ау сенен де өмір жалған!
Боз көдені қырмызы гүл жайнатып,
Көркем сөзге құлпыртып өрнек салған.

Тіл тәнірі кіргізген тілдің жанын,
Терендетіп ой-сезім сөздің мәнін.
Қазақ тілін жасаулап, безендіріп,
Көркем сөзге жарасар таптың сәнін.

Тендесі жоқ ақыным, суреткерім,
Еңбегі зор еліне нарым-ерім.
Ойлы көркем нұрзия майталманы,
Пәк сұлуды бек сүйген жаны серім.

Сексен бесте біткенше соңғы демін,
Кетпей жатты-ау есіңмен қайран елің!
Жақсы көрген жаныңдай ана тілің,
Тайрандаған жасыңнан сайран жерің.

Мендесе де тәнінді ажал дерті,
Сөнбей бақты жүректе өмір өрті.
Ұзақ көнбей ажалға шыдап бақтың,
Қоңыр жүзден таймады сабыр көркі.

Көркем сөздің сан сала данасы едің,
Ана тілдің жанашыр панаысы едің.
Дүлдүл ойды бұлбұл ең тамылжытқан,
Саңлағы едің қазақтың, санаысы едің.

Көркемдіктің сан сиқыр кілтін таптың,
Жас ұланға жақсы үлгі беріп бақтың.
Алатаяға жантайып сен де жаттың,
Сені сүйген жүрекке қатты баттың.

Сенен қалған сүгірет десте-десте,
Гүл-гүл жанған, жайнаған шебер кесте.
Қазақ барда өмірі өшпес-өлмес,
Жас қазаққа мектеп қой тұrap есте.

Әл үстінде көп жаттың – жаның дүлдүл.
Үнсіз жаттың көз жұмып – қайран бұлбұл!
Мәңгі үйқыға ақыры сен де баттың,
Кете барды ішінде талай гүлгүл.

Ұлы ұстазым кеменгер, ту ұстадың.
Жас талапқа жосылған жол нұсқадың.
Жеті алыптың бірі едің көзі тірі,
Неткен, өмір, осынша тым қысқа едің?

Ағып жатыр ағалар жетпес баға,
Қалып жатыр көк мөлдір бала-шаға.
Аман болғай артында туған елің,
Қош бол, саңлақ сүйікті Ғабит аға!

1985 ж.

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

ҚОШ, АҒА!
(Ғабит Мұсіреповке)

Езіліп еңсе, санаммен,
Бар ақылым жылап тұр,
Өзенім, тауым, далам мен
Ана тілім жылап тұр:
“Айрылдым, – деп шеберден,
Алтын таспа сөз өрген,
Өзі елді үйретіп,
Үйренетін өзі елден,
Кереметтердің де кетері
Табиғат заңы ежелден”.

Ұзақ та дарқан өмірді,
Кемеліне келтіріп.
Кемерінен асырып,
Өзіңдей кешкен адам аз,
Шапағат нұрын шашылып,
Өнерден соққан мұнаран,
Тарих жүзінде шанышылып.

Тірлікте тेर мен босаға,
Тірелген жері осы ара.
Саяхатшысы уақыттың
Атынан түсті, не шара.
Жүгенді, ерсіз дүние – ат
Босана шапты, босана.
Босана шапқан сол атты
Ауысып міндер ер сана,

Айтып бір кеткен осы Аға,
Ел алғысын жамылып,
Қазына берген қаншама,
Жасайды атың мәңгілік,
Қош бол енді, қош, Аға!
1985 ж.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

ҒАБИТ АҒА

Бірінші өлең

Анда санда маң-маң басып,
Одақ жаққа келуші едің.
Бізбен салқын амандасып,
Үнсіз өте беруші едің.

Кімді іздедің, кімге келдің,
Жөн сұрауға батпауышы едік.
Ізгі көніл інілердің
Шын әдебін сақтаушы едік.

Бөлек едің қалған жүрттан
Бас алмаушы ең көніл өртін.
Ойың биік болғандықтан
Бойың биік көрінетін.

Іздедім деп айта алмаймын
Көрмесем де мен сені айлап.
Өңің жүдеу тартқан сайын
Өкінуші ек өңшең бейбақ.

Бойындағы қуат кеміп,
Салқындастың айналаңа.
Қартаймайтын сияқты едің,
Қартайсан да қайран, аға.

Әлде көніл құрметім бе,
Жеткен ұлы мағынаға.

Мәңгі тірі жүретіндей
Көрінуші ең маған, аға.

Қалдық сөйлесе алмай кейде,
Болмаған соң мына бой тең.
майы азайған шамдай бейнө,
Сөніп бара жаттың, қайтем.

Ыстықсың ғой, қайран, өмір,
Күш барында елемедік.
Тағы бір жыл, тағы екі жыл
Тұра тұрса деген едік.

Саған деген сезім ізгі
Өзі бәрін байқар дедік.
Айтсақ деген сөзімізді
Біз үлгеріп айттар ма едік...

Кім біледі, өмір шіркін,
Жеткізеді көп арманға.
Қалдырыдың да қазақ жұртын
Кеттің кіріп көк орманға.

Кеттің кіріп ақ сағымға,
Біздің көзден тасаланып.
Жыладым ба, аңсадым ба
Жасым бітті қашан ағып.

Келеді өрік жаңа гүлдеп,
Пайда болды жаңа дөңес.
Іздеп сені барамын деп
Айтуға ауыз баар өмес...

Екінші өлең

Бауырынды жоқтасаң да
Шыққан-ау деп мыңнан зерек.
Әлжаппарға қолқа салма,
Ол Әлжекен бізге керек.

Жерден бақыт іздеңдей,
О дүниеде дамыл жоқ па?
Әбу ағам жүзге келмей,
Барады екен деме ол жаққа.

Өмір, шіркін, аяқталса,
Тірі атқарар міндеті бар.
Ғабиденге қонақ болсан,
Сейітжанды бірге ертіп ал.

Жұруші еңдер өмір бойы
Бір-бірінә жол ұсынып,
Сәбит құдаң қойын сойып,
Күтіп алар қол қусырып.

Қырдан сәлем,
ойдан сәлем,
Ағай еді керегі көп.
Жалғыз жүр-ау,
қайран Сәбен
Мәкем қашан келеді деп.

Ойламаңыз кәрі ме деп
Ғашық әүен неге тынар.
Құсни апам бәріне де
Шай қайнатып бере тұрап.

Өлімге де сенбей келдің,
Біраз жүрдің ілгерілеп.
Бұл жақтағы женгейлердің
Сізді іздейтін тұрлери жоқ.

Айналған бір аты аңызға
Төтеп берген қай сынға да.
Қыздай алған апамызға
Кім жетеді дейсің, Ғаба.

Бізден кісі сұрамағын,
Кісіміз жоқ басқа берер.

Жазушының бір Одағын
Сол жақта да басқара бер.
1985 ж.

Аманғазы КӘРІПЖАНӘУЛЕТІ

ЖҮРЕГІНЕ ҒАЛАМ СЫЙФАН, АРЫСЫМ...

Қалың қауым қаралы,
Күңірентіп қаланы,
Перзентімен жарқ еткен
Қоштасуға қатар түзеп барады.
Жаныңды езе лаулайды еken қарда мұн.
Айналайын күн дидарлы ардағым –
Ғабекенмен жүздесу –
Болған еді әу бастағы арманым.
Бірақ, бірақ,
Киелі елдің сөнді-дағы маздағы
Тәнір маған жүздесуге жағбады.
Асай ойдың толқындарын тежеп мен
Қоштасуға жеттім соңғы кезекпен.
Зал халыққа,
Шер кеудеге толды ақыр,
Көрсем дейтін Қонаев та сонда тұр.
Ал, арысым екі беті суалып,
Деміккендей аппақ болып қуарып,
Жатты, әйттеуір, сапасыздай болса да
Ұрпағының барлығына қуанып.
Демге келмей тыныс түк,
Данамызбен іштей ғана ұғыстық.
Неткен сұмдық...
Ұлылықтың құлағанды тауы шын
Дін заңы ма? –
Жаңғыртқандай тау ішін
Айқайлатып үрмелі аспап дауысын,
Өлгенде де бермей жатыр тыныштық.
Әруақты мазақ етіп қорлаған,
Дәстүрімде болмаған
Ойлап тапқан кәсіп пе? –

Сүйегін де салып қойған жәшікке.
Бітей жәшік тұр неге?
Кек алғандай мұрдеге
жасап қойған тұрме ме?
Фарыштарға көгендеген намысын
Жүргегіне ғалам сыйған, арысым,
Қалай сыйдың кіп-кішкентай табытқа?
Табыт – мазақ
Тұншықтырған тамұққа,
Жанарыңнан жарық күнді ағытпа.
Тағдыр қалай тартса солай жүгіндік,
Көзқарасым шығар бұл да бүгіндік.
Бәрібір де
Мезгіл басты мысымен,
Кінәләп та керек емес, түсінем –
Дәстүрлердің заманға сай талғамы
Әруақты құрметтесе болғаны...

1985 ж.

Садықбек АДАМБЕКОВ

АСЫҚПАЙ ӨТЕП ПАРЫЗЫҢДЫ...

Асықпай өтеп парызыңды,
Асықпай кетіп барасың.
Дүние теңізін төңкеріп,
Байсалды көзқарасың.
Ойыңа ұлы тең еді
Табиғат берген жарасым.

1986 ж.

Мұхтар ШАХАНОВ

ЭВЕРЕСТ

Ғұмыр бойы тыным көрмей арпалысқан Ар үшін,
Шыншыл, адап мінезімен жақын еткен алысын,
Күллі қазақ өнерінің арқалаған намысын,
Сенімен де қоштасар кез келгені ме, арысым?

Саған деген қошаметтің ұлан-ғайыр аумағы,
Табытыңа бас иіп түр қазақтың бар таулары.

Саған сәлем кең далаңнан –
жанарынан жас тамған,
Саған сәлем жас буыннан –
жазылмаған дастаннан.

Қай кезде де туған елге деген ұлы махаббат,
Өз ұлтының даналарын қадірлеуден басталған.
Ғасырына қуат қосқан даңқыңды ешкім бөгемес,
Қазақтың сөз өнерінен бой көтерген Эверест.
Қадірлім-ау, ескерткіш қып сенің ұлы тұлғаңа,
Кек тіреген Алатаудың өзін қойса көп емес.

1986 ж.

Жәркен БӘДЕШЕВ

ҒАБИТ МУСІРЕПОВТІҢ ПОРТРЕТИ

Біреуді мақтап, қүндейтін,
Жарамсақ жанды жақтырмай,
Үстіне тозаң ілмейтін,
Сілкініп бейне аққудай.

Тік ұстап бойын,
Қас көріп,
Ұқсайтын нағыз серіге.
Кететін қара тас та еріп,
Теренінен алған деміне.

Жібектей сөзі кір тұттай,
Төгіліп тұрған сән еді.
Мысқылы түзу мылтықтай,
Әзілі өсем ән еді.

Жырлауға болды ол хақылы,
Бірлікке үндел тіріні.
Бояудай жұғып ақылы,
Бататын балдай білімі.

Сексен үш деген жасында,
Майданға түсіп тіл үшін,
Айналып жазғы жасынға,
Суырды қыннан қылышын...

Үзілмей есіп ізгі леп,
Өзіне халқың етті үлгі.
Қолтықтап оны Қыз Жібек,
Театр жаққа бет бүрдү.

Ұллан да күтіп жүр шығар
Баппен сөйлөр төресін.
Ақтоқты қалай тыншығар
Ғабеңнің көрмей төбесін.

Сайлады оған төрін ел,
Сыбаға сақтап асынан.
Төлеген, Ақан Серілөр
Бір елі қалмай қасынан.

Соңында ұзап жол қалып,
Үлгі етіп үрпақ жүрерге.
Сапарлап кетті соңғы алып,
Болашақ деген бір елге.

1987 ж.

Шемішбай САРИЕВ

ҒАБЕНІМЕН АЛҒАШ КЕЗДЕСУ

“Кімсің?” – дедің жаңа сен,
Жан-жағыңа қара сен,
Ашып айтсам мен саған,
Ғабеңнің күйеу баласы ем.

Әмір қандай тамаша ен,
Мен де бір арна саласы ем,
Омаров сынды Илияс –
Тұлғаның күйеу баласы ем.

Оң етіп жолды лайым,
Жар еткен өзі құдайым,
Ілекең туған нағашы –
Көпештің қызы – жұбайым.

Болмаса да дәнене,
Қалмасам деймін бәлеге,
Ілекенің жан-жары,
Телефон соқты Ғабене:

– Үй ішің аман ба?..
... Не болғанын хабарла...
Ілиясқа күйеу бүл бала,
Күйеу бала саған да, –

Деді де айтты бір шаруа,
Бітер деді иншалла,
Ұлы адамды Ғабендей,
Оңай өмес жұмсау да!

Таңырқадым таң қалдым,
Екі тұлға жандардың,
Ілияс пен Ғабенің,
Дос-туысын аңғардым.

Шақыртты екен, а, неге?..
Ойымда жоқ дәнене,
Хабар алдым күн өтпей,
Жетсін деген Ғабене!

Жүргімді толғанттым,
Не болса да қолды арттым,
Санаторий “Алматы” –
Қайдасын деп жол тарттым.

Қалай енді жол табам,
Карта көрдім ортадан,
Есік қағып ішке енсем,
Отыр екен төрт адам.

Қолда карта ойда екен,
Бәрі таныс жан ба екен?..
Сәлемімді алар алмастан:
– Мизер! – деді Әлжекең.

Ғабаң басын имеді,
Әлжаппар аға сөйледі.
– Жолың болар, әй, бала,
Мизер анық, құй! – деді.

Түсінбедім басында,
Саусақтарым шашымда,
Жеңіп шықты Әлжекең,
Солай болды расында!..

Көздері тұнық ойлы еді,
Ешкім сезін бөлмеді,
Ғабиден аға шалқайып,
Келесі жол: – Он – деді.

Жанымды менің толқытты,
Шыныменен қол шықты,
– Келіп түр ғой ортаға,
Қол шығарғыш бір мықты! –

Деді бірі бұрылып,
Іштей сезге жылныып,
Қашқым келіп мен тұрмын,
Қалмасам деп ұрынып.

Қол шығарып жапырттым,
Қолдан дәм-түз татырттым:
– Мына бала кім екен,
Көрейін деп шақырттым!...

Сынап Ғабаң жанары,
Жаным толқып барады,
Сырбаз жүрек сыланып,
Жан-жағына қарады.

Көтеріліп бір саты,
Болмағандай мұрсаты,
– Өзіміздің Ілияс –
Телефон соққан Гүлшаты!...

Селқоссыз ғой Сіз неге?..
Қарая керек ізге де,
Ілияскә бала болғасын,
Күйеу бала бізге де!

Тасқан теңіз кемері,
Көрдім ұлы кемені.
– Ал, Ғабиден, ұнаса,
Батаңды бер! – дегені.

Ұғу қыын жайымды,
Парықты сөзбен пайымды,
Қарсы болмай ол болса,
Батасын қысқа қайырды.

Біреудің құлын, тайымын,
Батасын алып байыдым,
Жұзді өмірде іркілмей,
Содан бастап қайығым!..

Табиғаты табанды,
Тәкаппар, ізгі, жанарлы.
Осылай алғаш мен көрдім,
Ғабендей ұлы Адамды!

БАЙТҮЯҚ ЖАНЫМБЕТОВ

АТАМЕКЕН

Кім білсін ата қоныс, ескі қыстау еркін алды,
Ғабекен бұл жолы бір топ кісі ертіп алды.
Балалық жастық шақ еске түсіп кетті білем,
Түсті өзі алдымызыға артқа тастап Елтінжалды.

Сексен жас сонда, бәлкім, оралмасын ойлады ма,
Ниеті ауа берді осы жаққа той алдында.

– Ана тұста, атамекен жұртым бар, –

деп жол сілтеген,

Ғабекең алып келді шағын орман қойнауына.

Уақыт қой, несін қойсын балшық үйлер орны қалған,
Тап басты Ғабаң бірақ өз үйінің жонын қалған.

– Болсам да бес-алты жас, әлі есімде, анау тұста,
Екі жылға көшіп келген Сәбиттердің орны бар да.

Еш жерде марқұм соны айтпай кеткен жазғанында.
– Қайсы бір жоқшылықта балалықтың қалғаны да,

Тұрмыз ғой енді оның да жылын беріп туған жерде,
Балақ түріп сақа ойнаған өздеріңдей шалдарың да,
Деп қүліп Ғабен ұзақ айналаға қарай берді.

Елестеп балшық үйлер, мүмкін, сәнді сарай көрді.
Туған жер бір сәттей қайтып келмес ұлын сезіп,

Жетелеп қырыларға көніл толар арай берді.

Кейбіреу дардай Ғабаң туды дерге сенбеді ме,
Дегендей ескі қоныс, қоңырсыған көндері не?

Толқыған ақынжанды адамның кейпін сезбей,
Жауын осы жауар ма деп қарайды ғой төңірегіне.

Кім білсін ашық еді, шөкімдей бұлт қайдан келді,
Ғабаңды дей алмаймын бірақ ол ойдан бөлді.

Тұрғанда ескерткіштей балшық үйдің қыр жонында,
Жүгіріп қара бала жақындағы сайдан келді.

Құйды, міне, жауын сонда

шөкімдей бұлт шыр айналып,

Жұрт қалды таса іздеуге машинаға ыңғайланып,
Ұялды ма ағасынан Алматыдан ерген ақын,

Ғабаңа мән бермеген айналшықтап тұрды айналып.
– Нұр ғой бұл, – деді Ғабаң, – көгіне жата кетсем,

Ана бала тұрған шығар мені осы ата деп кеп.

Жә, жігіттер енді ана ауыл жаққа жүреміз бе,
Ыстық қой кімге болсын осындауда атамекен.

Бет алдық қалың жұртқа Сәбененің асын берген,
Ортада Ғабен жүрді кербез қалпы қасын керген.

Терістік қатаң еді-ау тегін босай қоймайтығын,

Сол жолы төге салды қос арысқа жасын неден?

1988 ж.

1990-1999

Зейнолла ӘКІМЖАНОВ

ЗАҢҒАР

Балаған елі шыңға да ен,
Асқардың өзі-ау, шын, Ғабен.
Дарағай, дана тұлғамен,
Асқақтап, асып туған ең.
Алаштың заңғар ұлына
Басын бір иген құллі әлем.

Асқақтатар дара аспаным,
Сарқылмас дана – дастаным.
Шаңқ етер шыңнан асқақ үн,
Тәбәрік етер қас тәлім,
Аңсатып елді асына
Алаштың басын қосқаным.

Ақ тілек айтып сом далаң,
Ақтүйғын қанат қомдаған.
Әлемнен озған шоң бабам,
Әйгілі пырақ – жорғадан.
Қазақтың жасы, кәрісі
Жүректен лұпіл жолдаған.

Тұлпардай баптап тұмарлап,
Балаған дара шынарға ақ.
Таңдал бір қонған шығар бак,
Атағы кетіп шығандап.
Бас иіп Алаш жатқанда
Орынында жатып бір аунап.

Әрлеумен ғасыр әжімін,
Ғұмырдың өтер жазы мың.

Айғақтап үрпақ тәжімін,
Әлпештер қазақ өз ұлын.
Ғабеңиң тауып қашанда
Қазақы сөздің қазығын.

Өтсе де талай таңдарын,
Сағынар қазақ саңлағын.
Піріңе балап аруағын,
Пайымдар қыран самғауын.
Алаштың бесік, құндағы
Құрметтер болар ардағын.

1992 ж.

Болат ҚОЖАХМЕТОВ

ЖАЗУШЫ ТУҒАН ЖЕРИНДЕ

Бесік болып тербеткен атамекен,
Жүргегінде жазылып жатады екен.
Ат арытып, алыстан келген ұлы тебіреніп,
Оған тіл қатады екен...

Бұл махабbat арманға асық кезден
Басталады, балалық... машық кезден...
Сол махабbat құтайған қымбат ұлы,
Қарайды екен жеріне ғашық көзben.

“Дала бар ма – Есілдің даласындей?!
Қала бар ма – Қызылжар қаласындей!?
Мұндай мекен жаһанда бар ма екен!?
Шіркін, туған жерінің бәрі осындей!

Табаныма тигенде топырағым,
Көкіректі кернеді нөпір ағын...
Жанарыма жасырдым жас құнімді,
Жайқалғанда жап-жасыл жапырағың...

Сағыныштың селіндей ақерке Есіл,
Тербетіп түр даңғайыр дән өлкесін.

Тұған жердің келбетін қөшіріпті,
Айдынына түсіріп көлеңкесін...

Дархан дидар даланың көркі – Есілім,
Сен бір қүре тамыры – жер төсінің.
Саған деген сарқылмас сағынышты,
Толқыныңмен таратшы, ерке Есілім.

Революция таңында қызыл жалын,
Өңшең өрен: ұлы – от, қызы – жалын.
Күрескерлер атойлап аттанғанда,
Мен де ортада болып ем, Қызылжардың.

Ең даласын Есілге құндақтаған,
Қызылжарым – қашаннан қымбат қалам.
Ұмытылмас сендері сайран құндер,
Қайран құндер, қымсынбай тіл қат маған.

Ей, Елтінжал, жасарып, жайна дәйім,
Аққайынды арудай аймалайын.
Айта берсе, алғысым толып жатыр,
Атамекен, атынан айналайын”.

Тұған жердің дидарын мұсін етіп,
(арда жүрек тосыннан дүсір етіп),
Атамекен атынан мың айналып,
Тебіреніп тұр – Ғабит Мұсірепов.

1992 ж.

Дүйсенбек ҚАНАТБАЕВ
СОЛ БІР КЕЗ

Кешір, Ғабе! Құдірет, заңғар тұлға,
Ғарасатта ғайыптан қалған тұнба.
Ес жия алмай, еніреп түрған сәтті
Елестете беремін сол қалпында...

Жұлдыз жүрек тоқтаған... Ауыр қаза,
Ауыр қаза батады қабыргаға.

Қара жерге қимайды аяулысын,
Қала-дағы қайғылы, ауыл да аза.

Көнілі пәк, жаралған жаны күннен,
Әр сөзінен көңілдің сәні кірген.
Кеменгерің еді ғой,
 қайран дала,
Қоштасатын күн туды алышыңмен.

Өзек жанып, түсті де өрт тынысқа,
Ғұламаның ғұмыры өтті қысқа.
Алақандай қапасқа қарай бердім,
Қарағандай қаралы төрт бұрышқа.

Бар жамандық қашатын қара ниет,
Бар жақсылық артатын соған иек...
Бұлт боп торлап
Басымда түрдү бір ой,
Енді күнің не болмақ, әдебиет?!

Енді қалай айыптан ақталасың,
Кім тазалар Авгейдің ат қорасын?
Әділеттің алдында кейінгі үрпақ,
Ажырата алар ма ақ-қарасын?

Соның бәрі, апыр-ай, қалды артында,
Ақырғы сөз айтылмай қалды алқымда.
Қалды артында өрекпіп бір өкініш,
Үзілмеген қалды үміт нар халқында.

Кешір, Ғабе,
 хәлімді алабөтен,
Ақиқатқа жүгінген жөн-ақ екен:
Даласы мен Данасы қатар тұрса,
Таразының қос басы болады тәң...
 1992 ж.

ҚЫЗ ҚАРАҒАЙ

Шыршаны атاي берер деп қарағай,
Білмейді айырмасын дөп қарамай.

Есеней бүркеуінде жалғыз шырша,
Атаған Ғабең оны “Қыз қарағай”.

– Шыршаның болады екен жынысы ерек ,
Өседі ұлы бөлек, қызы бөлек.

Жас кезімде бар еді осы шырша,
Тегі бұл қыз қарағай болу керек, –

Деп Ғабең жалғастырды сөзін әрі,
Ынта қоя тыңдады жұрттың бәрі.

– Өскенмен жалғыз өзі көбеймәді.
Қамқорлық керек екен бұдан әрі.

Қасына отырғызыса ұл қарағай,
Ұрпақ жайып кетеді әрі қарай.

Орманшылар не қарап жүреді екен,
Мұндының қасына кеп бір қарамай.

Күрсініп Ғабең ауыр тыныс алды,
Айнала көвшілікке көзін салды.

– Сүйе біл, табиғатты қорғай да біл, –
Деп Ғабең сөзін солай аяқтады.

Қыз қарағай тілегі болып қабыл,
Совхозға директор боп келді Тобыл.

Қолынан отырғызды ұл қарағай.
Жаны ашып табиғатқа қарайтын ол.

Ғабеңнің ой-арманы орындалды,
Бірақ та тірісінде көре алмады.

Көрсе егер белгілі ғой қуанғаннан,
Тобылға алғысының арналары.

Бұл иғі іс адамдықтың белгісіндей,
Осыны қыз қарағай түсінгендей.

Үрғалып желмен ойнап, басын иіп,
Тағым ете қозғалды билегендей.

1992 ж.

АҒАНЫ АҢСАУ

Тоқсанға толған күнінде,
Тоғыса алмадың халқынмен.
Көрісе алмадың, дүние,
Дүрілдеп тұрған даңқынмен.

Таусылды тағат, амалым,
Даусыңды ғана тыңдатып,
“Жоқ!” деген қызын қамалдың,
Аржағынан үн қатып.

Ғайып боп ғажап кескінің –
Патшадай мұсін, ай маңдай,
Қағасың бүлдыр кешқұрым,
Ауаға жұпар жайғандай.

Қайтара алмай өзіне
Алланың қатал бүйрыйын.
Көрінбей қалдың көзіме,
Айбыны асқар биігім.

Халықпен өмір бір кешкен
Даңғайыр, дархан данышпан.
Еңбегінді айтып түгеспен,
Қадірінді айтып тауыспан.

Сағындым мұңдан айықпай,
“Қасымда жоқ” – деп, ағам да.
Ескексіз мынау қайықтай,
Қалтылдап тұрған заманда.

Баяны қысқа, ақ дәурен,
Өтерсің сен де біздерден.
Арыстандарды аңсаумен,
Арыстарымды іздеумен...

1992 ж.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ

Қазақтар аспандатса ақыық дейді,
Төмендетсе жақсыға жағы илікпейді.
Әйтеуір ес білгеннен еститінім,
Ғабенді өз халқы үшін жанұйық дейді.
Енді-енді тарихымды анық таптым,
Татыр ұлың болмаса танытпақ кім.
Бір өзі бір үлтты әйгілі еткен,
Бірі еді халқым туған Алып топтың.
Ол топта Сәбит, Ғабит, Мұхтар еді,
Айтса айтқандай алыптар мықты-ақ еді.
Аз халықтан бар-жоғы бір ғасырда,
Шекспир, Толстойлар шыққан еді.
Иә, ол өмір сүрді бір ғасырдай,
Сенің де, менің де жан сырласымдай.
Ел көшінде көрінді шат-шадыман,
Кеудесінде білгенге мұң басылмай.
Көп білеміз Ғабене сый болғанын,
Аз білеміз Ғабенің қиналғанын.
Біз білмейміз сол кезгі аштық-қастық,
Бір Ғабенің басына жиналғанын.
Тағдыры оның халқының тағдыры еді,
Тарихы тартылған тандыр еді.
Көру түгіл естіsek есің кетер,
Қалай ғана шыдады жан-жүрегі.
Бізде көп татымы жоқ құнсыз егес,
Тас болған соң тарыдай құмсыз емес.
Кейбіреулер айтқандай сал-сері деп,
Дәл Ғабенің өмірі мұңсыз емес.
Ән болса зар шығатын ариядан,
Кино болса жұздеген сериядан.
Қалай аман, ойпырмай, қалған деші,
Қорқаулар – Голощекин, Бериядан.
Кімді-кім ол заманда даттамады,
Кім шашпады бықсыған шоқ шаланы.
Дін аман қалғанына таңданып ел,

Бар деді ол кісінің оққағары.
Біреулер оның күні батты деді,
Апарып абақтыға жапты деді.
Ғабенәнді алып қалды сол пәледен,
Алдымен туған жердің ақ тілегі.
Сыртынан талай “досы” сатты деді,
Сол үшін жоғарыдан тақ тіледі.
Ғабенәнді алып қалды қарапайым,
Қазақтың аңқылдаған ақ тілегі.
Ол өзі бар халыққа бақ тіледі,
Барғанда Ақалтеке ат мінеді.
Ғабенәнді алып қалған қазақтан соң,
Түркі елі – түркіменнің ақ тілегі.
Болды оның туған жерде нақ тірегі,
Орысша он бесінде-ақ от күреді.
Ғабенәнді алып қалды Иван Шухов,
Ормандай орыстардың ақ тілегі.
Іздегені жанұя шаттық еді,
Бала деді біткенше ақтық демі.
Ғабенәнді алып қалды айдай сұлу,
Өзінің қыздарының ақ тілегі.
Ол өзінше өшпейтін от тіледі,
Сал-серілік мінезі сәтті де еді,
Ғабенәнді алып қалды бар пәледен,
Сұп-сұлу әйелдердің ақ тілегі.
Ана деген Ғабене ақ гүл еді,
Әрбірінің басына бақ тіледі.
Алып қалды Ғабенәнді соның бірі,
Ұлпандай анасының ақ тілегі.
Не керек, Ғабенәнді біздің аман қалды,
Дәлелдеп жақсылар мен жамандарды.
Тастады тағдыр солай сол тұлғаны
Шайқалтсын,

жайқалтсын деп замандарды.

Өзгерер әлі талай заман түрі,
Өзгермес қалам пірі, адам пірі,
Ғабенәнді аман қалған соң, халқым аман,
Халқым аман тұрғанда Ғабенәнді тірі.

1992 ж.

“ҰЛПАНДЫ” ОҚЫҒАННАН КЕЙІНГІ ОЙ

Анаға айтқан сөзі тәтті шекерден,
Сөйтіп ана ақ парызы өтелген.
Асқақтатып, қазақ қызын ардақтап,
Әйелдерді ту қып көкке көтерген.

Жаралғандай махаббаттың өртінен,
Жауһар сөзге рахаттанып елтігем.
Сағынғанда ауылдағы анамды
“Ұлпанды” оқып көз алдыма келтірем.

Сыр тартқанда ғашығыммен көнеден,
Болған едік Қыз Жібек пен Төлеғен.
Сағынғанда ай бейнелі жарымды,
“Ұлпанды” оқып бақ-сезімге бөлөнем.

Көргісі кеп аңсаған жан анасын,
Іздеуі анық сағыныштың дауасын.
Нағыз ана, нағыз ару іздесен,
“Ұлпанды” оқы, бәрін содан табасың!

1998 ж.

2000-2007

Есләм ЗІКІБАЕВ

ҒАБИТКЕ

Арқаның жазығынан самал есіп,
Тербереген қиялымды дала – бесік.
Ақын болсам, алтынға буланғаным
Ақ иық бабаларға қарап есіп.

Қасіретті, қасиетті аймақ – шеңберлерім,
“Елімайлап” еңіреген ерлер демін.
Сіміріп жастайымнан жұтып өстім,
Қожаберген, Шал ақын, Мағжан, Сәбит...
Тұтып-өсken бесікте тербелгенмін.

Үйренген ұлағатым елден менің,
Жүйрік пенен жабыны тенгерmedім.
Кекірегі кең жандарға жақын жүріп,
Ертерек ұқтым ездің ерден кемін.

Құлазыса көнілім шерден менің –
Тірі өлгенім, жөргекте жерленгенім.
Айтқаны нысананаға дөп тиетін
Көз емес, көрдім сөздің мергендерін.

Басынан құнде өткерген ғадауатты,
Ел үстінен сел жүріп, заман ақты.
“Бейімбет жау болса,
онда мен де жаумын!”
Деген сөзден көргендей ғаламатты,
Жанашыр жүрт жүргегін жарапапты.

Қопарылып кеткендей сен дүбіле,
Қушиып жүре берген кең дүние.
Ішін тартып ерінің ерлігіне,
Күніреніп кеткендей енді міне.

Көштен қалмай әйтеуір қосақ үшін
Әркім балтап бәйгеге ит қосады шын.
Бар ғұмырда жұлдыздай қатар аққан –
Елім мақтан тұтады лайығымен
Бір тамырдан

нәр алған қос арысын.

Айдынындаш шалқыған тенізінің,
Сибан керей десендер негізі кім.
Қазағымның көгінде жарқыраған
Сәбит-Ғабит – қос жұлдыз, егіз ұғым.

Алда дәйім бәйгенің аламаны,
Қара сөздің қайыспас қара нары.
Сарбаздарын самсаған ілестіріп,
Сәбит-Ғабит көш бастап барады әлі.
2001 ж.

ҚАЙРАН, ҒАБЕМ! (толғау)

Ұлылықтың болған ба шеті, шегі...
Ордалы ой тамырыңды бекітеді.
Айтары жоқ жандардан арқалы ел
Жүзге жетіп жатса да не қүтеді?..
Кемедей қозғалатын қайранда әрең,
Қақтырып сөз қанатын сайран дәурен,
Сенен де өткені ме қас қағымда,
Ғасырдың ғұламасы қайран Ғабем!

Құндер де бірі кетіп, бірі келіп...
Уақыттың күзі жетіп, күні кеміп,
Өрелі ойдың ордасы Одағымда
Орының бос тұрғандай үңірейіп,
Өзінді ізейді көп күніреніп.
Сездірмей сыздатса да жанды мұны,
Байқалмайтын дабыра, шаң, дүбірі...
Толтырып маңғаз қалпы тобымызды,
Жүретін секілденіп ханның ұлы.

Ұққанға сөздің нарқы – мың қаралық,
Ойларың жанды орайды мұңға малып.
Таудан басын алатын тас бұлақтай
Жүректерге жол тартар жылғаланып.
Алыстаса Алатау да шыңдарымен
Көрінер көз ұшында тұлғаланып.
Бал қарағай, сал қайың жері тұнған...
Жау келсе, ел шетінде ері тұрған.
Сарыарқа, қасиетіңен айналайын
Мағжанды, Сәбит пенен Сені туған!

Күй кеуде күмбір-күмбір сырға жақын,
Күннен күмбез көтерген сырбаз ақын.
Ойларымен өлмestей өрнек тізіп,
Қасиетті қара сөзбен жыр жазатын.

Алмағайып уақыт та асқынады,
Жасты – кәрі, кәріні жас қылады.
Жаһұт жырлар жеті қат жер астынан
Жарып шыққан асылдай тас тұманы.

Шың-өрде де өрекпіп, шалқымай түк,
Тірліктен тілемеген жартылай құт.
Оятып өлкөлөрді, өркенді елді –
Ойларын кетсем дейтін сарқып айтып.

Кезде де түйықтарға тірелетін,
Кезде де мың тіріліп, мың өлетін,
Тағдырының талқысына талай түстің,
Маздатып жандырсам деп жүрек отын.

Жерді оятып, тағы да жырды оятып,
Жалпақ жұртпен бір тұрған, бірге жатып...
Жүректерге нұр құйған әр сөзімен,
Жеткізсем деп еліне қунде бақыт.

Емшісіндей заманның, ғаламның да...
Ел күніренсе, көкірегін малар мұнға.
Тек өзі құныкердей ар алдында –
Сезінетін тұрғандай ар алдында.

Дүние – дода, бәріне араласқан,
Өлген-тірілгеніне қарамастан,
Жан беріп, жас алысқан, жағаласқан...
Обырдай отыз жеті – көз алдында,
Жанады жер өртеніп, жанады аспан.

Арасында адасып ел даудың көп,
Бірін бірі тұтіп жеп, келді-ау күнделеп.
Көкірегін көлөңкелемей оққа тосты:

“Бейімбет жау болса,
онда мен де жаумын!” – деп.

Аққудай айдындарда жүзіп келген,
Өлмestей ой өрбіткен үзіктерден.
Бабадан қалған мирас – мәрт мінезben
Аямай досқа жанын үзіп берген.

Тарихын ел орнына қойғанда әрең,
Ертеңің өншісі не? Ойланбап ең.
Қасіретті мол тартқан үрпағына
Тығырықтан жол тапқан қайран Ғабем.

Жұлдыз дейміз...
Жұлдызды кім алмады,
Алмағайып арман да мың алдады.
Тізгіні басқа қолда әр елдің де
Алды бұлдыр болатын тұман бәрі.

Өзі емес, өзегенің шамын жағып,
Ертеңі аргы беттен сағымданып...
Сырт көзге көсегесі көгергендей,
Өлөрмендей өзеуrep күн кешетін,
Төбедегі төренің малын бағып.

Дәмін татып қуаныш, қайғының да...
Өзің жүздің өзіңің айдыныңда.
Табаныңың астына мұз төседі
Тайғанақ тұғырыңнан тайдыруға.

Діні, ділі жоқ елдің сиынардай
Пайғамбарсыз, киесіз күйі қандай.
Өзің барда Одақ та көрінетін
Тентегін тыйып ұстар Биі бардай.

Ұлылышқа құшағын жайғанда Әлем,
Пір тұтар тірі сөздің Пайғамбары ең.
Ел төрінде орының қаңырап тұр,
Аңырап тұр, қасиетті қайран Ғабем!

2002 ж.

Күй кеуде күмбір-күмбір сырға жақын,
Күннен күмбез көтерген сырбаз ақын.
Ойларымен өлмestей өрнек тізіп,
Қасиетті қара сөзбен жыр жазатын.

Алмағайып уақыт та асқынады,
Жасты – кәрі, кәріні жас қылады.
Жаһұт жырлар жеті қат жер астынан
Жарып шыққан асылдай тас тұманы.

Шың-өрде де өрекпіп, шалқымай түк,
Тірліктен тілемеген жартылай құт.
Оятып өлкелерді, өркенді елді –
Ойларын кетсем дейтін сарқып айтып.

Кезде де түйықтарға тірелетін,
Кезде де мың тіріліп, мың өлетін,
Тағдырының талқысына талай түстің,
Маздатып жандырсам деп жүрек отын.

Жерді оятып, тағы да жырды оятып,
Жалпақ жұртпен бір тұрған, бірге жатып...
Жүректерге нұр құйған әр сөзімен,
Жеткізсем деп еліне қунде бақыт.

Емшісіндей заманның, ғаламның да...
Ел күніренсе, көкірегін малар мұнға.
Тек өзі құнықердей ар алдында –
Сезінетін тұрғандай ар алдында.

Дүние – дода, бәріне араласқан,
Өлген-тірілгеніне қарамастан,
Жан беріп, жас алысқан, жағаласқан...
Обырдай отыз жеті – көз алдында,
Жанады жер өртеніп, жанады аспан.

Арасында адасып ел даудың көп,
Бірін бірі тұтіп жеп, келді-ау қүнделеп.
Көкірегін көлеңкелемей оққа тосты:

“Бейімбет жау болса,
онда мен де жаумын!” – деп.

Аққудай айдындарда жүзіп келген,
Өлмestей ой өрбіткен үзіктерден.
Бабадан қалған мирас – мәрт мінезben
Аямай досқа жанын үзіп берген.

Тарихын ел орнына қойғанда әрең,
Ертеңін өншісі не? Ойланбап ең.
Қасіретті мол тартқан үрпағына
Тығырықтан жол тапқан қайран Ғабем.

Жұлдыз дейміз...
Жұлдызды кім алмады,
Алмағайып арман да мың алдады.
Тізгіні басқа қолда әр елдің де
Алды бұлдырып болатын тұман бәрі.

Өзі емес, өзгенін шамын жағып,
Ертеңі арғы беттен сағымданып...
Сырт көзге көсегесі көгергендей,
Өлермендей өзеуреп күн кешетін,
Төбедегі төренін малын бағып.

Дәмін татып қуаныш, қайғының да...
Өзің жүздің өзіңін айдыныңда.
Табаныңың астына мұз төседі
Тайғанақ тұғырыңнан тайдыруға.

Діні, ділі жоқ елдің сиынардай
Пайғамбарсыз, киесіз күйі қандай.
Өзің барда Одақ та көрінетін
Тентегін тыйып ұстар Биі бардай.

Ұлылыққа құшағын жайғанда Әлем,
Пір тұтар тірі сөздің Пайғамбары ең.
Ел төрінде орының қаңырап тұр,
Аңырап тұр, қасиетті қайран Ғабем!

2002 ж.

СҰЛУЛЫҚ ӘЛЕМІ

Ғабе, сен бір ғажайып әлем едің –
Сөзің-дағы, өзің де әдемі едің.
Ақ өлеңдей төгілген қара сөзің,
Қара өлеңдей өрілген ақ өлеңің –
Сыңғырлаған сұлұлық әлемі едің.

Қазақ тілін қанындай қасқалдақтың
Қасиеттеп, қадірін жастан бақтың.
Арулардың сезімін мәлдіретіп,
АНА деген үғымды аспандаттың.

Тамыршыдай таныған қыз жүргегін,
Қаламгердің нәзігі, үздігі едің.
Ғашық болып көрмесең Төлегендей,
Ақық болып түсер ме Қыз Жібегің.

Құмда кезген алдына қара салмай,
Маңғаз едің маң басқан сары атандай.
Тамырыңың бүлкілі терең еді,
Асық ақын болсаң да Сері Ақандай.

Қасиетін қастерлеп алып қалдың
Алыптардың, кешегі арыстардың.
“Мен де жаумын!” – деп өттің қоғамына,
Апанында тұрсан да арыстанның.

Халқың аштан қырылып жатқанында,
Қайтпадың да, тілінді тартпадың да,
Бірі болып бесеудің, бесатардың
Бір оғындан жауынды атпадың ба?

Он сегіз жыл арылмай бастан құрық,
Жаншып бақты заманың жасқандырып.
Жан жарасын емdedің тіліңменен
Көкбөрідей оңаша аспанға ұлып.

Етегіне ел сиған кеменгерім,
Елің үшін еңіреп не көрмедің.
Фасырлардан озарсың қөктей тіліп,
Омырауымен мұз жарған кемем менің.

Тот баспайтын тарихтың көрмесінде
Сөзің қалды, өзің жоқ жер бетінде.
Сен қазақтың басына қонған бақсың,
Жарқыраған жұлдызының қеудесінде!..
2002 ж.

Кәкімбек САЛЫҚОВ

ӨЗІ СҰЛУ, СӨЗІ СҰЛУ ЖАН ЕДІ

“Гәккү” десек Ғабит еске келеді,
“Қызы Жібек” пен Құләш бірге ереді.
Ақан, Сәкен секілденген Ғабен де,
Керім, кербез, билаз сылқым сері еді.

Таң қалушы-ек басқанына аяғын,
Жұрт сүйетін маң-маң басқан аяңын.
Көркем жүзін жарқ еткізіп, жалт қарап,
Құмартуышы ек серпе салса таяғын.

Шалдық емес таяқ деген салдықтан,
Әлемдегі серілікте барды ұққан.
Сұлу еді көкірегі де, өзі де,
Көркем сөздің бар ғажабын жаңғыртқан.

Паң сөйлейтін
Тілдескендей Айменен.
Оған таныс
Сөз болса да қай белөң.
Абайды айтса Мұхтарды да тастамас,
Арғымаққа бірге ергендей тай, дөнен.

Сұюші еді атамекен аспанын,
Ойламайтын сонда жеке бас қамын.

Серіз Сері, Шал ақынды
Еске алған,
Естіп едім сан әңгіме дастанын.

Бір айтқанын көкейіне сақтатып,
Кетуші еді мәнгі-бақи жаттатып.
Қызық еді-ау ақылдыны ардақтап,
Ақымақты отырғаны боқтатып.

Аз емес қой аға жайлы айтарым,
Көзі айтатын бойында өшпес сайтанын.
Сұлу көрсө жоғарғы ернін мүсіндең,
Мүсірепов мырс еткенін байқадым.

Сыр жүйесін келіп отыр келте еткім,
Білімдары еді-ау, шіркін, жер-көктің.
Мен білетін көркем сөздің данасы,
Ғабит аға сұлтаны еді еркектің.

2002 ж.

Несіпбек АЙТҰЛЫ

СОҢЫНДА СӨЗІ ҚАЛҒАН

Жетеді мұратына талпынған жан,
Маздаса өмір оты шалқып жанған.
Келер ме қайта айналып, шіркін, жалған,
Аттанған сол бір бала Елтінжалдан?!

Кім білсін, Алтынжал ма, Елтінжал ма,
Жер аты жоғалмайды ел тұрғанда.
Елтінжал тебіреніп жатқаны анық,
Шыр етіп дүниеге ол туғанда.

Елтінжал – алтын бесік, күміс құндақ,
Тербетті жөргегінен нұр үшқындалап.
Киелі, қасиетті атамекен,
Қашанда туған ұлын тыныс қылмақ!

Алыстан атырабын сағым жуған,
Ой, шіркін, Елтіңжал-ай, сағындырған!
Кіндігін Ғабитінің Қызыр кесіп,
Аспанның ақ сүтіне шомылдырған!

Соңында сөзі қалған ер өлмейді,
Елтіңжал ертелі-кеш елеңдейді.
Қыырға қыз – қарағай мойнын созып,
Оралып Ғабен бір күн келер дейді.

Толтырып айналасын өлең-жырға,
Топ бастап тұседі өлі Ғабен мұнда.
Құстары Елтіңжалдың ұйықтамай жүр,
Кеп қалса қайтеміз деп таң алдында.

Көрінсе ай маңдайын жарқыратып,
Құшады қуаныштан халқы бақыт.
Шулайды орман-тоғай шүйіншілеп,
Аспанға анадайдан бөркін атып.

Дәм татпай көптен туған аймағынан,
Қайда жүр, кешікті ғой, қайран ұлан?
Барлауға болашақты кетті ме әлде,
Ғасырдың аман шығып ойранынан?

Айрылып қатарының қаншасынан,
Қырғынды кешіп өтті қан сасыған.
“Бейімбет жау болса егер, мен де – жау!” деп,
Қатерге басын тікті жан шошыған.

Сұмырай судай төккен қызыл қанды,
Тарихтан жасыра алмас ізін мәңгі.
Қаламның ұшыменен Мұсірепов,
Қасірет мұхитының мұзын жарды!

Үрейден үн шығармай тысқа мұлде,
Жұз өліп, жұз тірілдік қысқа күнде.
Ғабенің қаһармандық күелігі –
Бесеудің жазған хаты Сталинге!

Жырлауға жетер ме оны жыр құлашы,
Болмаса Мұхтар, Сәбит тұрғыласы.
Көтеріп үлттың туын келе жатыр,
Заманың заңғар ойлы сұнғыласы!

Мағжандай демесеңіз атылмады,
Найзағай төбесінде шатырлады.
Алыптар ортасында маңғаз басып,
Әнеки, Елтінжалға жақындады.

Елтінжал жүз жасаған ұлын құтіп,
Сайрайды бұлбұлдары құбылжытып.
Тамсантып Ғабең соққан сөз сарайы,
Әлем тұр таңдайының сүйн жұтып.

Көз салып қолмен тәккен өрнегіне,
Марқайып отыр өзі төрде, міне!
Еліне осы жолы есеп беріп,
Кетпекші бір ғасырлық еңбегіне!

Қарсы алып ардақтысын мына ғасыр,
Той өтер Елтінжалда ұлан-асыр.
Ғаламның Ғабең шертсе шежіресін,
Тереңнен төңкерілмей тұра ма сыр!

Сыртылдан алтын сағат күміс баулы,
Білмейді уақыт бір сәт тыныстауды.
Тапсырды ұлы Ғабең үрпағына,
Тәүелсіз елдің Туын тік ұстауды!

Білмеймін, Алтынжал ма, Елтінжал ма,
Жер аты жоғалмайды ел тұрғанда.
Тұсынан Елтінжалдың нұрын шашып,
Рухы жарықтықтың жарқылдауда.

2002 ж.

ГЕРАКЛ

“Авгейдің ат қорасынан бастайық...”
Fabit Mysirayev.

Қор болғаны-ай,
Тепкі көріп –
Өшпес Сана,
Әр Ақыл:
Тым асығыс кеттің өліп,
Қайран Fa-бе –
“Геракл”!

Тірі жүрсөн,
Бәлкім,
Бұлай –
Болмас па еді,
Кім білген?!
“Авгей” де – өлген...
... Әркім – Құдай,
“Қораға” еніп үлгерген!

Жер иесінде жоқ Рахат,
Жан шошытқан Азап бар:
Римдіктер –
Өмірі опат,
Жылқымінез – Қазақтар!

Ұқсап Битке,
Бүргелерге,
Андал –
Іште-Құстаным:
Дүрбеленде –
Кірмелерге –
Қора –
Қазақстаным!

Қазып – Тұбін,
Тергеп – Тегін,
Соғады өртеп От-Боран:
Тәүелсіздік жәргектерін –
Құрт-құмырсқа қаптаған!

Қоғамы да,
Адамы да –
Обыр – Өңеш Оспадар:
Жүйріктедің Ғаламына –
Билік құрған Шошқалар!

Зәбірләйді,
Зақымдайды,
Тұлпар –
Мәші тәнге есен:
Бұрынғыша
Ақырмайды –
Кісінейді әңгі Есек!

Аруақ атып,
Шабатындай –
Істің арты насырға:
Не күн туды,
Жабатындай –
Алтын жабу Қашырға?!

Ми-Жұлынға айып таққан,
Ырық –
Бұтқа көшкесін:
Не ғып –
Талант тайып Тақтан,
Тасыр Төрде бөспесін?!

О, “Геракл” –
“Кенсайдағы”,
Ер еңіреп,
Ез күліп:
Қыр-арқамда

Қамшы ойнады –
Тірлігімнен бездіріп!

Басқадайын қалмаса амал –
Бараңдаймын соңынан:
Даңғой,
Дұмше,
Далбасалар –
Таспа тілді жонымнан!

Тағдырым жүр –
Тақымында,
Дертім қайтсін асқынбай:
Ойдай ықтый –
Ақырында,
Қойдан ыққан Қасқырдай!

Ұлыс-Ұлттың сағы сынбақ,
Не істерімді –
Білмеймін:
Тілден қалдым –
Қарысып Жақ,
Қанден қуған –
Пілдеймін!

Жын иектеп,
Пері соққан –
“Пегастардың” Мекені:
Нәжіс толы
Теріс аққан –
Телегей,
Тоқ етері!

“Алфея” иен “Пинеяны”,
Күшің жетсе,
Бөгеп көр?!

Көрің болар –
Көң Алаңы,
Талап жейді Төбеттер!

Талап жейді...
Қаңқа-Басты –
Әлі-ак,
Допша тебеді:
Тамұғында қан-қапасты –
Кенсірігім кебеді!

Күзгі... соңғы жапырақтай,
Жел өтінде жұтадым:
Машшар Күнгі Мехнантай –
Мен-зен Үрім Бұтағың!

Сенсіз Өмір – Сайран деме,
Бағзы-Бейнәт Бөтенбіз:
Кеттің өліп, Қайран Ға-бе,
Өліден де –
Бетерміз...

Құзғын... Қарға... Бақ Таласы –
Қара аспанды Қайғы алып:
“Авгейдің ат қорасы” –
Жат қораға айналып...

2002 ж.

Нұрлан МӘҮКЕНҰЛЫ

**СҰҢҚАР ҚҰСЫМ, ҒАБЕҢЕ
ШЫН ПАРМЫСЫҢ...**

(F.Мүсіреповтің 100 жылдығына)

1.

Қазақта қара сөздің хас шебері,
Мәңгілік таңбаланған тасқа мөрі.
Дегдар, сырбаз қалпымен сұлу етіп
Ана атын аңыз етіп басқан еді...

Қазақта қара сөздің лағыл кені,
Қарапайым қалпында сабырлы өңі –
“Оянған елкесімен” онтайына ап,
Сайын түз, саһар дала табылды емі...

Ұлықтап бар әлемге Ұлпан атын,
Ойымен әр түйіннен жыр таматын.
Көзімен әр қыырды бір шолатын –
Азияға сермеді бір қанатын,
Европаға сермеді бір қанатын...

Қазақта Ғабит деген аты қалған,
Білетін текті біткен, заты бар жан.
Ұлы Ғабең сонында ұлып қалған,
Біздерге жазған әрбір хаты маржан...

... Ұлы Ғабең – қашан да Ұлы Ғабең!
Ұлы Ғабең – қазақта Ұлық Әлем...
Сарыарқаның төсінен самғап ұшқан
Сол сұнқарды әлі күн тірі көрем...

2.

Қанатынан жел ескен сұнқар құсым,
Ғабенбісің, әлде оған шын пармысын?..
Сырбаз құсым, даламның дегдар құсы,
Қияндарға қиналмай шырқармысың...

“Ғабең” дейміз біз атын атай алмай,
Сұнқарым-ау, ұштың ба тақай алмай...
Сарыарқаның төсінде сандаламын,
Көкіректе көл-көсір от оянбай...

2002 ж.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВКЕ

1. АҚ ҚАУЫРСЫН

Қабағына қалғанда қар қонақтап,
Қарадай ел қалатын қалбалақтап.
Қайран, біздің алыптар асыл еді
Жеме-жемде бір-бірін алған ақтап...

Жадыратар халықты жай атымен,
Сал қаламгер саяқсыр саятымен...
Есін енді есінеп жинауда елің,
“Оянған өлкеменен” оятып ең...

Хан мен қара болмаған айырмасы,
Хас жазушы –
Шанқанбоз шайыр да осы...
Әдемі бір ән елдің әуелеген,
Қайтқан құстай қадірлі қайырмасы...

Әр жолында әуезді жатыр өлең,
Заңғары едің заманның заты кенен.
Есенейдің есесін жауға кеткен
Қайтарып ең Ұлпанның атыменен.

Жазықсыз ел қырылса жас парлады,
Ханға қарсы хат жазды хас тарланы.
Жұдырық бол жұмылған жұрт қамы үшін
Бес саусақтың Сен едің бас бармағы...

Туған кезде өмірдің зобалаңы,
Бейімбетті қорғамай не болады...
Тумаса егер ер болып анасынан,
Жазар ма еді жазушы “Ер-Ананы”.

Ажар қосып атағың Алматыға,
Саф алтынның салмағын салды атыңа...

Байланады бағлан ұл шығармаңа,
Айналады “Қазақтың солдатына”.

Талыменен таранған төңірегі
Қызылжар ел қызығар өнір еді...
Ақ қауырсын сүйкенсе ақ қағазға,
Ақ қайыңның шырыны төгіледі.

Кез болса да соңынан сөз бораған,
Жанарына сұлудың көз қадаған.
Махаббаттың асқарын бағындырды,
Махаббаттың дастанын жазған адам...

Алынғанша елімнің Азаттығы
Аз болмады көрмеген азап күні...
Қасқа залдан қасқайып шығып кеткен,
Жылап қалған кезінде қазақ тілі...

Талап қылмай тартыс пен таласыңа,
Асығатын әрдайым даласына...
Ақсүйек жан ұстаған Ақ қауырсын
Ақ қанат бол келеді Алашына!

2. ОТ

Сағымданса алыстап мұрат деген,
Жетерсің бе желаяқ шырақпенен.
Театрдан шыққанда үзіліске,
Таң қалдырын... тәмекі сұрап менен...

Бұл бақыттан есімді жинап әрен,
Апыл-ғұпты шылымды сыйлаған ем.
Мен осылай кездестім Жазушымен
Жиһаз етіп жазғаның жиған әлем...

Ел құрметтер Ер еді ерек ісін,
Тұтатып та үлгердім темекісін.
Жолықпадым содан соң жолдар соғып,
Жетпеді екен баруға неге күшім?...

Тұлғалардың көнілі түмадай-ды,
Қимас сезім санамда сыналады.
Ұлы туғіл бүгінде ұсағың да,
Ірісініп темекі сұрамайды...

Әмір талай мені де сынаған мың,
Талқысына тағдырдың шыдағанмын.
Тұтаттым деп шылымын мақтанамын
Жүректерге от тұтатқан Ұлы адамның!..

3. ҚОШТАСУ

Арманы аппақ аспанменен астасып,
Жүрген жан ем жүрегі ылғи досқа ашық...
Ауылдан бір Алматыға келгенде
Жатты бар ел Ғабеңменен қоштасып...

Қатал тәртіп қалуға тым шыдатпай,
Әуежайға жеттім сырғып сынаптай...
Қоштаса алмай кетіп бара жатқанға
Азаптады ауыр ойлар бірақта-ай...

Қарабауыр бүлтқа айналып бар бүркіт,
Ұшағымды мезгілінен қалды іркіп...
Асылымен жатқанда аспан қоштасып,
Қалған еді қабағына қар бүркіп...

Сол баяғы театрға кіріп сәт,
Ғабеңменен қоштастым мен,
мұны ұқсақ:
Содан кейін ғана әуе ашылып,
Ұлы аруақтан ұшуға алдым рұхсат...

Ұлттың атын, абыройын анықтар,
Біртуарлар болады фой халықта әр.
Қайтпас сапар шегіп бара жатса да,
Сабак беріп кетеді екен алыптар!..

2002 ж.

ЕЛТІНЖАЛ

(Ғабең тойында оқылған өлең)

Майдақоныр пүліштей
Сымға тартқан құмістей,
Сыңғырлаған қоңырау.
Ақ қайыңды ормандай,
Ақша бұлтты армандай,
Тұнып тұрған өмір-ау!

Күн нұрына боялған,
Қаз даусынан оянған,
Неткен дала, жаным-ау!
Жусан ісі аңқыған,
Қайнар бұлақ балқыған,
Неткен ғажап, тәңір-ау!

Қыз Жібектің нұрындай,
Төлөгеннің сырындей,
Баян сұлу көзіндей,
Қозы Қерпеш сезіндей,
Ақтоқтының назындей,
Ақан сері сазындей.

Көкірегімді кернейді,
Сезімімді тербейді,
Сұлу, сырбаз бір әуен.
Жүргегімді жаулайды,
Жан-дүниемді баурайды,
Кербез, керім ұлы әлем.

Нұрлыбайдың көліндей,
Атантайдың жеріндей,
Құлпырады ойлары.
Жасыл шалғын – жасауы,
Гүлден шашу шашады,
Жанбатырдың жайлауы.

Боржабайдың томары,
Қалың ойға шомады,
Ай туғанда алтын жал.
Бір күдерін ұзбейді,
Әлдекімді іздейді,
Қыс түскенде Елтінжал.

СӨЗ ЗЕРГЕРІ

(F. Мұсіреповке)

Заманның желі соғып, сулары ағып,
Кең далам тоқсан толғау сырға оранып.
Уақыт өткен сайын ұлылардың
Бейнесі көрінеді тұлғаланып.

Жайқалған ақ қайыңдар арасында,
Шайқалған сексен көлдің жағасында,
Сырбаз сөз, сымбатты сөз болып тудың
Қазақтың оянбаған даласында.

Көктемге ол кезде де жаз ұласқан,
Бойында сұлу сөзге саз ұласқан,
Тұндіктен, түа сала, жұлдыз көріп,
Киелі киіз үйде көзін ашқан.

Қызыл жон қырғындағы батырлары,
Асау той, тентек жиын хақындағы,
Ғажайып әңгімелер өсірді оны
Шалдардың ертегісі, нақылдары.

Жасында қайсар болған, қаймықпаған,
Жүргі ештеңеден шайлықпаған.
Арапша қаріп танып алты жаста,
Ән тыңдал жеті жаста ой нықтаған.

Біржанның жырын естіп тебіренді,
Ақаннның әнін естіп еміренді.
Сол әнге күй қосылып кеткен кезде,
Ғажайып бол көрінді өмір енді.

Отырып қиссашының оң жағына,
Үңілді кітап алып шам жанына.
“Қыз Жібек”, “Көрүғлұны” үйіп тыңдал,
Шомылды қиссалардың маржанына.

...Қалайша өткен тарих көнегереді,
Өмірі өрілген бір өлең еді.
Оятқан туған жерді сұлу сазбен,
Сол бала – сөз зергері Габең еді.

2002 ж.

Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ

ҒАБИТ МУСІРЕПОВКЕ НЕМЕСЕ АНА ТІЛІ ТУРАЛЫ

Еш дауа жоқ өз тілін білмегенге,
Қан қайнады-ау көзіне ілмегенге.
Солар әлі аяқтан шалып жатыр,
Көз алдында – тұлғаныз, тіл дегендे!

Өнеге еді әр қадам, әр ісініз,
Сіzsіz бүгін кеткендей мәнісіміз.
Өңшең қиқым қазаққа дарымады-ау,
Ана тілі туралы дәрісініз.

Соны ойласам жүргім ауырады,
Қашан қазақ дертінен сауығады?
Жұртын алдап байыған қудың бәрі,
Бір-біріне өлөрдей жауығады.

Көзі тоймас тұрса да қаза жетіп,
Өңменімнен барады азабы өтіп.
Парламент те сенімді желге ұшырды
Ана тілін менсінбей мазақ етіп.

Оған дәлел – көл-кесір, жеткілікті,
Қалаулылар ұмытқан тектілікті.

Бір басының қамына пайдаланаар,
Бойындағы керемет ептілікті.

Жиналғандай кіл ездер, қыртқан адам,
Ұлтын сатып, үпайын үтқан арам.
Баяндама жасамақ болып еді,
Мемлекет тілінде Мұхтар ағам.

Улап-шулап әдейі естімеді,
Сор қылышы жанымды кескіледі.
Ана тілі әкесін жалмағандай
Қысқаға кек, ұзынға өшті ме еді?..

Ойы шолақ, ақылы келте құлдай,
Көрген жоқпыз таскерен желке мұнданай.
Шырылдаған Шерағаң жалғыз өзі,
Жылап шықты кінәлі “тентек” ұлдай.

Мемлекет тілін бұл қолдауши кем,
“Тар жол, тайғақ кешуде” қорғаушы кем.
Қолбасшыға тән қимыл жасар деп ем,
Мұхтар ағам саңқ етіп өр даусымен...

Әттең, бірақ үмітім акталмады,
Жеңе алмады қазақы топ қарғаны.
Топ қарғалар депутат болысымен
Сенгіш туған елімді қатты алдады.

Ғабит аға, осындаі тілдің жайы,
Бұрын оның оқынан туды ма айы?!
Өзіміздің кәдімгі “қара Ивандар”
Жетіп жүрген женіске бізде ұдайы.

Сізге ақтарған қайғым ғой оңашада,
Отырғандай пақырлар “Тамашада”.
Қызығы үшін өз Заңын доп қып тепкен
Осылардан құт қашып адаса ма?

Не боларын білмеймін болашағы,
Отанынан қымбаты – өз ошағы.
Құдай берген бақты олар үркітіп жүр,
Мансап қуып, қасқырша таласады.

Ғабит аға, не дейсіз топ қарғаға,
Дейсіз бе әлде соларды көп қарғама.
Бәрі, шіркін, болса деп армандаймын,
Өзіңіздей тілімді жоқтар дана.

2002 ж.

Мұталлап ҚАНГОЖИН

ӨЗІҢ БАРДА

Ғабе,
өзінді іздеймін сағынғанда,
Сағынғанда ойнайды дабыл қанда.
Елтінжалды арапап,
аңсап кетем,
Шалқып жүрген күндерді өзің барда.

Тұлпардай шапса да ұзақ алқынбайтын,
Жыр оқушы ем үшқыны жарқылдайтын.
Жымылп иегінді көтергенің,
Мен үшін бақыт еді-ау сарқылмайтын.

Япрырай, қанаттанып,
көкке самғап,
Кетуші ем, кең дүниені түгел шарлап.
Тау болып тұрушы едің көз алдымда,
Адамдар мақтануға, кейде, таңғап.

Лепіртіп жіберуші ең жас жанымды,
Жотаммен тірердей ем аспанымды,
Құдиып айға шабар арыстандай,
Білмеуши ем өзің барда жасқануды!
2002 ж.

ЕЛТІНЖАЛДА

Елтінжал бір асыл жер, ертеңі жер,
Елтінжал жайлы сырын шертеді жел.
Бұл орман, қарағай мен қайың өскен,
Жыр еткен бүгінгі ел, ертеңі ел.

Баурайы Елтінжалдың жұмақ-мекен,
Күміс көл тостағандай құрақты екен.
Ақ қайың, көк құрақпен сыйбырласып,
Естілген маған әндер жұмбақ, төтен.

Ұлы адам, ұлы азamat, ұлы тұлға,
Ғабеңді болар ма әсте ұмытуға.
Салқындау күні орманды ол сайрандаған,
Барды ма Елтінжалын жылдытуға.

Ағаға еріп жүріп араладым,
Сая қайың, қызы қарағай араларын.
Бір сұнғақ қарағайға бас иді аға,
Осында сыр бар-ау, – деп шамаладым.

Сыйпады ол қарағайдың толық діңін,
Ағаға кез болды не? Жолықты кім?
Оны мен сұрамадым, сұрауға да,
Құдіретті ондай маған беріпті кім.

Неше қыс,
неше көктем өтті арада,
“Келместің кемесімен” кетті аға да.
Әлі де сирін сақтап тұр қарағай,
Бас ием үқсан мән де
текті ағаға.
2002 ж.

БІЛГІҢ КЕЛСЕ ҒАБИТТИ
(F. Мұсіреповтың 100 жылдығына)

Білгің келсе Ғабитті,
Елтінжалды келіп көр.
Ақ балтырлы қайыңдар,
сәлем берер иіп бел.

Сылдыр-сылдыр жапырақ,
сыбыр етер “Ғабит” деп.
Қына белді жас бұтақ
созар қолын елжіреп.

Балдай шырын – қайың сөл,
Ғабен таңдай жібіткен.
Тойып кетсөң жидекке
қайың сағыз бөлісем.

Шықтар сүйген құрақ шөп,
Табаныңды қытықтар.
Елтінжалды келіп көр
Іңкәр жүрек құлпырарап.

Жанға тиыш саясы,
Жұмақ дерсің айналаң.
Шабытыңды оятар,
Құстар таңмен сайраған.

Жұлар-шұбат ауасы,
Кеуде сарай ашылар.
Қоян, тұлкі ойнаған,
Аңшы ойды қамшылар.

Өлең шөпке керіліп,
Кес-сыбызығы көк талдан.

Жұрсін қыздар егіліп,
Жазғын өлең мақпалдан.

Кел, кел, құтты қонағым,
Рухын Ғабит сыйлаған.
Сен де білем жайсансың –
Маржан сөздер жинаған!

Елтінжалды келіп көр
Ғабең сырын ұғасың.
Шабыт кернеп бойыңды,
Роман жазып шығасың!
2002 ж.

Серікбай ОСПАНОВ
АСЫЛ ҒАБЕ!

Ерекше біткен жанар, саған маңдай,
Жүзінен алтын шуақ тарағандай.
Үнінді естіген жан ұмыта алмас,
Естайдың есті әнінен жаралғандай.

Тәнті етсе елді ақыл-парасатың,
Адамдық үлгісі деп қарасатын.
Салдығың, серілігің, паңдығыңа
Сәйкес кеп киім кисең жарасатын.

Айтқаның, жазғаныңнан арқа қозған,
Тілінен сіз едіңіз бал тамызған.
Ісіңмен, ізетіңмен, ізгілікпен
Айнымай отырушы ең қартabyздан.

Мәрт едің, тұра білдің сертінде де,
Болмасын көз тойдыrap көркің неге?!

Тұратын ақ шуағың елге шашып,
Іштегі сұлулығың бетінде де!

Бай мінез бітеді екен жанға мұнша,
Қызмет етіп кеттің Арға құлша...

Уақыт өтуші еді сүт пісірім
Қалтаңнан орамалыңды алғаныңша.

Еске алып ерлігінді жүр еліңіз,
Қалтырап, дірілдемей жүргегіңіз:
“Бейімбет жау болса егер, мен де жаумын!” –
Дегенді айтқан қазақ сіз едіңіз.

Көрініп әр ісіңнен ірілігің,
Әлемге тарап жатыр бұғін үнің.
Таныттың барлық ұлтқа “Ұлпан” етіп,
Қазақтың әйелінің ұлылығын!

Тілімнің сізден таптым бар шырының,
Көктеді өзің еккен сан шыбығың!
Күлісіп, әзілдесіп қаламыз бір
Кей күндер еске түсіп аңшылышың.

Көп арнау арасында тамшы – жырым,
Ағаны сәл оятып алшы бұғін!
Сағындық, жетер ме екен асыл, Ғабе,
Өзіңде іштегі осы жан шырылым?!

2002 ж.

Темірше САРЫБАЙҰЛЫ
ЗЕРГЕР

Қашадың шекіп сөзге өрнек,
Тілімен туған халқыңың.
Саралап, екшеп, безбендер,
Күмісін, Мысын, Алтынын...

Сөзіңнен сәуле жарқылдалап,
Сезімге шұғыла шашқанда.
Меніреу мұз бер қар тұрмақ,
Балқыды-ау қара тастар да!

Бықсыды шала шалғайда,
Көмейде қанша кетті дау.

Тамыздан кепкен таңдайға,
Тіліңнің балын төктің-ау!

... Араның көрдің аштықтың,
Нелерді бастан өткердің,
Күесі болдың қастықтың,
Бұлк етпес бедеу беттердің...

Жүйкенде жүрді мұң қажап,
Кенде емес едің қайраттан.
Сендей-ақ болсын бір қазақ,
Сөзінен жұлдыз жайнатқан.

Таймадың тура жолыңнан,
Мансапқа, шенге кішірмей.
Өлгенше кеттің қолыңнан,
Шындықтың туын түсірмей.

Бетті бір түзеп күнгейге,
Қақтың-ау қанат қыраным.
“Кездеспей кеткен бір бейне” –
Кезікті Еркебұланың.

Басталды тоғың ас та тәк,
Болды аға, кезің аялдар.
Табақтап шашу шашты әкеп,
Ақтоқты, Ұлпан, Баяндар...

Қатайып алды Қарабай,
Туып түр соның заманы.
Сәлемге түзу жарамай,
Қолыңды селқос алады.

Алдыңнан шыққан алқынып;
– Алдияр! – дейді жас қауым.
Іздеген талай шарқ ұрып,
Сағынып Алтын Бастауын!

Елжірей күткен елің бар,
Шомылып шарапатыңа.
Бусанып жатқан жерің бар,
Бостандық алақанында!

Бодандық қалған адыра,
Өзінде бақыт, үшпағың.
Ғабенді мінгіз, тағыңа,
Тәуелсіз Қазақстаным!!!
2002 ж.

Мыңбай РӘШ

ҒАБЕҢНІҢ ЖЕБЕСІ

Бастан кешіп соғыстың ауыр сынын,
Балапандай қатпаған қауырсыным,
Алатауға аттаным, Алматыға,
Құлағыма құйсам деп дәуір сырын.

Жүйріктемен жасымнан жарыса алдым,
“КазПи-ге” кеп Мұхтардан дәріс алдым.
“Сұлушашымен” сусындал жан Сәбемнің,
Фибраты мол Ғабенен намыс алдым.

Тай-құлындай тебістім Ғафумеңен,
Сол болатын мені алғаш ақын деген.
Серағаннан үйрендім серілікті,
Сұхбаттастым Мәліктең батырменен.

Алшы түсер үйірге асық болдым,
Жақсылыққа жаныммен тасып-толдым.
“Қызы Жібекті” көргенде Ғабен жазған,
“ЖенПи-дегі” бір қызға ғашық болдым.

Бейімбеттің ауылына қонсам дедім,
Қырғы тілді Асқардай болсам дедім.
Қыңырларды түйредім қаламменен,
Несібемді сықақтан алсам дедім.

Ғабең мені алды өзі саясына,
– Бара берме! – деді арзан боясынға.
“Сарбаз бол деп “Араға” берді садақ,
Төрт аяқты бар адам арасында!..”

Ғұмыр кешіп құлқінің кемесімен,
Суырылдым Ғабенің жебесінен.
Жәдігейдің желкесін жұлып түстім,
Жай ойнатып тексіздің төбесінен.

Ғабең берген садақпен көздел аттым,
Адастырмай ондықтан – көздел аттым.
Дөп тимеген кезі де болды оғымның,
Оқ емес-ау қәдімгі сөзбелен аттым.

Мұсірепов бір өзі – тұтас ғалам!
Еркелетіп: “собака” дейтін маған.
“Собаканды” естуге зар болым ғой,
Сен кеткен соң айтпай жүр ешбір адам!
2002 ж.

Нұрғожа ОРАЗ ТОЙ ДҮБІРІ

Дүрліккен,
дала төсін дүбірлеткен,
Көктен кеп
Көптен құткен құнім жеткен.
Көк дөнен құлагерше көсілөр деп
Көнілдің көкжиегін күлімдектен .

Бар қазақ басы көкте бақылаған,
Бәйгегер белдеудегі – ақын адам.
Шабыты қанатындаи ақ пырақтың,
Озып жүр алдын орап ақыл одан.

ЮНЕСКО
үйің ескі демей көптен,
Ілтипат жөні бөлек елейді өктем.

Нұр шашқан ту-у алыстан, жұлдыздарым,
Теңедің қазақ жұртын өгейләткен.

ЖарқыраСабен шықты биыл көкке,
Асқарға қарады әлем иілмекке.
Халқының еңсөленген қалпы мынау,
Жиналды өнер бұлтын үйірмекке.

Көусәр боп құйылмақшы өнер біткен,
Қозғамақ қуанышын өрен тіптен.
Жұртын бір Сабене ұқсан жарылқаса –
Ұлыға қайтарылар төлемдікпен.

Бар қазақ көзін тікті осы өнірге,
Ғашық боп Сабен сүйген досы өмірге,
Бар бейнене кітабынан шығып бері,
Өзара сырласады хош көнілде.

Сыланған ақ қайыңға Сабен сүйген –
Бүгінде таңданады әлем сыймен,
Еріне елі де сай, жері де сай –
Таласта қазағыма әрен тиген.

Осы жер дүбірлейді бүгін таңда,
Ұсынып жазиралы гүлін баққа.
Айналып жүрген көкте аруағы
Нұр құйып жақыннатты-ау күнін жанға.

Халқына қызметін басқаратын
Ұлдары асқақтатып асқар атын.
Бір желпіп көңілдерді тастағанда
Іздеймін ұлы тойға дастан атын!

АНА ТІЛДІҢ ӘУЛИЕСІ

Екпіндеп
ұшып жеттім бұла тойға.
Періште қанат беріп тұла бойға.

– Тойланбақ ана тілдің әулиесі –
Деп бір көш алтын сәүле бұрады ойға.

Ойдағы алтын сәүле – жан тынысы,
Көңілге нұр себеді таң құлісі.
Адамдық ар-ожданнан ауытқысақ,
Сол сәүле сілтенетін хан қылышы!

Ғабен ғой ана тілдің әулиесі,
Алтынмен апталған тіл әл-киесі.
Сын сөзі садақ оғы секілді де,
Тәңірдің ғибратындағы тәрбиеңі.

Жастарды гүл бақшаға жетелейді.
Адақтап аспандап шық жеке мейлі,
Ғабенің ғажап тілін игермесен,
Махаббат мінажатын өтемейді.

Қазактың
Қап тауындағы қазынасы,
Достардың тіл табысар базынасы,
Бабалар болашаққа қалдырыған сөз,
Жаныңа жылылығы жаз ұласып.

Сол сөздің ұлы шебер зергері еді,
Табылар небір нақыш ел керегі,
Жаныңды бөлөп қойса рахат сөзге,
Жүргегің лұпіл қағып тербеледі.

Сондай бір сырлы,
жырлы сөзді игеріп,
Құлпырыған бояуына көз де үйреніп,
Ғабенің Ғабиттігі асқақтайды,
Ғұлама әулиелік сөз күйге еніп.

Асырып арадағы алыптардан,
Өз тілін ЮНЕСКО-ға алып барған,
Данышпан дана тілдің иегерін
Сұрай бер енді әлемдік халықтардан.

Тап бүгін мақтанышым бойды шіреп,
“Серпіл!” деп түлөтіп тұр ойды тілек,
Бір өзім бар қазаққа қызмет етіп,
Тұрадай тынысым бар тойда түлөп!

2002 ж.

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ

СЕРІЛЕРДІҢ СЕРКЕСІ

Қыран сынды жанары көргіш еді,
Ханыңа да, Биінде тең кісі еді.
Сен шығарсың,
Қазақта,
Кім біледі –
Соңғы Сардар,
Соңғы Сал,
Соңғы Сері!

Аққуынан айрылса қорынар қаз,
Әлі талай алдыннан жолығар жаз...
Сен шығарсың
Қазақта,
Қайран, Ғабе,
Әрі Жайсан,
Әрі Паң,
Әрі Маңғаз.

Сен шығарсың,
Қазақта,
Алтын адам.
Маңдайы да, бағы да жарқыраған.
Алатауым келеді көз алдыма,
Ағыл-тегіл бұлағы сарқыраған.

Үқсайсың сен қарағай, қайыңға да,
Сендей дана керек-ау пайымдауга...
Ұлан байтақ, үқсайсың,
Сарыарқаға –

Сағымды бел,
Самал жел,
Сайын дала!

Бәрі өткінші өмірдің,
Бәрі – жалған.
Әр сөзіңің таңдайда дәмі қалған.
Бір басында – әлемнің қасиеті,
Тұлғасында – Сәкеннің сәні қалған.

Кім айырып алады
Құнді аспаннан,
Ертелі кеш шапса да тынбас тарлан.
Бірге туған Сәбенмен сырлас болған,
Мұхиттайын Мұхтармен мұндас болған.

Қыран сынды жанары көргіш еді,
Ханыңа да,
Биңе – тең кісі еді.
Сен шығарсың,
Қазақта,
Қайран, Ғабе –
Соңғы Сардар,
Соңғы сал,
Соңғы Сері!

ТҰЛҒАЛАРМЕН ТІЛДЕСУ (триптих)

1. Сәкен мен Ғабит

Бұл табиғат бергеннен соң тән-көрік,
Жүріпті ол Сәкенге ұқсап сәнденіп.
Сәкенге ұқсап... асатаяқ ұстапты.
(Таяқ ұстай – сол заманға заң делік...)

Бұл Ғабеңнің қасы қандай, қияқты,
Жанарынан нұр жүлдышы жиі ақты.

Сәкенге үқсан... сұлуларды көп таңдал,
Әйелдерді жек көрмеген сияқты.

Өтті уақыт...
Оте шапшаң зырқырап,
Бұл өмірден тапқан дейсің кім тұрақ?!
Сарыарқаның самал желі секілді,
Күнде сепкен иісмайы бүркырап...

Қайран, Ғабең!
Сейфуллиндей сері еді,
Көп болды да бергенінен берері.
Қалды ақыры қеудесінде көмбе бол,
Дүниенің тарихы мен дерегі.

Болсын мейлі қай зиялы, қай тәуір,
Болсын мейлі аяулы қыз, жайсан ұл.
Дүргебеленнен аман қалған бірі жоқ,
Біздің Ғабең аман қалды, әйтеуір.

Сейфуллиндей кетпегенмен атылып,
Аман қалды,
Басы біраз шатылып...
“Еркебұлан” елге қайта қауышты,
Халқы үшін жалын құшқан, аһ ұрып!

“Еркебұлан” –
Ееркіндіктің символы,
Дабылдатқан жаңа заман билігі.
Көк сенгірде сұңқар сынды самғады,
Сәкенге үқсан әрекеті, қимылды.

Біздің Ғабең...
Топ ішінде дара әлі.
Биік таудың баурайы ғой баары.
Ал, дәл қазір...
Тұған жердің төсінде –
Маңғаз басып барады!

2. Бейімбет пен Ғабит

Осы күні зерделесек, зейіндең,
Жұрген кім бар елдің қамын жейін дең.
Көрінеді бір таяқтың екі ұшы,
Білгендерге Ғабит пеңен Бейімбет.

Екеуі де бірге өсіп, жетілді,
Жетілді де болашаққа бекінді.
Таланы – бір, талабы – бір, жолы – бір,
Бір атаның егіз ұлы секілді.

Кезі бар ма көрмей қалған пенде дау,
Соның бәрін уақыт өзі емдеді- ау.
Депті Ғабең, топ ішінде тайсалмай:
–Бейімбетті жау десендер, мен де – жау!

Бұл бір жайдан біразымыз бейхабар,
(Күн тумасын ондай кезді қайталар).
Жалғыз оққа жаны құрбан боларды,
Мұндай сөзді батыр ғана айта алар!

Тас тәбеден тұрса-дағы Ай құліп,
Талайымыз айтар сөзден айныдық.
Өз тағдыры қыл үстінде тұрса да,
Қайран, Ғабең –
Көрген емес қаймығып.

Екеуінің айқтан жырын жұрт ұққан.
Әр сөзіне – жан сөзіне ынтыққан.
Би – ағасы, сый ағаға айналып,
Біздің Ғабең
Бейімбетті пір тұтқан.

Өмір деген осылайша өтер дем,
Парызы да, қарызы да өтелген.
Бейімбеттен қалған жүкті қиналмай,
Қайран, Ғабең –
Қара нардай көтерген!

3. Мұхтар мен Ғабит

Айналасы алтын арай, нұрлы әлем.
Тұстас болған талай-талай түлғамен.
“Абай жолы” шыққан кезде
Ең алғаш –
Әуезовті мойындаған бұл Ғабен.

Мінеп жатса талай сыншы күніге,
Мұхаң риза – Ғабит сынды ініге.
Ғабен сонда жар салыпты,
Ең алғаш:
“ – Жазыпты – деп,
– Мұхтар мықты дүние!”.

Әуезов те – алып түлға, кең қеуде,
Құр қалмапты өз кезегі келгенде.
Әр сөзінен мұсін құя білетін,
Тенепті оны хас шеберге – зергерге.

Қанат болса ұшпау керек құс һеге,
Ұшсын биік!
Темен қарай тұс, деме!
Депті сосын: “Бұл Ғабиттің әр әрлі,
Діттегенге дәп тиетін мық шеге!”

Пай-пай шіркін!
Бұдан артық бағаны,
Асыратын таба алмассың ағаны.
Күндеғеннен кім ұтады,
Әйтпесе,
Әрбір жүйрік өз әлінше шабады.

Нағыз тұлпар ұстапайды жалынан,
Кім бұлтарар табиғаттың заңынан.
Ойлай білсек,
О бастан-ақ,
Ұлылар –
Бірін-бірі шабысынан таныған.

Мұхтар – Ғабит,
Қолтықтасқан қос түлға,
Жолықса да талай тоған-тосқынға.
Кейде осындай түлғаларға таңғалам,
Парқын білген –
Дұшпанның да, достың да!

* * *

Өлеңі ортақ,
Жыры ортақ –
Әр елдің Ғабені.
Айы да ортақ –
Күні ортақ
Әлемнің Ғабені.

Дана болып ойланған,
Даламның Ғабені.
Ғаламатқа айналған,
Ғаламның Ғабені!
2002 ж.

Болат ҮСЕНБАЕВ

АЛЫПТАРДЫҢ САРҚЫТЫ

I.

Елтінжалдан күн бол шыққан арайлым,
Ғабит деген есімінде бар айбын.
Дандайсымай қондың даңқ-тұғырға,
Жете қалса басы айналар талайдың.

Топты жарып, тайсалмастан жүресің,
Шуағымен жылтты бізді күнесің.
Қазақ деген сөздің баламасындаі,
Алаш үшін Ғабит деген ұлы есім.

Ашы мысқыл, әжуаға бойладың,
Балталаса бұзылмайды ойларың.

Сөз өнерін биік төрге шығарып,
Өзіңе де төрден орын сайладың.

Ерен дарың, кемел ойшыл, зергерім,
Бипаздықпен салдың өнер өрнегін.
Сара сөздің саңлауына сақ қарап,
Шерттің күйін сезім – тылсым перненің.

Сүйсіндірген сұңқарға тән тұлғамен,
Алыптардың сарқыты еді бұл – Ғабен.
Еркебұлан – ерке жыр, ән сөнбейтін,
Сәкен болып сыр толғады сырлы әлем.

Сұлулықтың су төгілмес жорғасы,
Ғабиттерден басталады жол басы.
Жағалауы жеткізбейтін теніздей,
Болашаққа мұра еткен олжасы.

II.

Шырайлы мән мен шырын нәр,
Шым-шымдарап шықты тұнықтан.
Ойнақ сап сөзің құлышындар,
Лебізің – жанды жылыштықан.

Зерденде ойлар ордалы,
Тамсадың ұзақ сөз дәмін.
Қарымды қалам талғамы
Жан-жүйемізді қозғады.

Сұлулық тауып үйлесім,
Бал тіліңменен ұйыттың.
Жүйрік ең бермес жүлдесін,
Жанкешті жазушылықтың.

Мәйегін сөздің тудырып,
Екшедің інжу-лағылын.
Дарынсыздарға қынжылышып,
Тілбұзарларға налыдың.

Өнердің ашып тылсымын,
Күәсі еттің ғажаптың.
Қандырған сізсіз сусынын
Сөз еміп өскен қазақтың.

III.

Тудырған туындылар керемет тек,
Келер үрпақ үлгінді өнеге етпек.
Жарты тұннің еншісі жарты бетте,
Төлтумаңды ұсындың елеп-екшеп.

Буырқанып, алаулап бойда дарын,
Типтік бейнеге айналды толғағаның.
Кәніңі зергерлердей мұқияттап,
Көркемсөзден келісті ой қаладың.

Тағдырың тарту етіл жомарт қалам,
Құпиясын актарды ғажап ғалам.
Бояуға бай сөйлемің ширығады,
Көлкілдек сөз, кеуек ой жолатпаған.

Кітаптарың меймілдеп ой-жүгіне,
Көз алдымда толқиды кең дүние.
“Оянған өлкө” қалып “Жат қолында”,
Бас шайқаттың
“Ұлпанның” ерлігіне.

Суреткерсің тудырған мінезді өнер,
(Сұқтанып дарыныңа жүр өзгелер).
Қаламың сөзге сараң, ойға жерік,
Қас жауһардай құлпыртып рең берер.

Тұлпардай кермедегі алақыздың,
Дүлділісің дарабоз даламыздың.
Кемелдіктің шығармақ кепіліндей,
Қаламыңнан сөз емес, бал ағыздың.
2002 ж.

АНАЛАРДЫҢ АНАСЫН ӘСПЕТТЕГЕН
(Триптих)

I

Көкіректе кек бұғып қалмақ па құр,
Жолға шықты жиналып Жалпақ батыр.
Бір кезде кеткен елдің намыс-кеін,
Қайтарсам деген сенім, салмақта тұр.

Зорлыққа бұрған заман бар ынтаны,
Әркімге есесімен қарымталы.
Есені қайтарудың басты жолы,
Санайтын сонда қазақ барымтанды.

Бұлар да шығып еді осы жолмен,
Ежелден сар далада жосып өнген,
Жылқыны бұрып алып қалың үйір,
Көңілге женіл женіс хошы да енген.

Жолдың ғой болатыны тағы да анық,
Әруақ қолдаса егер бағы жанып.
Қаперсіз жатқан жерден қантөгіссіз,
Қайтқан-ды қалың жылқы қағып алып.

Қазаққа жылқы байлық, күш-қуат қой,
Батырға серік болмас ұшқыр аттай.
Алдырған бар жылқысын арашага,
Қойғаны-ай бірде-бір жан, тіпті, батпай.

Бұл істің қайран бар ма, сәті түссе,
Барымташы сенер ғой нәті күшке.
Жанайға қарсы алдынан кез келгені-ай,
Тезек теріп жүрген қызы, өкінішке.

Көзінен ұшқын ұшып сан алуан,
Оралып қалай өтсін қас арудан,

Жақында жете бере ат үстіне,
Іліп ап жөнелген-ді жас балуан...

Шығар деп секем оймен атой-ұран,
Тік көтеріп найзасын шашағынан.
Жарты көш өтпей жатып алыс қырдан,
Көрінді жалғыз қылаң қосарынан.

Түйғындаіын түйіліп, оқтай аққан,
Жұлдыздайын жарқырап таңды баққан.
Орай өтіп қарулы қалың топты,
Бөгей берді жылқыны алғы жақтан.

Өз еркімен келгендей сор кешкісі,
Шығар ма еді әйтпесе өлмес кісі?
Кейкі батыр сойылмен соғып кеткен,
Жылқышының манағы тор бестісі.

Әйел екен, қырау бар баста күзгі,
Қос жанары жәудіреп жас тамызды.
– Батыр, – деді Жалпаққа тұра қарап,
Алған жылқың мол олжа, таста қызды!

Мен Анамын

жаратқан адамзатын,
Емізгем жоқ адамның арам затын.
Көз жасыма қалдыңдар, ей, ұландар,
Қызыымды бер, жаныма балам жақын.

Найза ұшымен түсіріп жау баласын,
Бай-мырзанды олжалап, мал саларсың.
Жалғыз қыздың әкесін тағы өлтірдің,
Қандай кешу құдайдан таба аларсың?

Жағаласқан жау емес,
білек түрген,
Құлышы үшін жан кешіп, тілеп түрган.
Шырылдатып әкетер жалғыз қызын,
Зұлымдыққа бармаңдар жүрек тұнған...

Дегенді от жанары білдірісіп,
Қас қырандай атынан ырғып түсіп.
Екі ұмтылып қызына жетті-дағы,
Бауырға алып аймалап тұрды құшып.

Батыр да қалды сөзден тосырақтап,
Тарылып кеткендей кең жасыл алқап.
Сар тәбеден түсе сап, бір тізерлеп,
Отыра кетті жерге осы Жалпақ.

Атойласа түйіліп қабағы сұр,
Айбынынан жау қашқан айналып қыр...
Топқа жалғыз қасқайып шығар батыр.
Сөзге аталы байланып омалып тұр.

Бұл қылыштан кім оғаш табар кінә,
Әлде анасы есіне оралды ма?
“Міне, менің тартатын айыбым” деп,
Сары атты әкеп ұсынды ана алдына.

Өмір өзен өрбиді-ау жырда тұра,
Зерде керек, тарихты, сырды оқуға.
Маржан сөзбен дамыған дарын ойда,
Ғабең жазған тамаша бұл оқиға.

||

Зергердің ойы биік, сыры қалың,
Әр сөзден ілтипатлен ұғынарың.
Ананың анасының ұлылышын,
Көкейге құйып берген ұлы дарын.

Татыrap ойдың осы дәмін де өзге,
Алтыннан құйған мүсін дарын сөзде.
Шырылдал жалғызы үшін отқа түскен,
Қапия, Нагималар тарын кезде.

Тағдырдың салмағына дара сынбай,
Сапарды күтіп жүрген баласындей.

Жүргегін хаттарымен жібітетін,
Ақлима бәрінің ғой анасында.

Өмір жолы таусылмас мәңгі майдан,
Одан бірақ мұбәрәк болды қай жан?
Қас шебердің қолымен мүсінделген,
Әмина мен жігерлі Айгүл, Айжан.

Ұлпан,
Ұлпан,
Ол оның атқан күні,
Бір басына жетерлік артқан мұны.
Аналардың анасын жалау еткен,
Бұл – Ғабенің биіктен тапқан шыны.

Атсыздарға ат беріп, жанын ұққан,
Үйсіздерге үй беріп, жан жылытықан.
Аналардың анасы, біле білсек, –
Табынатын құдірет мәңгі Ұлпан.

III

Болмысынан болар тұлға сыр ұғып,
Адамдықтың асқақтатар жыры ғып.
Шың басына көтере алсаң ұлыны,
Міне, соның өзі нағыз ұлылық.

Айтар болса, көнілінен сыр ұғып,
Өнерліден өрен шығар бір ұлық.
Ұлыларды тани білу бір ерлік,
Ал, көтере білу нағыз ұлылық.

Ақтық оймен ақтап сезім – арынды,
Жайып салсаң ақтарып шын барынды.
Таланттың да таңдай біліп талғамын,
Міне, осылай үққан ләзім дарынды.

Сөз өнерін саф алтынмен даралай,
Бойлап өскен шыңға биік қарағай.

Терең оймен өрнек салған оюлап,
Ғабен мұнар таудай тұлға дарағай.

Өріс тауып өнегемен өссе өнер,
Алғы күнге асыл қазына көш келер.
Бар уақытта қол жеткізген бар табыс,
Ғабендердің тұлғасымен өлшенер.

2002 ж.

Кеңесжан ШАЛҚАР

ҒАБИТ-ҒАЗАЛДАР

Бірінші жыр

Қызылжардан күтіп алды бұларды,
Ішінде бар есектер мен құланы.
Бәріне де базар болды Мұқанов,
Мұсірепов баппен шеттеп тұрады.

“Тапқандаймыз сіздерменен бақ молын!...”
Деп бастады секретары обкомның.
Бұйрықпенен әрбір сөзін шегелеп,
Мақтан етті өзі отырған тақ төрін.

Қос жазушы жәйлі еді айтпағы,
Айта алмады.
(Білмеген соң айтпады.)
“Ұлы” сөзін қисынсыз-ақ қыстырырды,
Шын ұлылар “ұлымын” деп айтпады.

Сөз сейледі балдыр-батпақ жәй ұзын,
Қандырмады ешкімнің де айызын.
Қонақтардың ұшуы ұшін бастады,
Белорустің ұшуымен “Айысын”...

Тостты алдымен Сәбең сөйлеп көтертті...
(Белгілі ғой келер кезек Ғабендердің екені).

... күн ыссы екен, өртөнерміз-з мынауме-е-н,
Нұрлы болсын туған жерді-ің ерте-ең-і.

Ел мен жерді аман қылсын Құдайым,
Бәріміз- зден аулақ болсы-ын уай-йы-ыым!
Мен сағындым ауылымның ауас-с-ы-ын,
Со-л үшінде-е
Мен ауаны жұта-а-йы-ын.

Деді Ғабең бастап айтып сөздерін,
Қыз-келіншек алмай тікті көздерін.
Шаң көтеріп машиналар жосылды,
Преснов ауданына көз көрім...

Екінші жыр

Сәбит!, – деді: –
Осы ауданда туған едік екеуміз-з,
Көтеріліп көюжиекке жетеміз.
Қожаберген жырау туған бұл жерде,
Соны неге ұмытып біз кетеміз!

Преснов кім?
Аудан аты болатын,
Алтын көріп жүрттағы елдің қоласын.
– Онда біздің бірімізге қойылсын, -
деді күліп
– Сонда тыныш боласын!

Сәбе, – деді, Ғабит созып дауысты,
Арапал кеп ақ қайыңды бау ішін.
– Толыбайда-й сыншы туға-ан бұл жерде-е!
Сонда Сәбең ұқты ойдың аңысын.

– Дұрыс, Ғабит! Бұл ой бұрын болмаған,
Бұдан былай осы жайды қолға алам.
Саған Құдай бойды емес, ой берген,
Батырсың сен Бейімбетті қорғаған.

Тек асықпа.
Барлығы да болады,
(Айымжанның көлі-дағы толады).
Жыршы бабам,
Сыншы бабам даңқы артып,
Пресновтар біртіндең-ақ солады.

Үшінші жыр

– Ей, Ғабит! – деді Сәбен жымып кеп,
Шоққайыңды паналап жүр киік деп.
– О-о-нда-а со-оға-ан барайық
мелкашты алып,
Күйдіргенше көңілді құр күйік о-от!

Сейтіп көңіл көтеріп қайтайық біз,
Солтүстіктің көлдерін шайқайық біз.
Сайран күйін тартайық күмбірлөтіп,
Сап-сары боп аңырсын қайқайып күз.

Барып екі жазушы баспалады,
Қолдарынан мелкашты тастамады.
Шүріппе әлі басылмай аялдауда,
Мылтық даусы болған жоқ, аспан “әні”.

Қос таланттың көргенде бусанды маң,
Қайыңды алқап қарайлап тұр сағынған.
Ың жағынан таяды екі “мерген”,
Киік әлі тұрған жоқ жусауынан.

Сәбен айтты: – Тұра тұр, мен атайын!
Ғабен айтты: – С-с-ен сабыр ет, мен а-а-тайын!
Бұрымдары салбырап “аңшыларға”,
Биіктікten қарайды көне қайың.

Барлығы да өзінің мекенінде,
Барын салып тіршілік етеді де.
Ақша бұлт пен асқарын құшағына ап,
Аспан көзін төңкерді екеуіне.

Ғабең алып кезекті сыйғалады,
Болу үшін олжалы, сыбағалы.
Көздерінә қап-қара көзі түсіп,
Шүріппені басуға шыдамады.

— Киікті атып ө-ө-з-з-імді жаралы е-ете-ем,
Көдерін-ай!
Қап-қара шаралы ее-ке-е-н!
Мен атпаймын! Сәбит-ау, сен де аат-паа,
Жүре берсін Сұлулық далада кен!
2002 ж.

Бақыткереイ ҰСҚАҚ

СӨЗ ЗЕРГЕРІ

Сиқырлы сұлу сөзбен сыр ақтарып,
Кеудеме сәулесі мол шырақ жағып.
Кітаптың жетелейді парақтары
Көктемнің қызғалдағы сияқтанып.

“Тулаған толқын” қуып тарау-тарау.
Күсеннің жүргегіне орнады алау.
Ең алғаш кірді ауылға өз қолыңмен,
Бесінші түлік болып “Талпақ танау”.

“Қос шалқар” көмкерілді гүл, егінмен,
Жиырмасынышы ғасырдың білегімен.
Сескенбей жауынды да жеңе білдің
Қайратты “Ер ананың” жүргімен.

Ақтарып тарихтың сан қабатын,
Көрсеттің Қызы Жібектің салтанатын.
Сары майдан қыл тартқандай шеберлікпен,
Жыр еттің Қозы-Баян махаббатын.

Оқысам көнілдегі құмар қанаар,
Оянған өлкө ішінде жүр ағалар.

“Қазақтың батырындай” биік сенің
Кестелі, маржан сөзден мұнараң бар.

Қашаннан ұлы есімдер – елге жыр, ән,
Қарайды жалғыз ғана қүнге қыран.
Жарқырап омырауда алтын жұлдызы
Отырған секілді өзі
Еркебұлан.

Қазақпаз – Ұлылыққа бас иетін,
Ұлпанның Елге жайдың қасиетін.
“Жат қолында” тұрса да ен байлығым
Ата-Баба қалдырдың өсиетін!

Асы мол дастарқаннан ырыс таптым,
О, менің қас зергерім,
Парасаттым.
Тәттіні тоймай жейтін жас баладай,
Балыңнан алғам талай алашапқын.

ҒАБИТ АҒАНЫҢ ЕЛІНДЕ

Жер шары бүгін таң қалды,
Елтінжалың әнге ұйып.
Жазира, орман, алды-арты
Қызылжар жатыр шалқып.

Маңдайдан шашың салбырап,
Шөлінді басқан бұлақ бар.
Жалт-жұлт нұрмен албырап,
Самалға билеп құрақ, тал.

Болат жол ұшқан ен дала,
Кек байрағын көтеріп.
Есілдің бойы кең қала,
Байлығын жатыр Ел көріп.

Жас дәурен өткен Орынбор,
Қашан да өнер мектебі...

Шығарды талай дарынды ол,
Ай менен Күндей көктегі.

Төгілген Күн мен Ай нұры,
Құшағын ашты алыс жер...
Қазақтың Елі – әйгілі
Тоқтар мен Талғат – ғарышкер!

Ақ бидай толы алаңың,
Егемен Елім алғалы.
Бораның байлап даланың
Атағы жерді шарлады...

Есілген Есіл, жан-жаққа,
Өзіңнің жүрген жерлерің.
Жайнатып қойған бау-бақша
Елім! – деп,
Өскен – Ерлөрің!

2002 ж.

Төлеген ҚАЖЫБАЕВ

ЗАҢҒАР

Ғұлама жылдар судырай жауып пағын,
Сіз бенен бізді әкетті бөліп нар ағын.
Көз ұшында барады заулап бір заңғар –
Ғабендей дара, алашқа ардақ дарагым!

Толқынды толқын қуалай соғып жардайын,
Келемін ұшып қанаты сынған қаздайын.
Тұңғиық ойлар тоғысқан тоқсан тараулы,
Ұстыны бекем ұстаздан көзді жазбайын.

Сырбазды қалпы, сұқтанбас тәрки тірлікке,
Түнекті тіліп ағады жұлдыз – бір һүкте.
Жете алмай келем, жете де алман сірә да,
Арамыз алшақ – айлық па, әлде күндік пе.

Қаттаған қалап қазақы тілдің қалыбын,
Келтірген сұлу сымбатты сөздің әлібін.
Кірпияз мінез, тәкаппар біткен тектілік,
Алты алаш зорға тудырып алған алым.

Теніздей тербел ғаламат шалқар көлеммен,
Жауһарлы сөздер
жүлдyz боп жауды төбемнен.
Сіміріп бойға, сінірдім ойға десем де,
Кәүсәрлі сөзге сузындаі алмай келем мен.

Кестелі тіркес есіліп жібек төгілген,
Кілем бе дерсің өрнегі тоқсан өрімнен.
Қазақи сөздің зергері болған зерделі,
Ғабендік мұра алдыма орын төріңнен?

Билікте болмас бұғалық түссе бас дәйім,
Кеңесің болса келелі сөзді баставын.
Қазақтың тілін қашаумен қайра тудырған,
Қырлары мінсіз миллион карат тастайын.

Бітімі бөлек, сымбаты мінсіз сұлуплық,
Соқтырмас сірә тектіге қалай мұрындық.
Бәйгелі жолдың бәсіндей ұлы баба-сөз,
Ғабенмен кеткен қазына деп те ұғындық.

Қуатын сарқып қылаусыз сөзді суарған,
Алыпты ғана алысқа бастар ұлы арман.
Анамның тілін арым деп үққан бір асыл,
Қазақи баққа Ғабен бол қана тудырған!

Қиялмен шолып әлемнің алыс алабын,
Басталды сенен даналық сырлы бар ағын.
Миллион шақырым

желіп бір өткен шалдықпай,
Сырласың болған қолында қалды қаламың.

Бұлың да бұлың белдерден асқан бұл аған,
Ұрпаққа – ұран, қанатты қыран – ұлы адам.

Түркінің тілі, бабаның ұні өзі бол,
Тарланбоз текті табытқа сыймас ғұламам!

Тәлкектің тартып мазағы менен азабын,
Ұл еді Ғабең қалқан боп қорғар қазағын.
“Бейімбет жау ма, мен-дағы жаумын ендеше,” –
Депті ғой қайран қылыштай қиғыр сабазым!

Ерлердің ісі елінде естен шығар ма?
Сен-дағы жұртым, ұлыңды естен шығарма.
Тағзым Сізге абыз боп өткен әулием,
Қазақтың сөзін шығарып кеткен шығанға!

2002 ж.

Оразақын АСҚАР

ҚАЗАҚ БАТЫРЫ

“Зытып келем. Зытып келем.
Артыма қарай-қарай зытам.
Зытып келе жатқаным – қашып келем,
Артыма қарай бергенім – қорқып келем”.
Басталуы бұл “Қазақ солдатының”,
Ойлап көрші, азырақ ал да тыным,
Бас кейіпкер Қайроштың бала кезі,
Жалғыз қашып келеді далада өзі.
Көз жіберсек Ғабенің ой түбіне,
Қорытылған бұл бүкіл Қазақ Елі.
Осыдан соң қалмайды көрмегені,
Женісі тек — жойылып өлмегені,
Ұлы Отан соғысы басталғанда
Сталиннің бар көніл бөлмегені.
Намысина кетті арлы тиіп елдің,
Бауыржан боп сондықтан көнбекені.
Рейхстагке ту тігіп Қошқарбаев,
Әлемге аян қазақтың ерлекені.
Қашып жүрген Қайрош та батыр болып,
“Өмірдегі орыным – төрде!” деді.

Құғын-сүргін көп көрген қазағыма,
Тарихта қай қатер төнбеп еді?!

Бәрін жеңіп жетті ақыр дербестікке,
Іске асып Ғабенің көздегені.

2002 ж.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

ҒАБИТ АҒА ЖҰЗГЕ КЕЛДІ

Сонымен, Ғабит аға, жұзге келдің,
Ғұмыр кештің бақытын іздең елдің.
Отанды отты жырға бөледің сен,
Батаңды соңыңа ерген бізге бердің.
Аяулы Ғабит аға, жұзге келдің,
Сен өлсөң ел арманын іздең өлдің.
Көгерсөң елмен бірге көгердің сен,
Ту қадап биғіне ізгі өнердің.
Би ағаң құттықтады елден бұрын,
Нұрымен сипап өтті қеуденәнді күн.
Өнердің аспанында еркін ұшар
Көрді жүрт кереметтің келгендігін.
Кеуденән көтерілген алау да асқақ,
Жетпеді дегеніне қарау жасқап.
Мұхтар да тұлпарыңың тұлғасына
Сүйсініп қарал еді-ау сонау баста-ақ.
Әз ұя жас қыранды көп бөгемес,
Оралмай кетсе және өкпелемес.
Ғабиттің жүрегінен туған жырға
Сәбит те сәлем бермей өткен емес.
Бүгін біз атыңды айтып дулас жүрміз,
Бітпейтін мерекеміз, думан жүрміз.
Жас Қозы өзің едің, Ғабит аға,
Баян да қиялыңнан туған жұлдыз.
Орнына қойып жатыр заман бәрін
Уақыттың озғандығы оған мәлім.
Қодар да, Қарабай да дүниеде
Өзіңнің жек көретін адамдарың.

Көп еді-ау айтылмаған арманың да,
Бұлбұлың сайрайды елдің бар бағында.
Сахнадан саңқылдады Ақан серің
Өзің сері бола алмай қалғаныңда.
Ұлының ұға ала ма мұз жүректер,
Жалғайтын жаңа, ескіні Сіз бір өткел.
Алыстап Ақтоқтылар кете барды,
Жолықпай жолға түсті Қызы Жібектер.
Махабbat үшін туған сұлу жігіт
Жүректің қартаймасын ұғындырып,
Бөледің жақсылыққа дүниені,
Сесіңмен жамандықты ұрып жығып.
Жеріне өртөң барап, бүгін бардың,
Өмірдің мұңын да алдың, жырын да алдың.
Жігіт бол Алматыда өмір кештің
Көзінің жауын алып сұлулардың.
Үйреттің бүкпей басты тік ұстауды,
Үйреттің өзінді-өзің дұрыстауды.
Шал болып таяқ ұстап жүргеннен де
Ұннатьын, тауға шығып тыныстауды.
Жарасқан көктем сайын гүлдеу баққа,
Кінә ғой жігіт болып мінбеу де атқа.
Бір күні кетіп қалдың сен де тауға,
Сәбит пен Ғабидендер жүрген жаққа.
Тіршілік бір ұзақ жол, бәрі бекет,
Тоқтамай біздерден де әрі кетед.
Өзің айт алғы сөзді, асыл аға,
Тойыңың отырғызыдық төрінө әкеп.

2002 ж.

Сәкен ИМАНАСОВ

ҒАБИТ АҒА

БІРІНШІ ӨЛЕҢ

Қалпыңда бірде керден, бірде менмен,
Ұқсамай өзгелерге күнде көрген.

Қайда да биігірек тұруши едің
Айнала биікпіз деп жүрген елден.
Құйылып көмекейден дара тілді ән,
Кісі едің Кісіліктен жаратылған,
Ерлік – от алдында да сен жүріп ең,
Зенбірек аузында да әр атылған.
Ұқтырып ұлтыңа тән ерлік барын,
Бұққанда ұлық біткен, сен бұқпадың,
От-жалын өзегінен өрт шығара,
Ішіне жия келіп шер ғып бәрін,
Бүйірып мәндайыңа үзіп бақыт,
Шығардың соның бәрін сыйдақтатып.
(Көлкіген сорпа-судың арасында
Әр сөзің тұруши еді-ау тұздық татып).
Жетті ме, жетпеді ме баққа қолың,
Далаға кетпеді тек атқан оғың,
Қыжырттың қазақты да қаншама бір
Туысқа тарпаң, асау, жатқа момын.
Серілік селдіреп-ақ қалды ма деп,
Ақаннан жүқтү ма әлде салдық әдет, -
Әйтеуір, дүшпаның да, ішітарың да
Жұғінбей кеткен емес алдыңа кеп.
Еншіңе елден ерек тиіп ерлік,
Шарт сынар шағынды да жиі көрдік.
Ағатай, жан едің-ау
Жасаганның
Біз үшін бере салған сыйы дерлік.
Берсе деп қысылғанда өзініз дем,
Қауышам күніге бір сөзінізбен.
Дарасыз, Қайран Ғаба,
Сондықтан да
Барасыз бұл-бұл ұшып көзімізден!..

ЕКІНШІ ӨЛЕҢ

Отын барып үрлеймін деп өзгенің,
У бол бойға тарады ма өз демің?
Сал-серісін жырлап кеттің қазақтың,
Қыз да құшқан, құздан ұшқан кездерін.

Кесек бітер кеменгердің ойымен
Сен өзің де серлікке бейім ең.
Басыңа бақ қонғаның да біледі ел,
Кездеріңнің болғаның да кейіген.

Дәүіріңнің тақылдаған таңдайы ең,
Оқса тәсер маңдайы едің, ардай ең,
Іріп-шіріп бара жатқан заманға,
Жасарыңды білмей кеттің қандай ем.

... Туды, Ғаба, Сіз аңсаған күніміз,
Сізден де асқақ естіледі үніміз.
Қатардан да қалған жоқпыз, тек қана,
Ғабит бола алған жоқпыз біріміз!

2002 ж.

Қажытай ИЛИЯСҰЛЫ

ҒАБЕҢНІҢ ҚАЛПЫ (F. Мұсіреповке)

Тұмысы – маңғаз, келбеті – кесек, маңдайлы,
Қымылы – кербез, тынысы – күй талғайды.
Көзілдіріктің қара күренін кимесе,
Басқасын тіпті тегін берсең де алмайды.
Дүниенің ұсақтығынан бейхабар,
Біреуге мал, ал біреуге жан қайғы.

Қиғаштау қасы болымсыз ғана түріліп,
Нәрлі ойыңа еңсерілсе, бұрылып.
Ары қарай жауабында жататын,
Төгілген зердей, жеті қат жерде ірілік.
Мысқылмен күлдіргенде маңайын,
Кететіндей өлген адам тіріліп.

Киініп мұздай, шашын тік жарып шекеден,
Жұпары аңқып, мұрыныңды жарса не етер ең?!
Шаршы топтан сұрылып сейлесе,

Бағытыңнан бұрылып та кетер ең.
Жазушылар қолдап, қоршап алатын
Ғабендей күнде келгендей-ақ Меккеден.

БІР АУЫЗ СӨЗ

(F. Мұсірепов рухына)

Жақсының еркі жаманға тиген мезгілде,
Ел-жұрттың тонап, есіріп алған ез мұлде.
Кесегін – ұсақ, шешенін – қырты билесе,
Адамның қалай азатындығын сездің бе?..
Көкіректегі сау болса, қараышқтары,
Шарасына не сыйдырмасын көз күнде?!

Жазадай жайсыз, қазадай қатал бәләнді,
Менсінбей өткен еркекті тыңда, ал өнді!
“Бейімбет жау ма?
Мен де жаумын”, – деп салған
Кімге тенерсің жүргегі түкті Ғабендей.
Әлім мен өмір ұстараның жүзінде,
Ғабенше ойлап, Ғабенше көрсөң әлемді.

Өсірген жері, көсілген төрі нұрланғыр,
Тазалығының мысалы ғой бүл – мыңнан бір.
Арыстанның аузында тұрып сейлейтін,
Ерлердің жаны ар-намыс үшін хұрбан дүр.
Жұртынан барып, құлқына бағып толғанса,
Құнығатындаидай, құйылатындаидай жырдан-жыр.

Билігі барды әспенсіткенде тоқтығы,
“Биіктейді” екен аласаның да шоқтығы.
Бәйге алғандар мен
қайғы алғандарды ойласақ,
Сүм заманың да, бүл заманың да көп міні...
Арманың бар ма, әділқазылар тобынан,
Білінбей тұрса, Ер Ғабенің жоқтығы.

2002 ж.

ЗЕРЛІ СӨЗДІҢ МЕРГЕНІ

Қазағым, қызың сұлу, ұлың мықты,
Толқытқан төрт мұхит пен құрылышты.
Даланың даналарын әлем танып
Құрметпен беті бері бұрышыпты.
Әдебиет әлеміне келген жастар
Мұхаңың мұхитына шомылышты.
Ғабеңнің орманында ойға батып
Сәбеңнің жайлауында жылыныпты!

Ғабеңнің сөзі жанды ғүлдей болар,
Жарқ етіп бүлттан шыққан күндей болар.
Әлемде асып туған қаламгердің,
Қайсымен қатар қойсаң бірдей болар!

Ғабең мен Сәбең туыс, егіз еді,
Ақыл-ой, сезім-күйдің теңізі еді.
Толыбай, Қожаберген түп-тамыры,
Алашқа сері атаңған Сегіз еді.
Осынау ұлылардың дара туғаң,
Солтүстік топырағы негізі еді.
Алақандай ауылда бәрі бірдей,
Апырмай, қалай туған дегізеді!

Ежелден Солтүстігім жел өтінде,
Елестей ескі күндер ел есінде.
Қазаққа үйірілген қара бүлттар,
Алдымен Солтүстікке төнегін де.

Ыңғырық Солтүстіктен жел еседі,
Бұлт көшіп, жер көгеріп, ел өседі.
Көрешегі көп елдің көзін ашып
Сенгені келешек пен кеңес еді.
Кеңес те кейін қалып, азат елдің
Алдында тұр бөлекше белес енді.

Тамыр мен тегін сақтап қалған халық
Еңсесін тіктеп жүрпен теңеседі!

Тоқтаусыз зырылдайды мәңгі жалған,
Шығады өмір-ұміт тағы да алдан.
Бұл жерде Есенейдің ерлігі мен
Сыңсыған Ұлпан қыздың әні қалған.
Батырдың саусағынан сусып кеткен
Тізгінді түсірместен қағып алған.
Айтады ескі анызды ел жүйелеп,
Елдің сөзін Ғабендей ер жүйелеп.
Арманда ер Есеней өткен кезде,
Ұлпан қызы қалған екен елге ие бол.
Ұлпанның осы күнгі кей сіңлісі
Басына жүрген жоқ па сөз қүйелеп.
Сүйеніш болмақ түгілі азаматқа
Күйдіріп жүрген жоқ па көзге үймелеп!

Қарамай хан-қараның қаһарына,
Көнбекен көгенделіп, маталуға.
Ғабенің қаламынан қайта туып,
Аттанған мәңгіліктің сапарына.
Қыздары қазағымның көз тартады,
Әлемдік арулардың қатарында!

Қазақтың еркін өскен ат жалында,
Даласы оранғанда от жалынға.
Өлкесі оянғанға қуанса да,
Жырлаған кете ме деп жат қолында!
Көсемсіп күн ашықта қойқаңдаған,
Талайлар дауыл соқса байпаңдаған.
Сол кезде жаны күйген жап-жас Ғабен
Сеніммен алған беттен қайта алмаған.
Бейімбет жау болса егер, мен де жау деп,
Тажалдан тура келген тайсалмаған.
Патша келсе қозғалмас теңіз-мінез,
Теренжен тебіренбей шайқалмаған.
Қазақтың тілі жайлы қысым көрген
Заманда ешкім ашып айта алмаған.

Алаштың аруағы үшін айбат шегіп
Тұбінен тасқұлақтың айқайлаған!
Қазаққа қара сөзді бесік етіп,
Тұнегін тас қеуденің тесіп өтіп,
Ескірмес есті сөзін оқығанда,
Естілөр ойға батқан есі кетіп.
Алаштың аспанында жасай бермек
Мәңгілік мұзарт шыңдай Мұсірепов!
Мемлекеттің мәйегі,
Ұйтқысы болған ұлтының
Ұяты болған жұртының.
Ғабен сөздің зергері.
Мұлт жібермес мергені.
Қазына болды халқына
Көргені мен тергені.
Елесі болып өткеннің
Есінде елдің сақталар
Өлшеусіз еткен еңбегі!

Сөзінің аумас орайы
Шебердің шыққан қолынан
Он екі өрім қамшыдан .
Тұнғиқ түпсіз теңіздей
Танылған дәмі тамшыдан .
Сыны кетіп көрмеген
Соқса да дауыл қарсыдан .
Тайпалта тартқан тараңқа
Тайсалмай қатал талқыдан .
Сарапқа түссе шын асыл
Төмендемес нарқынан .
Жасқанып сірә көрмеген
Патша мен паңның парқынан .
Ай-әлемнің алдында
Асықтай түскен алшыдан .
Үлгісін көріп ұлылық
Өркендер өскен артынан .
Ғабендей ұлды тудырған
Айналдым дархан халқымнан!!!

2002 ж.

ҚОС ЖҰЛДЫЗ

(Баллада)

Жазира, жаздың майда бір кеші еді,
Шалғынмен жүрген адам гүл кешеді.
Сарыарқа самалымен сусындаған,
Көңілі-ай, жас сәбидей күнде өседі.
Тұмаса осынау жерде Сәбит, Ғабит -
Тап мұндай сұлулықты ел білмес еді.

Жәннат жер қайда да көп көзді арбаған,
Жаңынды соның бәрі қозғар ма әман.
Қаншама асыл жайында шежіредей -
Аңыз бол айтылардай сөз қалмаған.
Бабалардан жалғасып балаларға -
Басынан талайлардың озған ғалам.

Ірім бе деп ойлаймын, пірім бе деп...
Сыйынсам, көтерердей жырымды ерек.
Екеуі екішыңыңдай Алаатудың -
Елестету, сірә да, мүмкін емес,
Қос шырақтың бірінен бірін бөлек.

Айыра бастағаннан ақ-қараны,
Жазғандарын келеміз жаттап әлі.
Сәбиті бар елміз деп, Ғабиті бар,
Бар қазақ үлдарымен мақтанады.
Айбынды екі арысы, екеуінсіз,
Ашылмай қалар ма еді бақ-таланы...

Арқаның жел тербеген дала гүлі,
Көзді арбар көркем өлең - тау адры.
Көктемдегі көшкіндегі көз алдымда,
Тоғысып жатыр жөңкіп бар ағыны.
Айналып оралғандай бала күні -
Отырды ойға батып, қайран Ғабен,
Қас-қағымдай екен-ау, қандай қысқа,
Сексен менен сегіздің аралығы.

Алыстағы сағымдай мұнарланып,
Біртүрлі шұбарланып бара ма үні?..

Байқап ем келген бойда-ақ, бағана мен,
Сағыныш сарғайтты ма сананы әрен...
Қашама қауышса да қаламенең,
Көнілі қалғып барып оянды ма,
Адасып тапқандай-ақ Ананы әрен,
Балаға қандай ыстық Ана деген,
Данаға қандай ыстық дала деген!
Қызығып кереметтей келбетіне,
Аққудай айдындағы тербетіле...
Жұлдыздың жанарымен қарады әлем.

Шарқ ұрып сан қиялдың жетегінде,
Шарлаған алыс-жақын шет елінде,
Енді үқты таңданудың бекерін де,
Меккеге құнде барып қайтса-дағы,
Өткізген бір сәтіне жетпейді екең,
Қасиетті ата-баба мекенінде.
Шын үққандай құдіреттің не екенін де!
Ол, бәлкім, ойлады ма осы сапар,
Қоштасып ақтық рет кетерін де.

Әсіре әшекейге төзбес әман,
Айтулы маңғаз қалпы, сөзге сараң.
Сол кеште ақтарылды-ау жұрт көзінде,
Біз білмес шыға келді өзгеше адам.

Қоймайтын жамандыққа жаны ұялай,
Сыр тербел отырды бір қариядай.
Ай, жұлдыз аспандағы құлақ түрді,
Жұрт кейде күніренді, жылап-құлді...
Армансыз ағылды-ау бір дариядай,
Сырдың кеші ұласып жыр кешіне
Көрінді сән үядай, ән үядай.

Ақтарылды Сәбен мен Мұхан жайлы...
Қай кеуде көр болмаса тұтанбайды.

Көгілдір сөгілгендей кәбесінен,
Гүлдің де мәлдіреген бүрі ашылды,
Кемілген көмбелердей мұра сынды.

Емен де бүршік жарды, арша көктеп.
Артта алыс жылдар қалды жұмбағы көп,
Құбылып көңілдерді дел-сал еткен.
Қанша жаз содан бері, қанша көктем...
Қоштасып отырды ма туған жермен,
Шет жайлап өмір бойы аңсан өткен.
Тағдырының тылсымын іздейтіндей,
Әр жаққа алып ұшқан әр себеппен.

Аялап сал сезімін құсбегіндей,
Сексенде серпін атып, құш кемімей,
Ұшқындал ойларынан от өргендей,
Бал сезім жерден басын көтергендей,
Бір сөзі бір сезінен түскен үдей.

Қызығын тіршіліктің шеттеп көріп,
Із-түзсіз бәз біреудей кетпепті өліп.
Тірлігінде-ақ айналған аты аңызға,
Жүргендей әлі күнге ортамызда,
Ауыл, көше, сәулетті мектеп болып...

Аспанмен астастырып биiktігін,
Әр сезінен даланың жиып гүлін.
Қойғандай Кеңсайға емес, қалың елі,
Қастерлеп жүргегің сүйікті ұлын.
Ғабенің оттай ыстық құшағына,
Бәріміз жүргендейміз сыйып бүгін.

Жасаған қиянаты жоқ біреуге,
Қиянат - осы өмірден деу де.
Қара сөзден кеткендей қамал соғып,
Алауы басылмайтын отты қеуде.
Данадай даңқы биік Қек тіреуде!
Тебіренбей журе алар ма ел дегенде ер,

Еміренбей тұра алар ма ер дегенде ел
Сәбен менен Ғабенді қатар туып,
Ән-бесікте аялап тербеген жер,
Тербеген жер, көнілімде көлбекен жер!

Мұнартып көз алдыымда өрден сағым,
Тұрардай ауып әр кез елге ансарым.
Ғабенді әз анадай тербеген жер,
Мені де тербейтіндей келген сайын,
Ай жүзі ажарланып көрген сайын.

Сәбит, Ғабит! Бірі - іні, бірі - ағадай,
Ғасырмен қатар туған ғұламадай.
Екеуін тербеген жер - Алтын бесік,
Екеуін өсірген Ел - Ұлы Анадай!

Тілден терең, тұңғиық теңіз жоқ деп,
Егіз туған жандардай, егіз көктеп...
Ел мерейін қөтерген бірге жүріп,
Өнөрге де өлмestей егіз бол кеп.

Жинасам сол Анаға ғалам жырын,
Сыйласам жер-жаһанның тамам гүлін.
Тебіреніп, жас баланың күйін кешем,
Аз болып көрінердей маган бүтін.

Ақын ба толқымаған, шалқымаған...
Шабыттана бермейді әр күні адам.
Қос жұлдыздай тұа ғап бір мезгілде,
Қазағымның көгінде жарқыраған.

Ақ сарайдай алдыымнан ашылатын,
Ақша нұрдай әр қырдан шашылатын,
Дос түгілі, дұшпан да бас ұратын,
Сәбит, Ғабит ғасыры десек еді,
Қос жұлдыз қатар жанған Ғасыр атын!

2002 ж.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ АҒАМЕН СЫРЛАСУ

Қаламынан нәр тамызған, бал тамызған қаламгер,
Қасиетінді жыр етейін шабытыңды маған бер.
Қазағымның қара сөзін қазанында қайнатқан,
Құдіретіне құлдық ұрып, береді ғой бағаңды ел.

Жоқ-ая, сірә, кең ойыңа, өн бойыңа тағар мін,
Уақыт, шіркін, өткен сайын, көктем сайын жаңардың.
Қос бармақпен қаламды ұсташа оңай болып тұрса да,
Оңай емес қаламменен қамын ойлау заманның.

Тұлпар - ойды, сөз - бәйгеден қалмадыңыз қаңтарып,
Жазушылық асулдрдан саспадыңыз жалтарып.
Ғабит аға, өзіңізді мақтамаймыз дәріптеп,
Өзіңізбен мақтанамыз, біздегі осы шарт анық.

Өзіңізден оқып шықтық әңгімелер желісін,
Секілді олар мәуелі бақ мәңгі берер жемісін.
Әсіресе ана жайлы небір ойлар аңғартар,
Ана деген жан екен ғой тәрбиелер ел ішін.

Зейнолла аға сіз туралы пікір айтқан тауып тым,
Кекейінен жол тапты ғой сол бір пікір халықтың.
Мұхтар аға Ұлы Абайдың ұлылығын танытса,
Ғабит аға, сіз Ананың ұлылығын таныттың.

Бұл қазағым әрқашанда кеменгерге кенде емес,
Кеменгерсіз бұл заманда өркениет өрлемес.
Ана жайлы сізден оқып абзал ойлар жүйесін,
Адамшылық шарбатына бұл қазағым шөлдемес.

2002 ж.

**АЛТЫН ҚАЛАМ
немесе Мұсірепов мұражайындағы
толғаныс**

Алтын қалам,
Жан серігі-ең Ғабаңның жарқылдаған,
Келген сайын кенөлем қуанышқа,
Секілдісің қалдырған тарту маған.
Алтын қалам,
Тұрақтапсың осында қалпында аман.
Мұнаямын қимастық сезімменен,
Сыр қалды-ау деп сиянда сарқылмаған.

Алтын қалам,
Алтыннан да ардақты нарқың маған,
Мәңгілікке бет алды маржан сөздер,
Күесісің сезімге сан тулаған.
Алтын қалам,
Кездерің де аз шығар шарқ ұрмаған,
Алыптардың көшіне мен де ілестім,
Ақ парапқа із салдым там-тұмдаған.

Алтын қалам,
Ойларыңды оқымын саңқылдаған.
“Жұз ойланып, қуніне мың толған” деп,
Қоярдайсың Ғабаңның шартын маған.
Алтын қалам,
Оңашада ой бақсам, жан сыздаған,
Сүйенемін қауырсын қаламыма,
Көкірегімнен көшеді сансыз ғалам.

Алтын қалам,
Әмір-өзен алға асар тартылмаған.
Көзіндей боп Ғабаңның сан ұрпаққа
Сыр шерте бер осынау қалпында аман...
Алтын Қалам!

2007 ж.

ҒАБЕҢ ҒИБРАТЫ

(F. Mұсіреповті оқығанда туған ойлар)

Оймақтай ой, сүйем сезім әүресі,
Тәңір өзі кешсін кетсем сәл ағат,
“Сөзге сөздің түскен кезде сәулесі, -
Дейді Ғабен, - жарық шашсын ғаламат!”.

Бізге тылсым бір құдірет құштен бе,
Аспан мен жер кетер кейде астасып.
“Сөзге сөздің көлеңкесі түскенде, -
Дейді Ғабен, – қара түнек баспасын!”

Айға қолың жетер, жетпес – мәңгі соз,
Өмір өзі толтырады олқысын.
“Әдебиет - ең әуелі жанды сөз, -
Дейді Ғабен, - өр өзендей толқысын!”.

Бәрін екшеп, бағасын бер бүгін дәл,
Жанға дәру жақсы сөз де жылу, құт.
“Көркем ойдың ұлылығын ұғындар, -
Дейді Ғабен, - ойландырысын сұлуплық!”.

Қара тасқа қарағанда түнді сез,
Тіршіліктің түйткілі көп, сұрағы.
“...Бояулы сөз, теңеулі сөз, үнді сөз, -
Дейді Ғабен, – бейнелеудің құралы!”

Дала жырын таулар үнсіз тыңдасын,
Көлігі жоқ болса егер көшке сын.
“Бозаңданып, тілдің қыры сынбасын, -
Дейді Ғабен, – сөздің мөрі өшпесін!”

2007 ж.

АЛТЫН ҚАЛАМ

*Ғабеке, анда-санда Сізді көрем,
Сізді көрсем, жомарт бір күзді көрем...
Мұқағали.
(F. Мұсіреповке арнау өлеңінен).*

Мұқағали мұң шаққан жоқ мұндарға,
Мұнсыз мұндар ұлы ақынды тыңдар ма.
Ғапыл дүние сырын кіммен бөліссін,
Ғабен-сынды сөз зергері тұрғанда.

Өз үйінде Ғабен сырбаз қалпында,
Радиодан өлең тыңдап, ән тыңдап
Отырғанда Мұқағали кіріп кеп,
Жыр оқыды алдаспандай жарқылдап.

Сәлем берді қара сөзге қанатты,
Қара сөз де қабакқа мұң қамапты.
Оңашада ой бөлісті қос алып,
Талант қана таниды ғой талантты.

Жыр оқыды толқын-толқын, тізбектеп,
Жыр оқыды Ғабенді өзі іздел кеп.
“Айналасы өлең сөзді үқласа,
Асыл сөзден ақын қудер үзбек” -деп.

Мұнын шақты Мұқағали Ғабене,
Онда тұрған құпия жоқ дәнеңе:
Сөз қадірін түсінгендер азайып,
Өлең сөзден өше ме деп өнеге...

Мұқағали өлеңдерін бағалап,
Ғабен ылғи сүйсінетін қабагат.
Дәл мынадай екеуара ой кешу,
Дидарласу - өле м ашты ғаламат.

“Үлкен ақын Мұқағали дау бар ма?
Уитменді қалай шебер аударған...
Қара өлеңнің қасиетін шын ұғып,
Дантеменен шыққан екен занғарға” ...”

Ғабен жи “Беломорды” тұтатты,
Өзі жонған қолына алып бұтақты...
“Ақкулардың...” қолжазбасын параптап,
Арасында “Браво!” деп тіл қатты...

Өлең оқып, Мұқағали өр, асыл,
Өрнек ашып өзгеше бір жарасым.
Ғұмыр мәнін өлшеп қойған ақынға,
Ғабен сонда ұзақ сыйнай қарасын.

Мұқағали сырын төгіп, жырын да,
Бата күтіп отыр, бәлкім, ырымдал.
Шым-шым ойға батты өзі, жүретің,
“Шалға келіп жолықсам” деп, бұрын да.

“Сөзден сарай соққан асыл қазынам,
Саған ауыр тимесе екен базынам.
Кештеу келіп, мазаласам, кешіргің,
Ғашық едім сиқыр сөздің сазына!..”.

Екеуара ұғысқандай қабақтан,
Екеүін де Алла ерек жаратқан.
Сөзге сөздің көле ңкесін түсірмей,
Көздегенің мұлт жібермей, дәл атқан..

Сөйлер сөзін,
Аңдал басқан қадамың,
Көнілімен танитуғын адамың.
Ғабен сонда бір-ак ауыз сөз айтты:
“Мұқағали, мұқалмасын қаламың!”.

Түсінікті Мұқанның да қүй, халі,
Тіршілікте дүнияға сыймады.

Отты жырдың ордасы бол дегендей,
Ғабең оған Алтын қалам сыйлады!

Бұл баллада - жыр-тағым деп санаңдар,
Ұлылардан ұлағат ал, жарандар.
Қарасазда - музейінде Мұқанның
Жарық шашып түрған Алтын қалам бар!

2011 ж.

МАЗМҰНЫ

Ә. Қайырбеков. Арнау сез..... 3

1950-1959

Ә. Сәрсенбаев. "Вагондағы би".....	5
М. Әлімбаев. "Өзің қанат қақтырдың".....	6
Ә. Оңалбаев. "Мұсірепов Ғабитке".....	7
Б. Аманшин. "Ақын шаттығы".....	9
М. Сарикова. "Ғабит ағаға".....	9
Қ. Шаңғытбаев. "Түркістан".....	10

1960-1969

С. Мәуленов. "Қаратай".....	12
С. Бегалин. "Әдебиет төрінде".....	13
Е. Қандеков. "Алпыс түгіл жүзге жет".....	14
Е. Зікібаев. "Шашу".....	15
Ф. Қайырбеков. "Мұнара туралы ой".....	15
К. Әзірбаев. "Ғабитке".....	16
Е. Зоря. "Ғабит Мұсіреповке".....	17

1970-1979

Д. Әбілев. "Шеру тартып бір келеміз"	18
Ғ. Орманов. "Ғабене".....	19
Ж. Нұрқанов. "Ғажап адам".....	19
Г. Адамбаева. "Ғабене".....	20
А. Манабаев. "Әсемдеп мәңгілікке соқтың сарай".....	21
М. Әшірбеков. "Ардақты інім Ғабитке".....	22
С. Хангелдин. "Сөз зергері".....	23
Т. Молдагалиев. "Інілік ілтипат"	23
Қ. Мырзалиев. "Ұстаз".....	24
Ф. Оңгарсынова. "Ақ тілек".....	25
Ә. Жәмішев. "Жақсы ағалар".....	26
С. Машақов. "Шебер".....	27
А. Мекебаев. "Шуақ"	27
Қ. Данабаев. "Той құнгі сөз"	28
Ф. Қайырбеков. "Ғабене"	29
С. Жиенбаев. "Саған қарал.."	31
Ә. Сөүірбаев. "Ұрпақ сөзі"	32
I. Жарылғапов. "Ғабит ағаға"	33
Ж. Жақыпбаев. "Ағаға"	35

О. Аймағамбетов. "Арнау"	35
М. Әшірбеков. "Қыз Жібек"	37
Ж. Боранбаев. "Шың басында"	38
М. Айнабеков. "Ғабене"	39
Р. Аяпбергенұлы . "Жүйрік"	39
Ұ. Есдәuletов. "Ана туралы"	39
Е. Ибраһим. "Жасай бер талай жетпіс жас"	41
Ә. Қонарбаев. "Ұлы сөздің ұстасы"	42
С. Мәуленов. "Елтінжал"	43
М. Хакімжанова. "Қадірлесім, бауырым!"	46
I. Жарылғапов. "Асыл сөздің зергері"	47
М. Рәшев. "Жұлдызды Ғабен"	47
М. Мақатаев. "Ғабаңа"	49
Х. Абдуллин. "Ақын"	50
F. Қайырбеков. "Жұлдызды аға"	55
С. Тұрғынбеков. "Алтын жұлдызды адам"	56
М. Әлімбаев. "Бар оның ғасырларға тыңдатары"	57
Қ. Жұмағалиев. "Бір өзі бір дәүірдей"	58
Р. Өтегенов. "Ұрпағыңыз ғасырларға апарар"	59
К. Мырзабеков. "Кәл, кәл, кәл!..."	59
О. Әубекіров. "Бәйттерек"	60
Т. Қажыбаев. "Қырау қабақ қыраным"	61
Қ. Аманжолов. "Ғабенің жұлдызы"	62
С. Асанов. "Ғабит Мұсіреповке", "Замана тұр..."	62
Ә. Абайділданов. "Асыл аға"	64
Х. Ерғалиев. "Іні лебізі"	64
Т. Есімжанов. "Мұсірепов"	65
С. Мәуленов. "Шебер"	67
Т. Молдағалиев. "Ғабит аға туралы жыр"	68
Н. Оразов. "Құрметті, Ғабе!"	70
Ә. Сәүірбаев. "Үлкен жолда"	71
F. Қайырбеков. "F. Mұсірепов"	71
А. Ершуов. "Сексендегі серпін"	73
Ә. Тәжібаев. "Тойдағы тост"	74
Ә. Дәуренбеков. "Ғасыр үні"	75
М. Садыханов. "Сұнқар самғауы"	77
Т. Зіқірин. "Аға тойы – ел тойы"	77
Қ. Исалин. "Академик жазушы"	78

1980-1989

Қ. Мырзалиев. "Парасат пырағы"	79
Ж. Қалиасқаров. "Ассалаумагалейкум, Ғабит батыр!"	80

Е.Әукебаев. "Жолдарменен сіз жүрген".....	83
Р.Шотбаева. "Фабе".....	84
К.Ахметова. "Қадірлі Фабе аға!"	85
Ж.Өмірбеков. "Фабең туралы".....	85
Қ.Бекхожин. ?Ұстаз бейнен есімде".....	86
М.Ибраев. "Қыз Жібек" фильмінен әсер.....	89
Д.Қанатбаев. "Өшпес ғұмыр".....	90
М.Ахметов. "Сындарлы сын".....	91
I.Жарылғапов. "Сырбаз суреткер"	91
F.Қайырбеков. "Қош, аға!"	93
T.Молдагалиев. "Фабит аға".....	94
A.Көріпжанөулеті. "Жүргегіне ғалам сыйған"	97
C.Адамбеков. "Асықпай өтеп парызынды"	98
M.Шаханов. "Эверест"	98
Ж.Бедешев. "Фабит Мұсіреповтің портреті".....	99
Ш.Сариев. "Фабенмен алғаш кездесу".....	100
E.Жанымбетов. "Атамекен"	103

1990-1999

З.Әкімжанов. "Занғар"	105
Б.Қожахметов. "Жазушы туған жерінде"	106
Д.Қанатбаев. "Сол бір сәт"	107
Ж.Базарбаев. "Қызқарағай"	109
F.Қайырбеков. "Ағаны аңсау"	110
H.Исаҳметов. "Фабит Мұсірепов"	111
C.Қамшыгер. "Үлпанды" оқығаннан кейінгі ой"	113

2000- 2011

E.Зікібаев. "Фабитке", "Қайран, Фабем"	113
E.Аскаров . "Сұлулық әлемі"	118
K.Салықов. "Өзі сұлу, сөзі сұлу"	119
H.Айтұлы. "Соңында сөзі қалған"	120
Иран -Fайып. "Геракл"	123
H.Мәүкенұлы. "Сұңқар құсым"	126
Қ.Иса. "F.Мұсіреповке: Ақ қауырсын. От. Қоштасу"	128
Б.Жақып. "Елтінжал", "Сөз зергері"	131
З.Шілдебайұлы. "F Мұсіреповке нәмесе Ана тілі туралы"....	133.
M.Қанғожин. "Өзің барда", "Елтінжалда"	135
A.Арықбаев. "Білгін келсе Фабитті"	137
C.Оспанов. "Асыл Fабе!"	138
T.Сарыбайұлы. "Зергер"	139

М. Рәш. "Ғабеннің жебесі"	141
Н. Ораз. "Той дүбірі", "Ана тілдің әулиесі"	142
С. Тұрынбекұлы. "Серілердің сөркесі", "Тұлғалармен тілдесу"	145
Б. Үсенбаев. "Алыптардың сарқыты"	150
Қ. Рамазанов. "Аналардың анасын әспеттеген"	153
К. Шалқар. "Ғабит – ғазалдар"	157
Б. Ысқақ. "Сөз зергері", "Ғабит ағаның елінде"	160
Т. Қажыбаев. "Заңғар"	162
О. Асқар. "Қазақ Батыры"	164
Т. Молдағалиев. "Ғабит аға жүзге келді"	165
С. Иманасов. "Ғабит аға"	166
Қ. Ілиясұлы. "Ғабеннің қалпы", "Бір ауыз сөз"	168
Б.Әлімжанов. "Зерлі сөздің мергөні"	170
Е. Зікібаев. "Қос жұлдыз"	173
Ж. Райымов. "F.Мұсірепов ағамен сырласу"	177
С. Қажи. "Алтын қалам....."	178
Ә.Қайырбеков. "Ғабен ғибраты"..... "Алтын қалам"	179 180

ФАЖАЙЫП ФАБЕҢ

Ғабит Мұсіреповке арналған жырлар
(1950-2011)

ҒАЖАЙЫП ҒАБЕҢ

**Ғабит Мұсіреповке арналған жырлар
(1950-2011)**

**Редакторы Г. Жетпісқызы
Техникалық редакторы Р.Отарова
Комьютерде терген Ж.Таева**

Терімге 15.01.12. жіберілді.
Басуға 05.03.12. қол қойылды.
Пішімі 84 x 108 1/32. Офсеттік қағаз.
Есепті баспа табағы – 12,00.
Таралымы – 650 дана.
Тапсырыс 23

